

**А.И. Алдабергенова, А.Н. Елемисова**  
**Қазақстан Республикасының кәсіпкерлік құқығы**

Қостанай 2024

Ғылым және жоғары білім министрлігі  
«Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті» КЕАҚ  
Экономика және құқық факультеті  
Қылмыстық және азаматтық құқық пен процесс кафедрасы

**А.И. Алдабергенова, А.Н. Елемисова**

**Қазақстан Республикасының кәсіпкерлік құқығы**

Оқу-әдістемелік құрал

Қостанай 2024

**ӘОЖ 347.7 (574)**  
**КБЖ 67.404 (5Қаз)**  
**А 40**

**Авторлар:**

Алдабергенова Айгуль Ибрахимовна, қылмыстық және азаматтық құқық пен процесс кафедрасының аға оқытушысы, заң ғылымдарының магистрі  
Елемисова Анар Нурлановна, қылмыстық және азаматтық құқық пен процесс кафедрасының аға оқытушысы, заң ғылымдарының магистрі

**Рецензенттер:**

Атжанова Ж.С. – «ЧелМУ» ҚФ құқық кафедрасының профессоры, заң ғылымдарының кандидаты

Мизанбаев А.Е. – қылмыстық және азаматтық құқық пен процесс кафедрасының профессоры, заң ғылымдарының докторы

Хакимова Г.Е. – қылмыстық және азаматтық құқық пен процесс қауымдастырылған профессоры, заң ғылымдарының кандидаты

Алдабергенова А.И., Елемисова А.Н.

А 40 Қазақстан Республикасының кәсіпкерлік құқығы. Оқу-әдістемелік құрал. – Қостанай: Ахмет Байтұрсынұлы атындағы ҚӨУ, 2024. – 87 б.

ISBN 978-601-356-326-8

Қазақстан Республикасының кәсіпкерлік құқығы пәнінен оқу-әдістемелік құралы «Қазақстан Республикасының кәсіпкерлік құқығы» курсы бойынша дәріс және тәжірибелік сабақтарды өткізуге арналған дәріс материал, бақылау сұрақтары мен тест тапсырмалары жинақталған.

Аталған оқу-әдістемелік құралы Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университетінің 6В04201 Құқықтану білім беру бағдарламасы бойынша оқитын студенттер үшін және оқытушыларына арналған.

**ӘОЖ 347.7 (574)**  
**КБЖ 67.404 (5Қаз)**

Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университетінің Оқу-әдістемелік комиссиясымен 31.01.2024 жылы № 1 хаттамасымен бекітілген

ISBN 978-601-356-326-8

© Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2024  
© Алдабергенова А.И., Елемисова А.Н., 2024

## Мазмұны

Кіріспе.....	5
1 Кәсіпкерлік құқығының жалпы ережелері.....	6
1.1 Кәсіпкерлік құқығының түсінігі.....	6
1.1.1 Бақылау сұрақтары.....	14
1.1.2 Тест тапсырмалары.....	14
1.2 ҚР кәсіпкерліктің түрлері мен нысандары.....	16
1.2.1 Бақылау сұрақтары.....	17
1.2.2 Тест тапсырмалары.....	17
1.3 Жеке кәсіпкерлік.....	19
1.3.1 Бақылау сұрақтары.....	24
1.3.2 Тест тапсырмалары.....	24
1.4 Заңды тұлғалардың кәсіпкерлігі.....	27
1.4.1 Бақылау сұрақтары.....	35
1.4.2 Тест тапсырмалары.....	35
1.5 Мемлекеттік кәсіпкерліктің нысандары.....	37
1.5.1 Бақылау сұрақтары.....	40
1.5.2 Тест тапсырмалары.....	40
2 Кәсіпкерлік келісімдер жүйесі.....	42
2.1 Кәсіпкерлік саласында шаруашылық байланыстарды ұйымдастыру ерекшеліктері.....	42
2.1.1 Бақылау сұрақтары.....	59
2.1.2 Тест тапсырмалары.....	59
2.2 Кәсіпкерлік қызметті мемлекеттік реттеу.....	61
2.2.1 Бақылау сұрақтары.....	65
2.2.2 Тест тапсырмалары.....	65
2.3 Кәсіпкерлік қызметті мемлекеттік қолдау.....	67
2.3.1 Бақылау сұрақтары.....	70
2.3.2 Тест тапсырмалары.....	70
2.4 Бәсекелестік құқығының негіздері.....	73
2.4.1 Бақылау сұрақтары.....	80
2.4.2 Тест тапсырмалары.....	80
2.5 Тұтынушылардың құқықтарын қорғау.....	82
2.5.1 Бақылау сұрақтары.....	84
2.5.2 Тест тапсырмалары.....	85
Пайдаланылған әдебиттер тізімі.....	87

## Кіріспе

«Қазақстан Республикасының кәсіпкерлік құқығы» таңдамалы кәсіби пән болып табылады.

Аталған пән Қазақстан Республикасының азаматтық пен кәсіпкерлік кодексінің ережелерін, сонымен қатар кәсіпкерлік қатынастарын реттейтін өзге заңдар мен заңға бағынышты актілерді басшылыққа ала отырып дайындалған. Осы басылым кәсіпкерлік құқық бойынша дәріс материал, бақылау сұрақтары мен тест тапсырмаларының жинағы болып табылады. Оқулықтың мазмұны ҚР кәсіпкерліктің түрлері мен нысандарын дәстүрлі түсінуге және кәсіпкерлік құқық ғылымында қабылданған оларды зерттеу дәйектілігіне негізделген. Кәсіпкерлік құқықтың жалпы ережелерін қамтиды, кәсіпкерлік саласында шаруашылық байланыстарды ұйымдастыру ерекшеліктері қарастырылады, ал олардың ең көп тарағандары толығырақ талданады.

Оқу құралының басты мақсаты – білімалушыларға кәсіпкерлік құқық мәселелері бойынша негізгі теориялық білімді меңгеруге көмектесу, кәсіпкерлік шеңберінде қалыптасатын әр түрлі жағдайлар бойынша қолданыстағы заңнамаға бағдар ала білу.

Негізгі міндеттердің бірі ретінде мыналарды көздесе болады:

- кәсіпкерлік қатынастарын құқықтық реттеу саласындағы білім жүйесін меңгеру;

- негізгі әдістер арқылы кәсіпкерлік құқықты лайықты шеңберінде зерттеу туралы заңнама нормаларын қолдану тәжірибелік дағдыларын қалыптастыру;

- кәсіпкерлік құқық мәселелері бойынша өз көзқарасын білдіру және қорғау саласында заңдылықты нығайту болып табылады.

Аталған оқу-әдістемелік құралында Қазақстан Республикасының кәсіпкерлік құқығы бойынша дәріс, тәжірибелік сабақтарын және білімалушылардың өзіндік жұмыстарын жасауға арналған дәріс материал, бақылау сұрақтары мен тест тапсырмалары жинақталған. Оқу құралының басты мақсаты білімалушыларға курстың маңызды сұрақтарын меңгеруге көмектесу және жинақта келтіріліген тәжірибелік тапсырмаларды орындау арқылы кәсіпкерлік заңнамасы мен өзге де нормативтік материалдарды тәжірибе жүзінде дұрыс қолдануға білімалушыларды бейімдеп, үйрету болып табылады.

## **1-Модуль. Кәсіпкерлік құқығының жалпы ережелері**

### **Тақырып 1.1. Кәсіпкерлік құқығының түсінігі**

Сабақтың мақсаты: ҚР кәсіпкерлік құқығының оқу пәні ретінде туралы білімдерді қалыптастыру, оның құқықтық білімдер жүйесіндегі орнын анықтау.

Жоспар:

1. ҚР кәсіпкерлік құқығының түсінігі, пәні.
2. Кәсіпкерлік қатынастарды құқықтық реттеудің әдістері.
3. ҚР кәсіпкерлік құқығының принциптері, қайнар көздері.
4. Кәсіпкерліктің түсінігі, оны жүзеге асырудың қағидаттары.

#### **1. Қазақстан Республикасы кәсіпкерлік құқығының түсінігі, пәні**

Қазақстан Республикасының кәсіпкерлік құқығы – бұл кешенді оқу пәні, оның құрамына ұлттық құқық жүйесінің кейбір нормалары мен институттары кіреді (азаматтық, қаржылық, еңбек, жер, банктік, салықтық және өзге де құқық салаларының). ҚР кәсіпкерлік құқығы - бұл кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру барысында қалыптасатын қоғамдық қатынастарды реттейтін құқықтық нормалардың жиынтығы.

Рынок экономикасы жағдайында шаруашылық байланыстардың күрделілігі мен санқырлысы мамандардан құқықтық білімдерді талап етеді. Дәл осындай кезде экономикалық және құқықтық білімдерді синтездеуге қабілетті мамандар қажет, бұл барлық мамандардың құқықтық дайындығының маңызын белгілейді. Мысалы, экономикалық категорияларды білмейтін заңгер экономикалық дауларды шеше алмайды, ал кадрлармен жұмыс істейтін менеджер еңбек заңнамасын білмей өзінің міндеттерін атқара алмайды. Осы айтылған жағдай кәсіби жоғары білім аламын деген барлық мамандардан құқықтық білімдерді талап етеді.

Қазақстанда рынок экономикасын құру бұрын болмаған кәсіпкерлік қызметті реттейтін нормативтік құқықтық базаны қалыптастыру және оны жүйелі түрде одан әрі жетілдірумен байланысты болды. Бұл кәсіпкерлік құқығының пән ретінде қайта қалыптасуына себеп болды, кенес дәуірінде ол «шаруашылық құқық» деп аталып келді, бірақ оның мазмұны жоспарлы социалистік экономикасының мәселелеріне бағытталған болатын. Жаңа кәсіпкерлік құқығының оқу пәні ретіндегі құрылымдық мазмұны осы кезге дейін заңгер-ғалымдардың дауларының объектісі.

Кәсіпкерлік құқығының пәні ретінде кәсіпкерлік қатынастар болып табылады. Кәсіпкерлік қатынастар деп кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру барысында қалыптасатын қоғамдық қатынастарды, сонымен қатар оларға тығыз байланысты өзге де қатынастарды атайды. Кәсіпкерлік қатынастарды екі топқа бөлуге болады: 1) негізгі кәсіпкерлік қатынастар (горизонтальдық); 2) кәсіпкерлік қызметті мемлекеттік реттеу барысында қалыптасатын қатынастар (вертикальдық). Мысалы, бірінші топқа кәсіпкерлердің өзара шаруашылық мәмілелерін жатқызуға болады (тауар жеткізілімі, өндіріс объектілерін арендаға

жалдау, банктік қызмет көрсету шарттары және т.б.), екінші топқа кәсіпкерлік қызмет субъектілері мен мемлекет арасында пайда болатын қатынастарды жатқызады, әрине, мемлекет атынан құзырлы мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдар ғана шыға алады (кәсіпкерлерді мемлекеттік тіркеу, олардың қызметін лицензиялау, салық салу, тексеру барысында қалыптасады).

## **2. Кәсіпкерлік қатынастарды құқықтық реттеудің әдістері**

Құқықтық реттеудің әдісі – құқықтың қоғамдық қатынастарға нормативтік әсер етуін қамтамасыз ететін арнайы құралдар мен тәсілдердің жүйесі, олар қоғамдық қатынастардың қатысушыларының құқықтары мен міндеттерін анықтау арқылы осылардың әрекет ету ережелерін белгілейді. Басқаша айтқанда, құқықтық реттеудің әдісі – бұл белгілі қатынастардың қатысушыларынан мемлекет талап ететін әрекеттілікті қамтамасыз ететін құралдар мен тәсілдердің жүйесі.

Кәсіпкерлік құқығының әдісіне келетін болсақ, оның өзіне тән ерекшелігі бар. Кәсіпкерлік қатынастар жоғарыда айтып кеткендей бірнеше құқық салаларының нормаларымен реттеледі (азаматтық, қаржылық, еңбек, жер, банктік, салықтық және өзге де құқық салаларының), осыған байланысты нақты құралдар мен тәсілдер туралы айту мүмкін емес. Жалпы құқық теориясында орын алған императивтік және диспозитивтік әдістер кәсіпкерлік қатынастардың реттелуін толық қамтамасыз етеді. Сонымен, кәсіпкерлік қатынастарды құқықтық реттеу әдісінің негізінде әдеттегі рұқсат беру, талап ету және тыйым салу тәсілдері жатады.

## **3. ҚР кәсіпкерлік құқығының принциптері, қайнар көздері**

Кәсіпкерлік құқығының принциптері оның негізгі бастаулары ретінде шаруашылық қызметті реттеуге бағытталған барлық құқықтық нормалардың жиынтығын қамтиды. Оларға жататындар:

- 1) кәсіпкерлік субъектілерінің шаруашылық қызметінің нәтижесінде екіжақты қызығушылыққа көздеуге бағыттау принципі;
- 2) меншік нысанына, қызмет түріне, өндіріс көлеміне және өзге де белгілерге қарамастан кәсіпкерлік қызмет субъектілерінің теңдігін сақтау принципі;
- 3) экономикалық бостандықты және кәсіпкерлік әрекеттілікті қолдау принципі;
- 4) адал бәсекелестікті қолдау және монополизмнен қорғау принципі;
- 5) кәсіпкерлердің мотивациясын қоғамға қажетті шаруашылық нәтижелерге жетуге бағыттайтын экономикалық, құқықтық, ұйымдық-әкімшілік және саяси механизмдерді пайдалана отырып кәсіпкерлік қатынастарды мемлекеттік реттеуде кешенді шаралар қолдану принципі;
- 6) заңдылық принципі (құқықтық мемлекет құруды қамтитын негізгі принцип болғандықтан міндетті түрде қоғамдағы барлық қатынастарға қолданады).

Құқықтың қайнар көзі – бұл құқықтың сыртқы сипатын білдіретін нысана. Қазақстандық құқық континентальдық құқықтық жүйеге жатады, сондықтан оның негізгі қайнар көзі болып нормативтік құқықтық акт табылады.

Нормативтік құқықтық акт құқықтық нормаларды бекітуге, өзгертуге немесе олардың күшін жоюға арналған.

Кәсіпкерлік құқықтың негізгі қайнар көздері болып кәсіпкерлік саласында қатынастарды реттейтін нормалар табылады. Оларға жататындар: Қазақстан Республикасының ұлттық заңнамасы, халықаралық шарттар. Кәсіпкерлік қатынастарды реттеу үшін, егер заңда тиісті құқықтық нормалар болмаған жағдайда, қосымша құрал ретінде іскерлік айналым әдеттері қолданылуы мүмкін.

Сонымен, кәсіпкерлік құқықтың қайнар көздері болып табылатындар: ҚР Конституциясы, кодекстер, конституциялық және ағымдағы заңдар, ҚР Президентінің жарлықтары, Үкіметтің қаулылары, министрліктердің (агенттіктердің, комитеттердің) бұйрықтары, жергілікті мемлекеттік басқару органдарының және өзін-өзі басқару органдарының актілері.

#### **4. Кәсіпкерліктің түсінігі, оны жүзеге асырудың қағидаттары**

Кәсіпкерліктің ұғымы және оны жүзеге асырудың принциптері Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 10-бабында анықталған. Кәсіпкерлік - меншік түрлеріне қарамастан, азаматтар мен заңды тұлғалардың тауарларға (жұмысқа, қызметке) сұранымды қанағаттандыру арқылы таза табыс табуға бағытталған, жеке меншікке (жеке кәсіпкерлік) не мемлекеттік кәсіпорынды шаруашылық басқару құқығына (мемлекеттік кәсіпкерлік) негізделген ынталы қызметі. Кәсіпкерлік қызмет кәсіпкердің атынан, оның тәуекел етуімен және мүліктік жауапкершілігімен жүзеге асырылады (ҚР АҚ 10-б.).

Мемлекет кәсіпкерлік қызмет еркіндігіне кепілдік береді және оны қорғау мен қолдауды қамтамасыз етеді. Кәсіпкерлікті жүзеге асырудың принциптері 2015 жылғы 29 қазандағы № 375-V ҚР Кәсіпкерлік Кодексінің 3-бабында анықталған. Кәсіпкерлік субъектілері мен мемлекеттің өзара іс-қимылының қағидаттары мыналар болып табылады:

- 1) заңдылық;
- 2) кәсіпкерлік еркіндігі;
- 3) кәсіпкерлік субъектілерінің теңдігі;
- 4) меншікке қол сұғылмаушылық;
- 5) адал бәсекелестік;
- 6) тұтынушылар, кәсіпкерлік субъектілері және мемлекет мүдделерінің теңгерімі;
- 7) мемлекеттік органдар қызметінің ашықтығы және ақпаратқа қолжетімділік;
- 8) кәсіпкерлікті мемлекеттік реттеудің тиімділігі;
- 9) кәсіпкерлік субъектілерінің өз құқықтары мен заңды мүдделерін өз бетінше қорғау қабілеттілігін арттыру;
- 10) құқық бұзушылықтың алдын алу басымдығы;
- 11) кәсіпкерлік субъектілерінің адалдық презумпциясы және мемлекет пен кәсіпкерлік субъектілерінің өзара жауапкершілігі;
- 12) сыбайлас жемқорлықтан азат болу;



- 13) кәсіпкерлік қызметті ынталандыру және оны қорғау мен қолдауды қамтамасыз ету;
- 14) отандық тауарлар өндірушілерді, жұмыс орындаушыларды, қызмет көрсетушілерді қолдау;
- 15) мемлекеттің кәсіпкерлік субъектілерінің ісіне заңсыз араласуына жол бермеу;
- 16) жеке кәсіпкерлік субъектілерінің норма шығарушылыққа қатысуы;
- 17) кәсіпкерліктің әлеуметтік жауапкершілігін ынталандыру;
- 18) мемлекеттің кәсіпкерлік қызметке шектеулі қатысуы;
- 19) өзін-өзі реттеу.

Заңдылық - кәсіпкерлік субъектілері кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру кезінде, мемлекеттік органдар, мемлекеттік органдардың лауазымды адамдары кәсіпкерлікті мемлекеттік реттеуді жүзеге асыру кезінде Қазақстан Республикасы Конституциясының, Кәсіпкерлік Кодекстің және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінің талаптарын сақтауға міндетті.

Мемлекеттік органдардың Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілеріне мазмұны, ресімделуі және (немесе) оларды қабылдау рәсімдері бойынша сәйкес келмейтін актілері мен шешімдері, сенім білдіру құқығы Қазақстан Республикасының заңдарымен қорғалатын жағдайларды қоспағанда, Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен заңсыз әрі жарамсыз деп танылады және күші жойылуға жатады.

Кәсіпкерлік еркіндігі - әркімнің кәсіпкерлік қызмет еркіндігіне, өз мүлкін кез келген заңды кәсіпкерлік қызмет үшін еркін пайдалануға құқығы бар.

Кәсіпкерлік субъектілері Қазақстан Республикасының заңдарында тыйым салынбаған кез келген кәсіпкерлік қызмет түрлерін жүзеге асыруға құқылы.

Кәсіпкерлік субъектілерінің теңдігі - кәсіпкерлік субъектілері өздерінің меншік нысанына және кез келген өзге де мән-жайларға қарамастан, заң мен сот алдында тең.

Кәсіпкерлік субъектілері кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру кезінде тең мүмкіндіктерге ие болады.

Меншікке қол сұғылмаушылық - кәсіпкерлік субъектілерінің меншігіне қол сұғылмаушылыққа заңмен кепілдік беріледі.

Кәсіпкерлік субъектілері заңды түрде сатып алған кез келген мүлікті меншігінде иелене алады.

Сот шешімінсіз кәсіпкерлік субъектілерін өз мүлкінен айыруға болмайды. Заңда көзделген айырықша жағдайларда мүлікті мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығару тең бағамен өтелген жағдайда жүргізілуі мүмкін.

Адал бәсекелестік - бәсекелестікті шектеуге немесе жоюға, тұтынушылардың құқықтары мен заңды мүдделеріне қысым көрсетуге бағытталған қызметке, жосықсыз бәсекелестікке тыйым салынады.

Монополистік қызмет заңмен реттеледі және шектеледі.

Монополияға қарсы реттеу бәсекелестікті қорғау, тауар нарықтарының тиімді жұмыс істеуі үшін жағдайлар жасау, экономикалық кеңістіктің біртұтастығын, Қазақстан Республикасында тауарлардың еркін өткізілуін және экономикалық қызметтің еркіндігін қамтамасыз ету мақсатында жүзеге асырылады.

Тұтынушылар, кәсіпкерлік субъектілері және мемлекет мүдделерінің теңгерімі - кәсіпкерлікті мемлекеттік реттеудің нысандары мен құралдарын енгізу қызмет немесе әрекеттер (операциялар) қауіпсіздігінің жеткілікті деңгейін, кәсіпкерлік субъектілеріне объективті түрде қажетті ең аз жүктеме кезінде тұтынушылардың құқықтарын барынша тиімді қорғауды қамтамасыз ету мақсатында жүзеге асырылады.

Мемлекеттік реттеу шеңберінде жеке кәсіпкерлік субъектілеріне қойылатын жаңа талаптар тұтынушылар, мемлекет үшін пайда мемлекеттік реттеуді жүзеге асыруға байланысты шығасылардан басым болған жағдайда ғана енгізілуі мүмкін.

Мемлекеттік органдар мемлекеттік реттеуді жүзеге асыру кезінде кәсіпкерлік субъектілерінен Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде көзделмеген құжаттарды және (немесе) қосымша мәліметтерді ұсынуды талап етуге құқылы емес.

Біліктілік және рұқсат беру талаптары кәсіпкерлік субъектілеріне жүзеге асырылатын қызмет, әрекеттер (операциялар) қауіпсіздігінің немесе объект қауіпсіздігінің талап етілетін деңгейін қамтамасыз ету үшін жеткілікті ресурстардың, нормативтер мен көрсеткіштердің ең аз қажетті жиынтығын қамтамасыз етуге тиіс.

Мемлекеттік органдар қызметінің ашықтығы және ақпаратқа қолжетімділік - мемлекеттік органдардың қызметі Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген шекте жариялы және ашық болуға тиіс.

Мемлекеттік органдар кәсіпкерлік субъектілерінің мүдделерін қозғайтын шешімдер қабылдау бойынша өз қызметінің ашықтығын қамтамасыз етуге міндетті.

Мемлекеттік органдарда бар және кәсіпкерлік субъектілеріне қажетті ақпарат, егер оны пайдалану Қазақстан Республикасының заңдарымен шектелмесе, қолжетімді болуға тиіс. Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жағдайларды қоспағанда, мұндай ақпарат тегін беріледі.

Жеке кәсіпкерлік субъектілері өз атауы бар мөрді иелене алады.

Мемлекеттік органдарға және қаржы ұйымдарына жеке кәсіпкерлік субъектілеріне жататын заңды тұлғалардан құжаттарында мөр қоюды талап етуге тыйым салынады.

Кәсіпкерлікті мемлекеттік реттеуге байланысты барлық рәсімдер мен талаптар нақты және түрлі түсіндірілуге жатпайтын мағынаны қамтуға тиіс.

Кәсіпкерлікті мемлекеттік реттеудің тиімділігіне:

- 1) ҚК-те белгіленген реттегіш құралдарды қалыптастыру шарттарын сақтау, сондай-ақ мемлекеттік реттеуді негіздеудің, келісудің және мониторингтеудің міндетті рәсімдерін ендіру;
- 2) мемлекеттің кәсіпкерлік субъектілеріне деген сенімін арттыру;
- 3) реттеушілік саясатты қалыптастыруда жобалық басқаруды ендіруге, кәсіпкерлік қызметті мемлекеттік реттеудің бұрын қабылданған шешімдерінің сабақтастығы мен ескерілуіне негізделген мемлекеттік реттеудің жүйелілігі мен дәйектілігі;
- 4) кәсіпкерлік субъектілеріне залал келтіргені үшін мемлекеттік органдардың лауазымды адамдарының дербес жауапкершілігін енгізу;
- 5) жаңа талаптарды енгізу нәтижесінде кәсіпкерлік субъектілері үшін кедергілер жасауға жол бермеу арқылы қол жеткізіледі.

Кәсіпкерлік субъектілерінің өз құқықтары мен заңды мүдделерін өз бетінше қорғау қабілеттілігін арттыру - кәсіпкерлік субъектілері тексеру жүргізуге қойылатын талаптарды мемлекеттік бақылау және қадағалау органдарының лауазымды адамдары сақтамаған жағдайларда, лауазымды адамдарды тексеруге жібермеуге құқылы.

Мемлекеттік бақылаудың және қадағалаудың жүзеге асырылуы барысында өз құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау мақсатында кәсіпкерлік субъектілері үшінші тұлғаларды тексеруге қатысуға тартуға құқылы.

Құқық бұзушылықтың алдын алу басымдығы - құқық бұзушылықтар профилактикасының және кәсіпкерлік субъектісінің Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген талаптарды орындау уәждемесінің кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру процесінде мемлекеттік мәжбүрлеу шараларын қолдану алдында басымдығы бар.

Кәсіпкерлік субъектісі жасаған құқық бұзушылық үшін мемлекеттік мәжбүрлеу шаралары оның сипатына және ауырлығына сәйкес болуға тиіс.

Кәсіпкерлік субъектілерінің адалдық презумпциясы және мемлекет пен кәсіпкерлік субъектілерінің өзара жауапкершілігі - мемлекет рұқсат беру арқылы лицензиаттың, екінші санаттағы рұқсат иесінің мемлекеттік реттеудің мақсаттарына сәйкес қауіпсіздіктің ең төмен деңгейін қамтамасыз ететінін растайды.

Кәсіпкерлікті мемлекеттік реттеу процесінде мемлекеттік органдар мен олардың лауазымды адамдарының тарапынан кәсіпкерлік субъектілері заңды қызметінің жүзеге асырылуына кедергілер жасалмауға тиіс.

Кәсіпкерлікті мемлекеттік реттеу процесінде кәсіпкерлік субъектілері өз міндеттерін орындаған немесе өздеріне заң бойынша берілген құқықтарды іске асырған кезде олардың әрекеттерінің адалдығы көзделеді.

Кәсіпкерлік субъектісі, егер құқықтарын, заңды мүдделерін іске асыру және (немесе) міндеттерін орындау кезінде ол мемлекеттік органның Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бекітіліп берілген құзыреті шегінде берген ресми түсіндірмесін басшылыққа алса, оның ішінде, егер мұндай түсіндірме кейіннен кері қайтарылып алынса, қате деп танылса немесе мазмұны

өзгермеген нақ сол бір нормативтік құқықтық актіге қатысты жаңа, мағынасы бойынша өзге түсіндірме берілсе, мұндайда да адал деп есептеледі.

Мемлекеттік органның Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес келмейтін актісін шығару салдарларынан, сондай-ақ осы органдардың лауазымды адамдарының әрекеттерінен (әрекетсіздігінен) кәсіпкерлік субъектісіне келтірілген залалдар Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында көзделген тәртіппен өтелуге жатады.

Кәсіпкерлік субъектісі жол берген Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзушылық тексерулер жүргізу барысында сипатталуға тиіс. Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзу фактісін куәландыратын дәлелдерді негіздеу және мән-жайларды ашу мемлекеттік органдарға жүктеледі.

Мемлекеттік орган қарап жатқан мән-жайлар туралы кәсіпкерлік субъектілері ұсынған нақты деректер сот немесе мемлекеттік орган Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес керісінше деп белгілегенге дейін анық деп есептеледі.

Қазақстан Республикасы заңнамасының барлық белгісіздіктері кәсіпкерлік субъектісінің пайдасына түсіндіріледі.

Басқа кәсіпкерлік субъектілерінің құқықтары мен заңды мүдделеріне қысым көрсету немесе бұрыннан бар міндеттерін орындаудан немесе нақты жасалған құқық бұзушылықтар үшін заңды жауаптылықтан жалтару мақсатымен осы Кодекспен және өзге де нормативтік құқықтық актілермен берілген құқықтарды олардың мақсатына қайшы келетіндей етіп пайдалануға тыйым салынады.

Сыбайлас жемқорлықтан азат болу - кәсіпкерлікті мемлекеттік реттеуді енгізу және жүзеге асыру кезінде мүдделер қақтығысы және құқықты таңдап қолдану фактілері орын алмауға тиіс.

Кәсіпкерлікті мемлекеттік реттеу процесінде кәсіпкерлік субъектілерінің мемлекеттік органдармен байланыстарын шектеу мақсатында нормативтік құқықтық актілерде «бір терезе» қағидатын қолдану көзделуге тиіс, бұл ретте мемлекеттік органдардан барлық қажетті келісулерді ведомствоаралық өзара іс-қимыл жасау тәртібімен мемлекеттік органдардың өздері алуға тиіс.

Мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдардың және оларға теңестірілген, кәсіпкерлік қызметті реттеуді жүзеге асыратын адамдардың мүліктік игіліктер мен артықшылықтарды қолдану мақсатында қызметтік өкілеттіктерін теріс пайдалануына жол берілмейді.

Кәсіпкерлік қызметті ынталандыру және оны қорғау мен қолдауды қамтамасыз ету - кәсіпкерлік субъектілерін дамытуды ынталандыру мақсатында мемлекет кәсіпкерлік бастаманы іске асыру үшін қолайлы құқықтық, экономикалық, әлеуметтік жағдайлар мен кепілдіктер жасауға бағытталған шаралар кешенін жүргізеді.

Кәсіпкерлік қызметті ынталандыру, оның ішінде кәсіпкерлікті қорғау мен қолдауды қамтамасыз ету арқылы жүзеге асырылады.

Отандық тауар өндірушілерді, жұмыс орындаушыларды, қызмет көрсетушілерді қолдау - мемлекеттік органдар және өзге де ұйымдар тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің отандық өндірісін дамытуды ынталандыру үшін қолайлы жағдайлар жасау жөніндегі шараларды іске асырады.

Нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлеу және оларға сараптама жасау, Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарын жасасу және халықаралық ұйымдардың шешімдер қабылдауына қатысу кезінде отандық тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің бәсекеге қабілеттілігін арттыру мақсатында Қазақстан Республикасының ұлттық мүдделері ескеріледі.

Мемлекеттің кәсіпкерлік субъектілерінің ісіне заңсыз араласуына жол бермеу - мемлекеттің кәсіпкерлік субъектілерінің, олардың бірлестіктерінің ісіне, сондай-ақ көрсетілген бірлестіктердің мемлекеттің ісіне заңсыз араласуына және оларға мемлекеттік органдардың функцияларын жүктеуге жол берілмейді.

Жеке кәсіпкерлік субъектілерінің норма шығарушылыққа қатысуы - жеке кәсіпкерлік субъектілері Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы және жеке кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі сараптама кеңестері (бұдан әрі – сараптама кеңестері) арқылы, кәсіпкерлік субъектілерінің мүдделерін қозғайтын нормативтік құқықтық актілердің жобаларын, Қазақстан Республикасы халықаралық шарттарының жобаларын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы қатысушысы болуға ниеттенетін халықаралық шарттарды әзірлеуге және оларға сараптама жасауға қатысады.

Кәсіпкерліктің әлеуметтік жауапкершілігін және әлеуметтік кәсіпкерлікті дамытуды ынталандыру - кәсіпкерлік субъектілерінің өз қызметіне әлеуметтік жауапкершілікті ендіруіне мемлекет кепілдік береді және оны көтермелейді.

Әлеуметтік кәсіпкерлікті дамыту бастамаларын қолдауды мемлекеттік органдар, ұлттық холдингтер, ұлттық даму институттары және өзге де ұйымдар кәсіпкерлік жөніндегі уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен жүзеге асырады.

Мемлекеттің кәсіпкерлік қызметке шектеулі қатысуы - мемлекет кәсіпкерлік қызметке Кәсіпкерлік Кодекспен және Қазақстан Республикасының заңдарымен шектелген шекте қатысады.

Мемлекет жеке кәсіпкерлікті және бәсекелестікті дамыту мақсатында мемлекеттің кәсіпкерлік қызметке қатысу үлесін кәсіпкерлік саласында мемлекеттік заңды тұлғалар, жарғылық капиталына мемлекет қатысатын заңды тұлғалар құруды шектеу арқылы қысқартуға бағытталған шараларды қолданады.

Өзін-өзі реттеу - мемлекет ең төмен қажеттілікті негізге ала отырып мемлекеттік реттеу саласын қысқарту, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған өзге де ынталандыру шаралары арқылы кәсіпкерлік және кәсіптік қызметте өзін-өзі реттеуді дамыту үшін жағдайлар жасайды.

### **Бақылау сұрақтары:**

1. Кәсіпкерлік құқығын анықтаңыз?
2. Кәсіпкерлік құқығын неге құқық саласы ретінде санауға болмайды?
2. Кәсіпкерлік қатынастардың сипаттамасын беріңіз?
3. Кәсіпкерлік құқығының принциптері мен қайнар көздерін анықтаңыз?
4. Кәсіпкерлік дегеніміз не?

### **Тест тапсырмалары:**

1. Кәсіпкерлік құқық – бұл:  
A) құқықтың дербес саласы;  
B) кешенді оқу пәні;  
C) кешенді құқық саласы;  
D) азаматтық құқығының институты;  
E) құқықтың ірі саласы.
2. Кәсіпкерлік құқық – бұл:  
A) кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру барысында қалыптасатын қоғамдық қатынастарды реттейтін құқықтық нормалардың жиынтығы;  
B) банктік қызметті жүзеге асыру барысында қалыптасатын қоғамдық қатынастарды реттейтін құқықтық нормалардың жиынтығы;  
C) еңбек қатынастарын реттейтін құқықтық нормалардың жиынтығы;  
D) қаржы қатынастарын реттейтін құқықтық нормалардың жиынтығы;  
E) салықтық қатынастарды реттейтін құқықтық нормалардың жиынтығы.
3. Кәсіпкерлік құқығының пәні болып табылатын:  
A) кәсіпкерлік қатынастар;  
B) еңбек қатынастары;  
C) салықтық қатынастар;  
D) жер қатынастары;  
E) банктік қатынастар.
4. Кәсіпкерлік қатынастардың түрлерін анықтаңыз:  
A) кәсіпкерлер арасында қалыптасатын және кәсіпкерлер мен мемлекеттік субъектілер арасында қалыптасатын қатынастар;  
B) екіжақты және көпжақты;  
C) мүліктік және мүліктік емес жеке;  
D) күрделі және жеке;  
E) кәсіпкерлік және мемлекеттік.
5. Кәсіпкерлік қатынастарды құқықтық реттеудің әдістерін анықтаңыз:  
A) императивтік және диспозитивтік;  
B) екіжақты және көпжақты;  
C) мүліктік және мүліктік емес жеке;

- D) күрделі және жеке;
- E) кәсіпкерлік және мемлекеттік.

6. Кәсіпкерлік құқығының принциптері – бұл:

- A) мемлекеттің қызметін реттеуді қамтамасыз ететін принциптер;
- B) кәсіпкерлік қызметті реттеуге бағытталған пәннің негізгі бастаулары;
- C) сыртқыэкономикалық қызметті реттеуді қамтамасыз ететін принциптер;
- D) соттардың қызметін реттеуді қамтамасыз ететін принциптер;
- E) салықтық органдардың қызметін реттеуді қамтамасыз ететін принциптер.

7. Кәсіпкерлік құқығының принциптеріне жатпайтынын анықтаңыз:

- A) кәсіпкерлік субъектілерінің шаруашылық қызметінің нәтижесінде екіжақты қызығушылыққа көздеуге бағыттау принципі;
- B) меншік нысанына, қызмет түріне, өндіріс көлеміне және өзге де белгілерге қарамастан кәсіпкерлік қызмет субъектілерінің теңдігін сақтау принципі;
- C) жариялылық принципі;
- D) заңдылық принципі;
- E) экономикалық бостандықты және кәсіпкерлік әрекеттілікті қолдау принципі.

8. Кәсіпкерлік құқығының принциптеріне жатпайтынын анықтаңыз:

- A) кәсіпкерлік субъектілерінің шаруашылық қызметінің нәтижесінде екіжақты қызығушылыққа көздеуге бағыттау принципі;
- B) меншік нысанына, қызмет түріне, өндіріс көлеміне және өзге де белгілерге қарамастан кәсіпкерлік қызмет субъектілерінің теңдігін сақтау принципі;
- C) экономикалық бостандықты және кәсіпкерлік әрекеттілікті қолдау принципі;
- D) кәсіпкерлердің мотивациясын қоғамға қажетті шаруашылық нәтижелерге жетуге бағыттайтын экономикалық, құқықтық, ұйымдық-әкімшілік және саяси механизмдерді пайдалана отырып кәсіпкерлік қатынастарды мемлекеттік реттеуде кешенді шаралар қолдану принципі;
- E) шарт жасасу бостандығын сақтау принципі.

9. Кәсіпкерлік құқығының принциптеріне жатпайтынын анықтаңыз:

- A) жеке меншікке қол сұқпаушылық принципі;
- B) кәсіпкерлік субъектілерінің шаруашылық қызметінің нәтижесінде екіжақты қызығушылыққа көздеуге бағыттау принципі;
- C) меншік нысанына, қызмет түріне, өндіріс көлеміне және өзге де белгілерге қарамастан кәсіпкерлік қызмет субъектілерінің теңдігін сақтау принципі;
- D) экономикалық бостандықты және кәсіпкерлік әрекеттілікті қолдау принципі;
- E) адал бәсекелестікті қолдау және монополизмнен қорғау принципі.

10. Кәсіпкерлік құқығының бастауларына жатпайтынын анықтаңыз:

- A) ҚР Конституциясы;
- B) ҚР Кәсіпкерлік кодексі;

- С) конституциялық және жай заңдар;
- Д) ҚР Үкіметінің қаулылары;
- Е) заңды тұлғаның жарғысы.

## **Тақырып 1.2. Қазақстан Республикасында кәсіпкерліктің түрлері мен нысандары**

Сабақтың мақсаты: Қазақстан Республикасында кәсіпкерліктің түрлері мен нысандары туралы білімдерді қалыптастыру

Жоспар:

1. Кәсіпкерлік қатынастардың субъектілері.
2. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес кәсіпкерліктің түрлері мен нысандары.

### **1. Кәсіпкерлік қатынастардың субъектілері**

Құқық теориясында құқықтық қатынастардың субъектілері деп осы қатынастардың құқықтар мен міндеттерге ие болған қатысушыларын атайды.

Кәсіпкерлік қатынастардың субъектілері болып табылатындар: қатысушылары азаматтар, заңды тұлғалар, мемлекет, сондай-ақ әкімшілік-аумақтық бөліністер болып табылады.

Кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын азаматтар, қандастар және мемлекеттік емес коммерциялық заңды тұлғалар (жеке кәсіпкерлік субъектілері), мемлекеттік кәсіпорындар (мемлекеттік кәсіпкерлік субъектілері) кәсіпкерлік субъектілері болып табылады.

Кәсіпкерлік субъектісі болып табылатын жеке тұлға КК-те көзделген тәртіппен дара кәсіпкер ретінде тіркеледі.

Кәсіпкерлік субъектісі болып табылатын заңды тұлға ҚР Азаматтық кодексінде көзделген ұйымдық-құқықтық нысанда құрылуы мүмкін. Заңды тұлға – бұл кәсіпкерлікті ұжымдық негізде жүзеге асыратын субъект. Заңды тұлғаны құру үшін бір қатар әрекеттер жасау қажет: құрылтайшыларды таңдау, олардың арасында құрылтай шартын жасасу, жарғыны тұжырымдау, мемлекеттік тіркеуден өту үшін құжаттарды даярлау және басқалары.

Әкімшілік-аумақтық бөліністер мен мемлекет – бұлар ерекше субъектілер, олардың атынан әрекеттерді тек қана арнайы мәртебеге ие болған мемлекеттік органдар мен кәсіпорындар немесе лауазымды адамдар жүзеге асыра алады. Ал, кәсіпкерлік құқығына келетін болсақ, бұл жағдайда мемлекеттік кәсіпорындар туралы айтамыз.

Сонымен, аталған кәсіпкерлік қатынастардың қатысушылары Қазақстан Республикасының кәсіпкерлік құқығының субъектілері болып табылады.

### **2. ҚР-ның заңнамасына сәйкес кәсіпкерліктің түрлері мен нысандары**



Азаматтық заңнаманың нормаларына сәйкес кәсіпкерліктің мынадай түрлері мен нысандарын көрсетуге болады.

Кәсіпкерліктің түрлері: 1) жеке; 2) мемлекеттік.

Жеке кәсіпкерлік мынадай нысандарда жүзеге асырылуы мүмкін: 1) заңды тұлға құрмаған жеке тұлғаның дара кәсіпкерлігі (ҚР АҚ 12, 19-21 баптары); 2) мемлекеттік емес коммерциялық заңды тұлға құру жолымен асырылатын ұжымдық кәсіпкерлік (ҚР АҚ 33-101 баптары). Бұл Азаматтық кодекстегі нормалардың нақты мағынасы ҚР КК-нде анықталған. Айтылған жағдай ҚР КК-нде жеке және мемлекеттік емес заңды тұлғалардың жеке кәсіпкерлікті жүзеге асыруына байланысты туындайтын қоғамдық қатынастарды реттейтініне, Қазақстан Республикасындағы жеке кәсіпкерліктің еркіндігін қамтамасыз ететін негізгі құқықтық, экономикалық және әлеуметтік жағдайлар мен кепілдіктерді айқындайтындығына байланысты.

Мемлекеттік кәсіпкерлік мемлекеттік кәсіпорын ашу арқылы жүзеге асырылады. ҚР АҚ-нің 102-104 баптары мемлекеттік кәсіпорынның екі түрін бекітеді: 1) шаруашылық жүргізу құқығына негізделген; 2) оралымды басқару құқығына негізделген (қазыналық кәсіпорын). Аталған мемлекеттік кәсіпорындардың құқықтық мәртебесі 2011 жылдың 1 наурызында қабылданған ҚР «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңында анықталған.

Жоғарыда аталған кәсіпкерлікті жүзеге асырудың барлық нысандары келесі тақырыптарда нақты қаралады.

### **Бақылау сұрақтары:**

1. Кәсіпкерлік қатынастардың субъектілерін анықтаңыз?
2. Қазақстан Республикасында кәсіпкерлікті жүзеге асырудың нысандарын атаңыз?

### **Тест тапсырмалары:**

1. Меншік түрлеріне қарамастан, азаматтар мен заңды тұлғалардың тауарларға (жұмысқа, қызметке) сұранымды қанағаттандыру арқылы таза табыс табуға бағытталған, жеке меншікке (жеке кәсіпкерлік) не мемлекеттік кәсіпорынды шаруашылық басқару құқығына (мемлекеттік кәсіпкерлік) негізделген ынталы қызметі – бұл:

- А) кәсіпкерлік;
- В) жұмыссыздық;
- С) әрекеттілік;
- Д) экономикалық белсенділік;
- Е) азаматтық қызмет.

2. Жеке кәсіпкерлік еркіндігінің кепілдігі және оны қорғау мен қолдауды қамтамасыз ету – бұл:

- А) құқықтарды қорғауды жүзеге асырудың принциптері;
- В) кәсіпкерлікті жүзеге асырудың принциптері;

- C) есепті жүзеге асырудың принциптері;
- D) іс-қағаздарды жүргізуді жүзеге асырудың принциптері;
- E) сот өндірісін жүзеге асырудың принциптері.

3. Кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға барлық жеке кәсіпкерлік субъектілерінің теңдігі – бұл:

- A) құқықтарды қорғауды жүзеге асырудың принциптері;
- B) кәсіпкерлікті жүзеге асырудың принциптері;
- C) есепті жүзеге асырудың принциптері;
- D) іс-қағаздарды жүргізуді жүзеге асырудың принциптері;
- E) сот өндірісін жүзеге асырудың принциптері.

4. Жеке меншікке (жеке кәсіпкерлік субъектілерінің меншігіне) қол сұғылмауы мен оны қорғаудың кепілдігі – бұл:

- A) құқықтарды қорғауды жүзеге асырудың принциптері;
- B) кәсіпкерлікті жүзеге асырудың принциптері;
- C) есепті жүзеге асырудың принциптері;
- D) іс-қағаздарды жүргізуді жүзеге асырудың принциптері;
- E) сот өндірісін жүзеге асырудың принциптері.

5. Шағын кәсіпкерлікті дамытудың басымдығы – бұл:

- A) құқықтарды қорғауды жүзеге асырудың принциптері;
- B) кәсіпкерлікті жүзеге асырудың принциптері;
- C) есепті жүзеге асырудың принциптері;
- D) іс-қағаздарды жүргізуді жүзеге асырудың принциптері;
- E) сот өндірісін жүзеге асырудың принциптері.

6. Жеке кәсіпкерліктің мүдделерін қорғайтын нормативтік құқықтық актілердің жобаларына сараптама жасауға жеке кәсіпкерлік субъектілерінің қатысуы – бұл:

- A) құқықтарды қорғауды жүзеге асырудың принциптері;
- B) кәсіпкерлікті жүзеге асырудың принциптері;
- C) есепті жүзеге асырудың принциптері;
- D) іс-қағаздарды жүргізуді жүзеге асырудың принциптері;
- E) сот өндірісін жүзеге асырудың принциптері.

7. Кәсіпкерлікті жүзеге асырудың принциптері мына заңда анықталған:

- A) ҚР Кәсіпкерлік кодексінде;
- B) ҚР «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңында;
- C) ҚР Азаматтық кодексінде;
- D) ҚР «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңында;
- E) ҚР «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» Заңында.

8. Жеке кәсіпкерліктің мүдделерін қозғайтын нормативтік құқықтық актілердің жобаларына сараптама жасауға жеке кәсіпкерлік субъектілерінің қатысуына құқығы бар ма?

- A) құқылы;
- B) құқылы емес;
- C) міндетті;
- D) құқылы, егер жоғары арнайы білімі бар болса;
- E) құқылы, егер қандай да жоғары білімі бар болса.

9. Кәсіпкерлік субъектілерінің қайсысы тауар нарығында басымдылыққа ие бола алады?

- A) дара кәсіпкерлер;
- B) мемлекеттік емес заңды тұлғалар;
- C) мемлекеттік заңды тұлғалар;
- D) шағын кәсіпкерлік субъектілері;
- E) кәсіпкерлік субъектілерінің барлығы тең құқылы.

10. Кәсіпкерлік қызметтің субъектілері мен мемлекеттік органдардың арасында қалыптасатын қатынасты анықтаңыз:

- A) кәсіпкердің лицензия алуы;
- B) бизнес-партнермен жеткізілім шартын жасасу;
- C) банкте несие алу;
- D) тұлғаны жұмысқа қабылдау;
- E) көлікті жалға алу.

### **Тақырып 1.3. Дара кәсіпкерлік**

Сабақтың мақсаты: дара кәсіпкерлік туралы білімдерді қалыптастыру.

Жоспар:

1. Дара кәсіпкерліктің түсінігі, оның түрлері мен нысандары.
2. Дара кәсіпкерлікті мемлекеттік тіркеу.
3. Дара кәсіпкердің қызметін тоқтату.

#### **1. Дара кәсіпкерліктің түсінігі, оның түрлері мен нысандары**

Дара кәсіпкерлік – Қазақстан Республикасы азаматтарының, қандастардың таза кіріс алуға бағытталған, жеке тұлғалардың өздерінің меншігіне негізделген және жеке тұлғалар атынан, олардың тәуекел етуімен және мүліктік жауапкершілігімен жүзеге асырылатын дербес, бастамашыл қызметі.

29.10.2015 ж. ҚР КК 7-б. сәйкес дара кәсіпкерлік *өзіндік* немесе *бірлескен* кәсіпкерлік түрінде жүзеге асырылады.

*Өзіндік* кәсіпкерлікті бір жеке тұлға өзіне меншік құқығымен тиесілі мүлік негізінде, сондай-ақ мүлікті пайдалануға және (немесе) оған иелік етуге

жол беретін өзге де құқыққа орай дербес жүзеге асырады. Некеде тұратын жеке тұлғаның өзіндік кәсіпкерлікті жүзеге асыруы үшін жұбайының келісімі талап етілмейді.

Жеке тұлға өзіндік кәсіпкерлікті жүзеге асыру үшін ерлі-зайыптылардың ортақ мүлкін пайдаланған жағдайларда, егер заңдарда немесе неке шартында не ерлі-зайыптылардың арасындағы өзге де келісімде өзгеше көзделмесе, мұндай пайдалануға жұбайының нотариат куәландырған келісімі қажет.

Өзіндік кәсіпкерлік фермер қожалығы нысаны пайдаланыла отырып, жүзеге асырылуы мүмкін.

*Бірлескен* кәсіпкерлікті жеке тұлғалар (дара кәсіпкерлер) тобы өздеріне ортақ меншік құқығымен тиесілі мүлік негізінде, сондай-ақ мүлікті бірлесіп пайдалануға және (немесе) оған иелік етуге жол беретін өзге де құқыққа орай жүзеге асырады.

Бірлескен кәсіпкерлік кезінде жеке кәсіпкерлікке байланысты барлық мәмілелер бірлескен кәсіпкерліктің барлық қатысушыларының атынан жасалады, ал құқықтар мен міндеттер олардың атынан иеленеді және жүзеге асырылады.

Бірлескен кәсіпкерліктің нысандары:

1) ерлі-зайыптылардың ортақ бірлескен меншігі негізінде жүзеге асырылатын ерлі-зайыптылар кәсіпкерлігі;

2) шаруа қожалығының ортақ бірлескен меншігі немесе жекешелендірілген тұрғынжайға ортақ бірлескен меншік негізінде жүзеге асырылатын отбасылық кәсіпкерлік;

3) жеке кәсіпкерлік ортақ үлестік меншік негізінде жүзеге асырылатын жай серіктестік;

4) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес өзге де нысандар болып табылады.

Ерлі-зайыптылар кәсіпкерлігі жүзеге асырылған кезде ерлі-зайыптылардың бірі жұбайының келісімімен іскерлік айналымда ерлі-зайыптылар атынан әрекет етеді, бұл дара кәсіпкерді тіркеу кезінде расталуы немесе дара кәсіпкердің қызметі мемлекеттік тіркеусіз жүзеге асырылған жағдайларда жазбаша көрсетілуі және нотариат куәландыруы мүмкін.

Ерлі-зайыптылардың біреуінің іскерлік айналымда ерлі-зайыптылар атынан әрекет етуіне жұбайының келісімі болмаған кезде, іскерлік айналымда әрекет ететін жұбайы дара кәсіпкерлікті өзіндік кәсіпкерлік түрінде жүзеге асырады деп көзделеді.

Жай серіктестік нысаны пайдаланылатын дара кәсіпкерлік Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады. Дара кәсіпкерлер өз міндеттемелері бойынша, Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес өндіріп алынбайтын мүлікті қоспағанда, өздерінің барлық мүлкімен жауапты болады. Жеке тұлға өзіндік кәсіпкерлікті жүзеге асырған кезде өзіне меншік құқығымен тиесілі барлық мүлкімен, соның ішінде ерлі-зайыптылардың ортақ меншігіндегі үлесімен жауапты болады. Жеке тұлға жеке

кәсіпкерлікті жүзеге асыру үшін ерлі-зайыптылардың ортақ мүлкін пайдаланған жағдайларда, оның борыштары бойынша өндіріп алу ерлі-зайыптылардың ортақ мүлкіне де қолданыла алады. Жұбайлардың жеке кәсіпкер болып табылмайтын әрқайсысының мүлкі өзіндік кәсіпкерлікті жүзеге асыратын жұбайының біреуінің борыштары бойынша өндіріп алуды қолдану нысанасы бола алмайды. Ерлі-зайыптылар кәсіпкерлігін жүзеге асырған кезде ерлі-зайыптылардың кәсіпкерлікті жүзеге асыруға байланысты борыштары бойынша өндіріп алу олардың қайсының іскерлік айналымда әрекет ететініне қарамастан, ерлі-зайыптылардың ортақ мүлкіне қолданыла алады. Дара кәсіпкер өз қызметін жүзеге асыру кезінде іскерлік құжаттаманың дербес бланкілерін, мөрдi, мөртабандарды пайдалануға құқылы.

## **2. Дара кәсіпкерлікті мемлекеттік тіркеу**

Жеке кәсіпкерлікті заңды тұлға құрмай жүзеге асыратын жеке тұлғаларды мемлекеттік тіркеу дара кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркеу кезінде мәлімделген тұрған жері бойынша мемлекеттік кіріс органында дара кәсіпкер ретінде есепке қоюды білдіреді.

Дара кәсіпкер ретінде міндетті мемлекеттік тіркеуге мынадай шарттардың біріне сай келетін жеке тұлғалар жатады:

1) жалдамалы жұмыскерлердің еңбегін тұрақты негізде пайдаланады;

2) жеке кәсіпкерліктен республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарына қолданыста болатын ең төмен жалақының 12 еселенген мөлшерінен асатын мөлшерде Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес есептелген жылдық кірісі болады.

Жұмыскерлердің еңбегін тұрақты негізде пайдаланбайтын жеке тұлға «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексінде (Салық кодексі) белгіленген мынадай кірістерді алған кезде дара кәсіпкер ретінде тіркелмеуге құқылы:

1) төлем көзінен салық салуға жататын кірістер;

2) мүліктік кіріс;

3) Қазақстан Республикасының шегінен тыс жердегі көздерден түсетін кірістер;

4) Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес салық агенттері болып табылмайтын тұлғалардан кірістер алатын үй жұмыскерлерінің кірістері;

5) салық агенттері болып табылмайтын, Қазақстан Республикасында аккредиттелген шет мемлекеттің дипломатиялық және оларға теңестірілген өкілдіктерімен, шет мемлекеттің консулдық мекемелерімен жасалған еңбек шарттары (келісімшарттары) және (немесе) азаматтық-құқықтық сипаттағы шарттар бойынша Қазақстан Республикасы азаматтарының кірістері;

6) Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға сәйкес төлем көзінен жеке табыс салығын есептеу, ұстап қалу және аудару жөніндегі міндеттемеден босатылған халықаралық және мемлекеттік

ұйымдармен, шетелдік және қазақстандық үкіметтік емес қоғамдық ұйымдармен және қорлармен жасалған еңбек шарттары (келісімшарттары) және (немесе) азаматтық-құқықтық сипаттағы шарттар бойынша Қазақстан Республикасы азаматтарының кірістері;

7) еңбекші көшіп келушіге рұқсат негізінде Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жасалған еңбек шарттары бойынша алынған (алуға жататын) резидент-еңбекші көшіп келушілердің кірістері;

8) «Медиация туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес кәсіпқой медиаторларды қоспағанда, медиаторлардың салық агенттері болып табылмайтын тұлғалардан алған кірістері;

9) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шаруашылық бойынша есепке алу кітабында есепке алынған жеке қосалқы шаруашылықтан түсетін, салық салуға жататын, жеке қосалқы шаруашылықпен айналысатын тұлғаның салық агентіне анық емес мәліметтер ұсынуына байланысты төлем көзінен жеке табыс салығын ұстап қалу жүргізілмеген кірістер.

ҚР Салық кодексінің 774-бабына сәйкес бірыңғай жиынтық төлемді төлеуші деп танылған жеке тұлға дара кәсіпкер ретінде тіркелмеуге құқылы.

Дара кәсіпкер (бірлескен дара кәсіпкерлік) ретінде мемлекеттік тіркелу үшін жеке тұлға (бірлескен дара кәсіпкерліктің уәкілетті адамы) рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік ақпараттық жүйесі арқылы не өзге де ақпараттандыру объектілері арқылы рұқсаттар мен хабарламалар саласындағы уәкілетті орган бекіткен нысан бойынша хабарлама ұсынады.

Бірлескен дара кәсіпкерлікті тіркеген жағдайда, бірлескен дара кәсіпкерліктің уәкілетті адамы бірлескен кәсіпкерліктің барлық қатысушыларының атынан қол қойылған сенімхатты ұсынады.

Егер өтініш беруші кәмелет жасына толмаған жағдайда, хабарламаға заңды өкілдердің келісімі, ал мұндай келісім болмаған кезде – неке қию (ерлі-зайыпты болу) туралы куәліктің көшірмесі не қорғаншылық және қамқоршылық органының шешімі немесе кәмелет жасына толмаған адамды толығымен әрекетке қабілетті деп жариялау туралы сот шешімі қоса беріледі.

Өзге құжаттарды талап етуге тыйым салынады.

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландырумен байланысты ұйымдар мен тұлғалардың тізбесіне және (немесе) терроризмді және экстремизмді қаржыландырумен байланысты ұйымдар мен тұлғалардың тізбесіне енгізілген адамдар хабарлама беруге құқылы емес.

Хабарламада көрсетілген деректер өзгерген кезде дара кәсіпкер (бірлескен дара кәсіпкерліктің уәкілетті адамы) мұндай өзгерістер туралы мемлекеттік кірістер органына осы орган белгілеген нысан бойынша хабарлауға міндетті.

Хабарлама «электрондық үкіметтің» веб-порталы немесе өзге де ақпараттандыру объектілері арқылы электрондық нысанда ұсынылады.

### **3. Дара кәсіпкердің қызметін тоқтату**

Дара кәсіпкердің қызметі ерікті түрде не мәжбүрлеу тәртібімен, сондай-ақ осы Кодексте көзделген мән-жайлар басталған жағдайда тоқтатылуы мүмкін.

Дара кәсіпкердің қызметі өзіндік кәсіпкерлік кезінде – дара кәсіпкер дербес, бірлескен кәсіпкерлік кезінде – барлық қатысушылар бірлесіп қабылдаған шешім негізінде кез келген уақытта ерікті түрде тоқтатылады. Бұл жағдайда дара кәсіпкер мемлекеттік кіріс органына кәсіпкерлік қызметті тоқтату туралы өтініш береді.

Дара кәсіпкер қызметін ерікті түрде тоқтату үшін мемлекеттік кіріс органына кәсіпкерлік қызметті тоқтату туралы өтініш береді.

Бірлескен кәсіпкерлікті тоқтату туралы шешім, егер бұл үшін қатысушыларының кемінде жартысы дауыс берсе, егер олардың арасындағы келісімде өзгеше көзделмесе, қабылданды деп есептеледі.

Жеке кәсіпкердің қызметі:

1) тіркеу кезінде жойылмайтын сипаттағы Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзушылықтар жіберілуіне байланысты дара кәсіпкерді тіркеу жарамсыз деп танылған;

2) қызметті Қазақстан Республикасының заңнамасын күнтізбелік жыл ішінде бірнеше рет немесе өрескел бұза отырып жүзеге асырған;

3) ол қайтыс болды деп жарияланған;

4) ол Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландырумен байланысты ұйымдар мен тұлғалардың тізбесіне және (немесе) терроризмді және экстремизмді қаржыландырумен байланысты ұйымдар мен тұлғалардың тізбесіне енгізілген;

5) ол хабарсыз кеткен деп танылған жағдайларда;

6) мәжбүрлі тәртіппен қызметті тоқтатуды көздейтін, Салық Кодексінде белгіленген жағдайларда соттың шешімі бойынша мәжбүрлі тәртіппен тоқтатылады.

Дара кәсіпкердің қызметі мынадай:

1) өзіндік кәсіпкерлік – дара кәсіпкер әрекетке қабілетсіз, әрекетке қабілеті шектеулі деп танылған немесе ол қайтыс болған;

2) отбасылық кәсіпкерлік және жай серіктестік – егер осы тармақтың 1) тармақшасында тізбеленген мән-жайлардың болу салдарынан бірлескен кәсіпкерлік қатысушысының біреуі қалған немесе бір де бірі қалмаған жағдайда, сондай-ақ некені бұзуға байланысты мүлікті бөлу кезінде;

3) қызметті оңайлатылған тәртіппен тоқтату көзделетін, Қазақстан Республикасының салық заңнамасында белгіленген;

4) сот шешімімен банкрот деп танылған дара кәсіпкерге қатысты банкроттық рәсімінің аяқталуы туралы сот ұйғарымы заңды күшіне енген жағдайларда да тоқтатылады.

Дара кәсіпкердің қызметі өзінің өтініші не соттың заңды күшіне енген шешімі негізінде мемлекеттік кіріс органында дара кәсіпкер ретінде тіркеу есебінен шығарылған кезден бастап тоқтатылды деп есептеледі.

Дара кәсіпкер салықтардың және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің түсуін қамтамасыз ету саласындағы басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті органның интернет-ресурсында осы ақпарат орналастырылған күннен бастап тіркеуші органда дара кәсіпкер ретінде тіркеу есебінен шығарылды деп танылады.

Дара кәсіпкерлік белгіленген жағдайларда тіркеусіз жүзеге асырылған кезде, ерікті тәртіппен – нақты тоқтатылған күннен бастап не мәжбүрлеу тәртібімен – тиісінше соттың шешімі заңды күшіне енген күннен бастап ол тоқтатылды деп есептеледі.

Орындалмаған міндеттемелері жоқ және мемлекеттік органдар тәуекел дәрежелері төмен және орташа субъектілер санатына жатқызған шағын кәсіпкерлік субъектілері үшін Қазақстан Республикасының заңдарында қайта ұйымдастырудың және ерікті таратудың оңайлатылған тәртібі белгіленеді.

Дара кәсіпкердің банкроттық рәсімі Қазақстан Республикасының оңалту және банкроттық туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

### **Бақылау сұрақтары:**

1. ҚР-дағы дара кәсіпкерліктің түрлері мен нысандарын атаңыз?
2. Дара кәсіпкерліктің мемлекеттік тіркеу тәртібі қандай?
3. Дара кәсіпкерлікті тоқтату тәртібі қандай?

### **Тест тапсырмалары:**

1. Дара кәсіпкерлік – бұл...

- А) жеке тұлғалардың кіріс алуға бағытталған, жеке тұлғалардың өздерінің меншігіне негізделген және жеке тұлғалардың атынан олардың тәуекелімен және мүліктік жауапкершілігімен жүзеге асырылатын бастамашылық қызметі;
- В) жеке тұлғалардың кіріс алуға бағытталған, жеке тұлғалардың туысқандарының меншігіне негізделген және жеке тұлғалардың атынан олардың тәуекелімен және мүліктік жауапкершілігімен жүзеге асырылатын бастамашылық қызметі;
- С) жеке тұлғалардың кіріс алуға бағытталған, жеке тұлғалардың өздерінің меншігіне негізделген және өзге тұлғалардың атынан олардың тәуекелімен және мүліктік жауапкершілігімен жүзеге асырылатын бастамашылық қызметі;
- Д) жеке тұлғалардың кіріс алуға бағытталған, жеке тұлғалардың өздерінің меншігіне негізделген және жеке тұлғалардың атынан туысқандарының тәуекелімен және мүліктік жауапкершілігімен жүзеге асырылатын бастамашылық қызметі;
- Е) жеке тұлғалардың кіріс алуға бағытталған, олардың жұбайының(ларының) меншігіне негізделген және жеке тұлғалардың атынан олардың тәуекелімен және мүліктік жауапкершілігімен жүзеге асырылатын бастамашылық қызметі.

2. Индустриялық аймақ – бұл...



- А) коммуникациялармен қамтамасыз етілген, мемлекет жеке кәсіпкерлік субъектілеріне өнеркәсіп объектілерін орналастыру және пайдалану үшін ҚР-ның Жер кодексінде және ҚР-ның өзге де заңдарында белгіленген тәртіппен беретін ауыл шаруашылығы мақсатындағы емес жер;
- В) коммуникациялармен қамтамасыз етілген, мемлекет жеке кәсіпкерлік субъектілеріне өнеркәсіп объектілерін орналастыру және пайдалану үшін ҚР-ның Жер кодексінде және ҚР-ның өзге де заңдарында белгіленген тәртіппен беретін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер;
- С) коммуникациялармен қамтамасыз етілген, мемлекет жеке кәсіпкерлік субъектілеріне кез-келген объектілерді орналастыру және пайдалану үшін ҚР-ның Жер кодексінде және ҚР-ның өзге де заңдарында белгіленген тәртіппен беретін ауыл шаруашылығы мақсатындағы емес жер;
- Д) коммуникациялармен қамтамасыз етілген, мемлекет шағын кәсіпкерлік субъектілеріне өнеркәсіп объектілерін орналастыру және пайдалану үшін ҚР-ның Жер кодексінде және ҚР-ның өзге де заңдарында белгіленген тәртіппен беретін ауыл шаруашылығы мақсатындағы емес жер;
- Е) коммуникациялармен қамтамасыз етілген, мемлекет жеке кәсіпкерлік субъектілеріне өнеркәсіп объектілерін орналастыру және пайдалану үшін ҚР-ның Азаматтық кодексінде және ҚР-ның өзге де заңдарында белгіленген тәртіппен беретін ауыл шаруашылығы мақсатындағы емес жер.

### 3. Жеке кәсіпкерліктің инфрақұрылымы – бұл...

- А) өз ісін ұйымдастыруға жәрдемдесуді, құқық, маркетинг, инжиниринг және менеджмент саласындағы ақпаратпен қамтамасыз етуді, коммерциялық негізде материалдық-техникалық, қаржылық және басқа да ресурстармен қамтамасыз етуде қолдауды қоса алғанда, жеке кәсіпкерліктің жұмыс істеуі мен дамуының жалпы шарттарын қамтамасыз ететін, құрылатын немесе жұмыс істеп тұрған ұйымдар кешені;
- В) өз ісін ұйымдастыруға жәрдемдесуді, құқық, маркетинг, инжиниринг және менеджмент саласындағы ақпаратпен қамтамасыз етуді, коммерциялық негізде материалдық-техникалық, қаржылық және басқа да ресурстармен қамтамасыз етуде қолдауды қоса алғанда, жеке кәсіпкерліктің жұмыс істеуі мен дамуының жалпы шарттарын қамтамасыз ететін, құрылатын немесе жұмыс істеп тұрған кәсіпорындар кешені;
- С) өз ісін ұйымдастыруға жәрдемдесуді, құқық, маркетинг, инжиниринг және менеджмент саласындағы ақпаратпен қамтамасыз етуді, коммерциялық негізде материалдық-техникалық, қаржылық және басқа да ресурстармен қамтамасыз етуде қолдауды қоса алғанда, жеке кәсіпкерліктің жұмыс істеуі мен дамуының жалпы шарттарын қамтамасыз ететін, құрылатын немесе жұмыс істеп тұрған жылжымайтын мүлік объектілерінің кешені;
- Д) өз ісін ұйымдастыруға жәрдемдесуді, құқық, маркетинг, инжиниринг және менеджмент саласындағы ақпаратпен қамтамасыз етуді, коммерциялық негізде материалдық-техникалық, қаржылық және басқа да ресурстармен қамтамасыз

етуде қолдауды қоса алғанда, жеке кәсіпкерліктің жұмыс істеуі мен дамуының жалпы шарттарын қамтамасыз ететін, құрылатын немесе жұмыс істеп тұрған мекемелер кешені;

Е) өз ісін ұйымдастыруға жәрдемдесуді, құқық, маркетинг, инжиниринг және менеджмент саласындағы ақпаратпен қамтамасыз етуді, коммерциялық негізде материалдық-техникалық, қаржылық және басқа да ресурстармен қамтамасыз етуде қолдауды қоса алғанда, жеке кәсіпкерліктің жұмыс істеуі мен дамуының жалпы шарттарын қамтамасыз ететін, құрылатын немесе жұмыс істеп тұрған ғимараттар кешені.

4. Жеке кәсіпкерлік субъектісі айқындайтын және қорғайтын, заңды негізде еркін қол жеткізуге адамдардың шектеулі тобы ие болатын, жариялануы, алынуы, пайдаланылуы оның мүдделеріне залал келтіруі мүмкін ақпарат – это...

- А) мемлекеттік құпия;
- В) қызметтік құпия;
- С) коммерциялық құпия;
- Д) ноу-хау;
- Е) жаңа технологиялар.

5. Жеке кәсіпкерлік мүдделерін қозғайтын нормативтік құқықтық актілер жобаларына жеке кәсіпкерлік субъектілерінің аккредиттелген бірлестіктерінен және мүдделі коммерциялық емес ұйымдардан сараптамалық қорытындылар алу жөніндегі жұмысты ұйымдастыру үшін орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдар жанынан құрылатын консультативтік-кеңесші орган – бұл...

- А) кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі сарапшылық кеңес;
- В) кәсіпкерлікті жүзеге асыру жөніндегі сарапшылық кеңес;
- С) кәсіпкерлік мәселелері бойынша кеңес беру жөніндегі орган;
- Д) кәсіпкерлікті қамтамасыз ету мәселелері жөніндегі кеңес беру органы;
- Е) кәсіпкерлікті реттеу мәселелері жөніндегі сарапшылық кеңес.

6. Оқытуды, ақпараттық қамтамасыз етуді, консультациялық және маркетингтік қызметтер көрсетуді, шағын кәсіпкерлік субъектілерінің жобаларына құқықтық, экономикалық және технологиялық сараптама жасауды жүзеге асыратын заңды тұлғалар – бұл...

- А) шағын кәсіпкерлікті қолдау орталықтары;
- В) кәсіпкерлікті қолдау орталықтары;
- С) орта кәсіпкерлікті қолдау орталықтары;
- Д) облыс аумағында шағын кәсіпкерлікті басқару органдары;
- Е) облыс орталықтарында, қалалар мен ауылдарда шағын кәсіпкерлікті басқару органдары.

7. Жеке кәсіпкерлік субъектілерінің мүдделерін қозғайтын нормативтік құқықтық актілердің жобалары бойынша сараптамалық қорытындылар қандай сипатта болады?

- A) міндетті сипатта;
- B) ұсынымдық сипатта;
- C) жазбаша сипатта;
- D) ауызша сипатта;
- E) басымды сипатта.

8. Жеке кәсіпкер кәсіпкерлік қызметтің қандай түрін жүзеге асырған жағдайда шағын кәсіпкерлік субъектісі статусынан айырылады?

- A) тұрғын үйлер мен ғимараттар құрылысы;
- B) жүк тасымалдау;
- C) автотұрақтарды ұйымдастыру;
- D) жанармай құю станцияларын ашу;
- E) бидай қабылдау орындарында дәнді дақылдарды сақтау.

9. Дара кәсіпкерліктің түрлерін анықтаңыз:

- A) өзіндік, отбасылық;
- B) өзіндік, бірлескен;
- C) өзіндік, ерлі-зайыптылардың;
- D) отбасылық, жай серіктестік;
- E) өзіндік, жай серіктестік.

10. Жеке кәсіпкерлік субъектілерінің қандай құқығы заңдық негізде бекітілмеген?

- A) ҚР-ның заңдарына сәйкес жалдамалы еңбекті пайдалана отырып, жеке кәсіпкерлікті жүзеге асыру;
- B) ҚР-ның заңдарында көзделген тәртіппен филиалдар мен өкілдіктер құру;
- C) өндірілген тауарларға (жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге) бағаны бәсекелестікті жою үшін шарттар негізінде белгілеу;
- D) жеке кәсіпкерлік субъектілеріне өтеулі негізде қаражат (қарыз) беру;
- E) өзінің құқықтық қабілеті шегінде сыртқы экономикалық қызметті жүзеге асыру.

#### **Тақырып 1.4. Заңды тұлғалардың кәсіпкерлік қызметі**

Сабақтың мақсаты: заңды тұлғалардың кәсіпкерлігі туралы білімдерді қалыптастыру.

Жоспар:

1. Заңды тұлға ұғымы.
2. Заңды тұлғаның пайда болуы, қайта құрылуы және тоқтатылуы.
3. Заңды тұлғалардың түрлері мен ұйымдық-құқықтық нысандары.

## 1. Заңды тұлға ұғымы

*Заңды тұлға* – бұл мүліктік қатынастардың басқа субъектілері ұйымдастырған, құрған және құқықтар мен міндеттер берілген субъект. Заңды тұлғаның құрылтайшылары (құрушылары) оны мүліктік қатынастардың субъектілері ретінде өзінен бөлу мақсатында құрады. Мүліктік азаматтық-құқықтық қатынастар үшін заңды тұлға институтының практикалық маңыздылығы мынада: «заңды тұлға құрылтайшыларының өз кәсіпкерлік тәуекелін өздері үшін орынды болады деп есептейтін сомамен шектеу мүмкіндігі бар».

Заңды тұлғаның жария анықтамасы ҚР АҚ-ның 33-б. 1-т. баянды етілген: «Меншік, шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығындағы оқшау мүлкі бар және сол мүлікпен өз міндеттемелері бойынша жауап беретін, өз атынан мүліктік және мүліктік емес жеке құқықтар мен міндеттерге ие болып, оларды жүзеге асыра алатын, сотта талапкер және жауапкер бола алатын ұйым заңды тұлға деп танылады. Заңды тұлғаның дербес балансы немесе сметасы болуға тиіс».

*Заңды тұлғаның белгілері.* Заңды тұлғаның анықтамасынан кез келген ұйымның заңды тұлға ретінде таныла бермейтінін көреміз. Ұйым заңды тұлға мәртебесін алу үшін мынадай белгілердің жиынтығы болуы қажет: ұйымдық бірлік; мүліктік оқшауланушылық; дербес мүліктік жауапкершілік; азаматтық айналымда өз атынан әрекет ету. Белгілерін қысқаша сипаттайық.

Азаматтық кодекс заңды тұлғаны ұйым ретінде анықтайды. Индивидтердің жай ғана белгілі бір мөлшерін емес, өзара әрекеттесу мен қызмет етудің белгілі бір ережелеріне бағынған азаматтар ұжымын ұйым деп түсінеді. Заңды тұлғаның азаматтық-құқықтық қатынастарда біртұтас тұлға ретіндегі сыртқы еркін білдіретін әрекетін көптеген тұлғалардан тұратын ұжымдық құрылым – заңды тұлғаның ұйымдық бірлігі деп түсіну керек.

Заңды тұлғалардың оқшаулану дәрежесі түрліше және ол осы мүліке меншіктің түріне (мемлекеттік, жеке) байланысты. Егер бұл мемлекеттік кәсіпорын болса, онда мүлік оған шаруашылық жүргізу немесе оралымды басқару құқығымен бекітіліп беріледі және ол осы арқылы басқа кәсіпорындардың мүлкінен оқшауланады.

Өзін-өзі өтеу және дербес бухгалтерлік баланстың болуы – заңды тұлғалардың мүліктік оқшаулануының көрінісі. Заңды тұлғаның дербес балансы немесе сметасы болуға тиіс (АҚ-ның 33-б. 1-т.).

Дербес мүліктік жауапкершілік заңды тұлғаның мүліктік оқшауланушылығына сүйенеді. Бұл белгі АҚ-ның 44-б. былайша көрініс тапқан: әрбір заңды тұлға өз міндеттемелері бойынша дербес азаматтық-құқықтық жауапкершілік атқарады, тұлғаның борыштары бойынша оның құрылтайшысы (немесе құрылтайшылары) да, мемлекет те жауап бермейді. Сонымен бірге, кейбір жағдайларда несие берушілердің мүдделерін қамтамасыз ету үшін бұл жалпы ережеден кейбір ерекшеліктер көзделген. Мәселен, қазыналық кәсіпорындар, мемлекеттік мекемелер және несие берушілердің борыштары

бойынша өзінің барлық мүлкімен емес, олардың қолында бар ақшасымен ғана жауап беретін мекемелер үшін ерекшеліктер белгіленген

Азаматтық айналымда өз атынан әрекет ету, атап айтқанда, заңды тұлғаның өз атынан мүліктік және мүліктік емес өзіндік құқықтарды иелену, міндеттер атқару, сотта талапкер және жауапкер болу мүмкіндігінен де көрінеді. Заңды тұлғаның атауы белгілі бір ұйымды құқықтық қатынастардың субъектісі деп тану үшін оны дараландыру және нақтыландыру құралы болып табылады. Азаматтық айналымда өз атынан әрекет ету – заңды тұлғаның басқа белгілерінен шыққан туынды болып табылады

Коммерциялық ұйым болып табылатын заңды тұлғаның міндетті түрде фирмалық атауы болуға тиіс. Мұнда заңды тұлғаның бөгде фирмалық атауды пайдаланғаны үшін кінәлы субъектілерді материалдық жауаптылыққа тартуға дейінгі фирмалық атауды пайдалану ерекше құқығы бар. Басқа тұлғалар белгілі бір ақы үшін заңды тұлғаның фирмалық атауын пайдалана алады.

Заңды тұлға фирмалық атаумен қатар, тауарлық белгі, қызмет көрсету белгісі (сауда маркасы) секілді дараландыру құралдарын да пайдалануы мүмкін. Заңдар немесе құрылтай құжаттары арқылы құқықтың басқа субъектілері алдында арнайы уәкілеттісіз (сенімхатсыз) өз атынан әрекет етуге уәкілетті заңды тұлғаның адамдары мен ұжымдық құрылымдары заңды тұлғаның органдарына жатады. Заңды тұлғаның органдары дара (директор, президент, басқарушы) не ұжымдық (алқалық) болуы мүмкін. Мысалы, жалпы жиналыс, басқарма, директорлар кеңесі және т.с.с. ұжымдық органдарға жатады. Заңды тұлғалардың органдарын тағайындау, сайлау түрлері мен тәртібін, олардың өкілеттіктерін заңды тұлғалардың жекелеген түрлері туралы заң актілері мен құрылтай құжаттары анықтайды.

Филиалдар мен өкілдіктер заңды тұлғаның тұрған жерінен тыс орналасқан мүліктік және аумақтық оқшау бөлімшелері болып табылады. Филиалдар мен өкілдіктердің заңды тұлға мәртебесі болмайды. Заңды тұлғаның тұрған жері – тұрақты жұмыс істейтін органы тұрған жер оның тұрған жері деп танылады.

Құқық қабілеттілік дегеніміз – бұл заң шығарушылардың нақты субъективтік азаматтық құқықтарды иелену және нақты субъективтік міндеттерді атқару жөніндегі жалпы қабілетін таныған ерекше заңдық қасиет.

Заңды тұлға азаматтармен (жеке тұлғалармен) қатар, мүліктік қатынастардың субъектісі болып табылатындықтан (АК-ның 1-б.), ол құқық қабілеттілігіне ие болуға тиіс. Заңды тұлғалардың құқық қабілеттілігі мен әрекет қабілеттілігі олар мемлекеттік тіркеуден өткен сәттен бастап бір мезгілде пайда болатындықтан (АК-ның 42-б. 3-т.), заңды тұлғалар үшін бұл санаттарды ажыратудың маңызы жоқ.

Жалпы құқық қабілеттілігі бар азаматтардан өзгеше, заңды тұлғалардың арнайы құқық қабілеттілігі болады. Заңды тұлғаның азаматтық құқықтары және өз қызметіне байланысты қолданыстағы заңдарға сәйкес (АК-ның 35-б.) және жарғылық міндеттерді жүзеге асыру үшін құрылтай құжаттарына сәйкес

міндеттері болуы мүмкін. Азаматтық құқықтар мен міндеттер заңдық фактілердің негізінде пайда болады. Заңды тұлғалар үшін мұндай фактілер ең алдымен мәмілелер болып саналады. Сондықтан заңды тұлғалардың құқық қабілетілігінің мазмұнын анықтауда ең алдымен заңды тұлға жасауға құқылы мәмілелердің ауқымы назарда болады. Бұрынғы заңдар барлық заңды тұлғаларға заңдарда немесе құрылтай құжаттарында көзделмеген мәмілелерді, яғни жарғылық мақсаттарға сай келмейтін мәмілелерді жасауға тыйым салатын. Заңды тұлғалардың құқық қабілеттілігі «рұқсат етілгеннен басқаның беріне тыйым салынған» деген принципте бейнеленді.

## **2. Заңды тұлғаның пайда болуы, қайта құрылуы және тоқтатылуы**

Заңды тұлғаның құрылтайшысы – меншік иесінің саналы-ерікті қызметі заңды тұлғалар құрылуының қажетті алғышарты болып табылады.

Меншік иесінің белгілі бір нысандағы еркінсіз заңды тұлғалардың құрылуы мүмкін емес. Осыған сәйкес заңды тұлғалар құрылуының өкімдік, рұқсат ету және нормативтік әдістерін бөліп көрсетуге болады.

Заңды тұлғаның *құқық қабілеттілігі ол мемлекеттік тіркеуден өткен сәттен* бастап пайда болады. Қандай түрге жататынына қарамастан, заңды тұлға міндетті түрде тіркелуге тиіс. Оларды тіркеу тәртібі Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу туралы жарлықта және осы жарлықтың негізінде қабылданған Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу туралы Заңда белгіленген.

Аталған заң актілерінде заңды тұлғаларды тіркеуге қажетті құжаттардың толық тізбесі және заңды тұлғалардың құрылтай құжаттарын қарау мерзімдері көрсетілген.

Тіркеу кезінде заңды тұлғаларды құрудың тиімділігі мәселелеріне назар аударылмайды, олардың өндірістік-шаруашылық қаржы қызметіне бақылау жасау және араласу мақсаты көзделмейді.

Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеудің қажеттігі мынада, ол:

- заңды тұлғаның пайда болу фактісін растайды;
- заңды тұлғаларды бірыңғай мемлекеттік тізілімге тіркегеннен кейін барлық заңды тұлғалардың мемлекеттік есебін жүргізуге мүмкіндік береді;
- жариялылық жағдайларын туғызады, өйткені кез келген мүдделі адам құпия немесе коммерциялық құпия болып табылатын мәліметтерден басқа заңды тұлғаны сипаттайтын барлық материалдармен тіркеуші органдар арқылы танысуға құқылы.

Шетелдіктер және шетелдік заңды тұлғалар мен олардың өкілдіктері қатысатын кәсіпорындарды тіркеудің ерекше тәртібі бар. Мұндай ұйымдар тікелей ҚР Әділет министрлігінде тіркеледі.

Қайта тіркеу заңды тұлғаның құрылуын емес, қызмет етіп тұрған тіркелген заңды тұлғаны қолданыстағы заңдардың талаптарына сәйкестендіруді білдіреді. АК-ның 42-б. 6-т. сәйкес заңды тұлға мынадай жағдайларда қайта тіркелуге тиіс: 1) акционерлік қоғамның жарғылық капиталының және жарияланған жарғылық капиталының мөлшері азайғанда;

2) заңды тұлғаның атауы өзгергенде; 3) шаруашылық серіктестіктеріндегі және жабық акционерлік қоғамдардағы қатысушылардың құрамы өзгергенде және басқа негіздер бойынша.

*Заңды тұлға қызметінің тоқтатылуы.* Заңды тұлғаның қайта құрылуы (АК-ның 45-б.) және таратылуы (АК-ның 49-б.) нәтижесінде заңды тұлғаның қызметі тоқтатылады.

Заңды тұлғаны қайта құру оның мүлкінің меншік иесінің немесе меншік иесі уәкілеттік берген органның, құрылтайшылардың (қатысушылардың) шешімі бойынша, сондай-ақ заңды тұлғаның құрылтай құжаттары уәкілеттік берген органның шешімімен, немесе заң құжаттарында көзделген жағдайларда сот органдарының шешімі бойынша жүргізіледі. АК-ның 45-б. 1-т. бойынша қайта құрудың басқа да нысандары көзделгеніне қарамастан, заң шығарушылар заңды тұлғаларды қайта құрудың бес нысанын – қосу, біріктіру, бөлу, бөліп шығару, өзгерту – атап көрсетеді.

Заңды тұлғаны қайта құру ерікті түрде немесе ықтиярсыз жүргізілуі мүмкін. (АК-ның 45-б. 2-т.). Заңды тұлғаны ықтиярсыз қайта құру сот органдарының шешімімен және заң құжаттарында көзделген жағдайларда жүзеге асырылуы мүмкін. Ықтиярсыз қайта құру тек бөлу, бөліп шығару немесе өзгерту нысанында ғана жүзеге асырылады. Ол монополияға қарсы заңдар бұзылған кезде; банкроттық жағдайында; заңды тұлғалардың кейбір түрлеріне қойылатын заңның талаптары бұзылғанда және басқа да кейбір жағдайларда жүргізілуі мүмкін.

Ерікті түрде қайта құру шаруашылық серіктестіктің, акционерлік қоғамның, өндірістік кооператив қатысушыларының (құрылтайшыларының) шешімі бойынша қолданыстағы заңдарға сәйкес және осы заңды тұлғалардың құрылтай құжаттары бойынша жүргізілуі мүмкін.

Заңды тұлғаларды ықтиярсыз тарату соттың шешімімен жүргізіледі.

АК-ның 49-б. 2-т. сәйкес, соттың шешімі бойынша заңды тұлға: 1) банкрот болған; 2) заңды тұлғаны құру кезінде заңдардың түзетуге келмейтін сипатта бұзылуына жол берілуіне байланысты оны тіркеу жарамсыз деп танылған; 3) заңды тұлғаның жарғылық мақсаттарына қайшы келетін қызмет үнемі жүзеге асырылған; 4) тиісті рұқсат алынбаған (лицензиясыз) қызметті не заң құжаттарында тыйым салынған қызметті жүзеге асырған не қызметін заңдарды бірнеше рет немесе өрескел бұза отырып жүргізген жағдайларда; 5) заң құжаттарында көзделген басқа да жағдайларда таратылуы мүмкін.

Сонымен, заңды тұлғаларды ықтиярсыз тарату негіздерінің тізбесі толық емес. Уәкілетті орган, мысалы, монополияға қарсы комитет заңды тұлғаны ықтиярсыз тарату жөніндегі талаппен сотқа қайырыла алады, оған мұндай талап қою құқығын заң актілері берген, ал банкроттық жағдайында несиелері берген (АК-ның 49-б. 3-т.).

Заңды тұлға мүлкінің меншік иесі немесе заңды тұлғаны тарату туралы шешім қабылдаған орган бұл туралы заңды тұлғаларды тіркеуді жүзеге асыратын әділет органына дереу жазбаша түрде хабарлауға міндетті. Олар

тарату комиссиясының мүшелерін бекітеді АҚ-ке сәйкес тарату тәртібі мен мерзімін белгілейді (АҚ-ның 50-б. 1, 2-тт.).

Заңды тұлғаның мүлкін меншіктенуші немесе оны тарату туралы шешім қабылдаған орган тағайындайтын тарату комиссиясы заңды тұлғаның мүлкі мен істерін басқару жөнінде өкілеттік қабылдайды, сотта таратылатын заңды тұлғаның атынан әрекет етеді.

ҚР Әділет министрлігінің ресми басылымдарында заңды тұлғаны тарату, оның несие берушілерінің талаптарын білдіру тәртібі мен мерзімі, несие берушілерді, сондай-ақ заңды тұлғаның борышқорларын анықтау және олардан берешекті алу шараларын қабылдау туралы материалдар жариялау тарату комиссиясының міндеттеріне жатады. Тарату комиссиясы осындай мақсатпен таратылатын кәсіпорынның борышқорларына талаптар қояды, ол орындалмайтын жағдайда - сотқа талап қояды. Несие берушілердің талаптарын қанағаттандыру үшін ақша жетіспейтін жағдайда тарату комиссиясы таратылатын заңды тұлғаның мүлкін сатумен айналысады. Бұл ереже мекемелерге таралмайды. Мекемелер, мемлекеттік мекемелер өздерінің қолында бар ақшамен ғана жауап береді, ал олар жетіспейтін реттерде – міндеттемелер бойынша жауапкершілік Үкіметке немесе жергілікті атқару органына жүктеледі. Мемлекеттік мекемелер шарттық міндеттемелер бойынша заңдарға сәйкес мемлекеттік мекемені ұстауға арналып бекітілген сметаның шегінде жауап береді (АҚ-ның 44-б. 1-т.).

Талап қою өтініштерін беру мерзімі заңды тұлғаны тарату туралы мәлімет жарияланған сәттен бастап екі айдан кем болмауы тиіс. Бұл мерзім өткен соң тарату комиссиясы аралық тарату балансын жасайды, онда таратылатын заңды тұлға мүлкінің құрамы туралы мәліметтер, несие берушілер қойған талаптардың тізбесі және оларды қараудың нәтижелері көрсетіледі. Аралық тарату балансын мүліктің меншік иесі немесе оны тарату жөнінде шешім қабылдаған орган бекітеді.

Заңды тұлға банкрот болатын жағдайда оны таратудың біраз өзгеше тәртібі қолданылады. Банкроттық - борышкердің соттың шешімімен танылған, оны таратуға негіз болып табылатын дәрменсіздігі (АҚ-нің 52-б.). Заңды тұлғалардың банкроттығын жүзеге асыру процесі 2014 ж. 7 наурыздағы «Оңалту және банкроттық туралы» ҚР Заңында толық баяндалған. Алайда заңды тұлғалардың барлық түрлері бірдей банкрот процесіне ұшыратуға жатпайды. Атап айтқанда, қазыналық кәсіпорындарға, мекемелерге, мемлекеттік мекемелерге банкроттық институты қолданылмайды, өйткені бұл заңды тұлғаларда несие берушілердің талаптарын қанағаттандыру үшін ақшасы жетіспейтін жағдайларда мүліктің меншік иесі ортақ жауапты болады.

Заңды тұлға таратылған кезде оның несие берушілерінің талаптары, АҚ-нің 51-б. көзделгеніндей, бекітілген кезек бойынша қанағаттандырылады.

### **3. Заңды тұлғалардың түрлері мен ұйымдық-құқықтық нысандары**



ҚР АҚ-нің нормаларына сәйкес заңды тұлғалардың түрлері мынадай негіздер бойынша жіктеледі:

- заңды тұлғаларға немесе олардың мүлкіне қатысты құрылтайшылардың (қатысушылардың) құқықтары;
- заңды тұлғалар қызметінің мақсаттары;
- заңды тұлғаның мүлкі негізделетін меншік нысаны.

Заңды тұлғаның оқшау мүлкіне қатысты оның құрылтайшылары міндеттемелік немесе заттық құқықтарын сақтауы мүмкін. ҚР АҚ-нің 36-б. сәйкес, қатысушылар оларға қатысты міндеттемелік құқықтарын сақтайтын заңды тұлғаларға акционерлік қоғамдар, шаруашылық серіктестіктер және кооперативтер жатады.

Өздерінің құрылтайшылары олардың мүлкіне меншік құқығын немесе өзге де заттық құқығын сақтайтын заңды тұлғаларға шаруашылық жүргізу құқығына негізделген мемлекеттік кәсіпорындар және оралымды басқару құқығындағы мүлкі бар қазыналық кәсіпорындар, оның ішінде еншілес кәсіпорындар, сондай-ақ құрылтайшы қаржыландыратын мекемелер және мемлекеттік мекемелер жатады.

Қоғамдық ұйымдар, діни ұйымдар, қайырымдылық және өзге де қорлар олардың құрылтайшы-қатысушыларының ешқандай мүліктік құқықтары болмайтын заңды тұлғаларға жатады.

Қызмет ету мақсаттарына қарай заңды тұлғаларды жіктеу АҚ-ның 34-бабының негізінде коммерциялық және коммерциялық емес ұйымдар бойынша жүргізіледі. Өз қызметінің негізгі мақсаты табыс келтіруді көздейтін заңды тұлға коммерциялық ұйымға жатады. Мұндай мақсатты көздемейтін және алынған таза табысын қатысушыларына үлестірмейтін ұйым коммерциялық емес ұйым деп есептеледі.

Коммерциялық ұйымдар акционерлік қоғам, шаруашылық серіктестік, өндірістік кооператив, мемлекеттік кәсіпорын нысанында құрылуы мүмкін.

Мекемелер, мемлекеттік мекемелер, қоғамдық қорлар, қоғамдық бірлестіктер, діни бірлестіктер, тұтынушылар кооперативтері, қауымдастықтар (одақтар) нысанындағы заңды тұлғалардың бірлестіктері заңды тұлғалардың коммерциялық емес түрлеріне жатады.

*Толық серіктестіктің* мүлкі жеткіліксіз болған жағдайда қатысушылары серіктестіктің міндеттемелері бойынша өзіне тиесілі барлық мүлкімен ортақ жауапкершілікте болатын серіктестік толық серіктестік деп танылады (АҚ-нің 63-б. 1-т.).

Серіктестіктің міндеттемелері бойынша өзінің бүкіл мүлкімен (толық серіктерімен) қосымша жауап беретін бір немесе одан да көп қатысушылармен қатар, серіктестіктің (салымшылардың) мүлкіне өздері салған салымдардың жиынтығымен шектелетін бір немесе одан көп қатысушыларды да енгізетін және серіктестіктің кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға қатыспайтын серіктестік *сенім серіктестігі* деп танылады (АҚ-нің 72-б. 1-т.).

*Жауапкершілігі шектеулі серіктестік* шаруашылық серіктестіктердің ең көп таралған нысаны болып табылады. Жауапкершілігі шектеулі серіктестік бірлескен кәсіпорындардың бірі болып саналады. Корпорация дегеніміз – бұл оның құрушылары осымен бір мезгілде бірлесе және заңдық тең негізде әрекет ететін қатысушылар болып табылатын өзін-өзі ұйымдастырған заңды тұлға. Жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің қызметін АҚ және ЖШС туралы Заң реттейді.

Бір немесе бірнеше адам құрған, жарғылық капиталы құрылтай құжаттарымен белгіленген мөлшерде үлеске бөлінген серіктестік *жауапкершілігі шектеулі серіктестік* (бұдан былай – ЖШС) деп танылады; жауапкершілігі шектеулі серіктестікке қатысушылар оның міндеттемелері бойынша жауап бермейді және серіктестіктің қызметіне байланысты залалдарға өздерінің қосқан салымдарының құны шегінде тәуекел етеді.

Қатысушылары серіктестіктің міндеттемелері бойынша өздерінің жарғылық капиталға салымдарымен жауап беретін, ал бұл сомалар жеткіліксіз болған жағдайда, өздеріне тиесілі мүлікпен оған өздері еселенген мөлшерде енгізген салымдар арқылы жауап беретін серіктестік *қосымша жауапкершілігі бар серіктестік* деп танылады (АҚ-ның 84-б. 1-т.).

Қазақстан Республикасының акционерлік заңдары АҚ-ның ережелерінен және 2003 ж. 16 мамырда қолданысқа енгізілген «Акционерлік қоғамдар туралы» ҚР Заңынан тұрады. Акционерлік қоғамдар туралы заңды қабылдау кезек күттірмейтін қажеттілік болды. АҚ-нің 85-б. 1,2-тт. сәйкес, «өзінің қызметін жүзеге асыру үшін қаражат тарту мақсатында акциялар шығаратын заңды тұлға *акционерлік қоғам* болып танылады».

*Өндірістік кооператив* дегеніміз – бұл бұрынғы кезде де, қазіргі уақытта да кеңінен қолданылатын, адамдардың ұжымдық еңбегін ұйымдастырудың ескі түрлерінің бірі. Азаматтардың бірлескен кәсіпкерлік қызмет үшін мүшелік негізде, олардың өз еңбегімен қатысуына және өндірістік кооператив мүшелерінің мүліктік жарналарын біріктіруіне негізделген ерікті бірлестігі *өндірістік кооператив* деп танылады (АҚ-нің 96-б. 1-т.).

Заңдарда «*кәсіпорын*» термині екі мағынада қолданылады. Алғашқысында кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру үшін пайдаланылатын мүліктік кешенді (зауыт, фабрика, шахта және т.с.с.) кәсіпорын деп түсінеді. Бұл мағынада алғанда, мысалы, кооперативтік, жеке, отбасылық кәсіпорын және т.с.с. туралы айтуға болады. Демек, мүліктік кешен ретінде қарастырылатын кәсіпорын жеке меншікке де, мемлекеттік меншікке де жатуы мүмкін. Екінші мағынада «*кәсіпорын*» термині заңды тұлғаның ұйымдық-құқықтық нысандарының бірін білдіреді және бұл мағынада тек мемлекеттік кәсіпорын болуы мүмкін (АҚ-ның 34-б.).

Заңды тұлға ретінде *мемлекеттік кәсіпорын* өзіне тиесілі мүліктің меншік иесі болып есептелмейді - оның меншік иесі мемлекеттің өзі – және осы кәсіпорындар иеленіп отырған мүлікке заттық құқыққа қарай өз қызметін жүзеге асырады, олар АҚ-нің 102-б. 1-т. сәйкес: 1) шаруашылық жүргізу

құқығына негізделген; 2) оралымды басқару құқығына негізделген мемлекеттік кәсіпорындарға бөлінеді. Мұның кейінгісі «қазыналық кәсіпорын» (яғни қазынаға, фискалға (мемлекетке) тиесілі кәсіпорындар) деген арнайы терминмен аталады.

*Мемлекеттік меншіктің түріне қарай кәсіпорындар:*

а) республика меншігіндегі кәсіпорындар – республикалық мемлекеттік кәсіпорындар; б) коммуналдық меншіктегі кәсіпорындар – коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындар болып бөлінеді.

Басқа мемлекеттік кәсіпорын құрған кәсіпорын еншілес мемлекеттік кәсіпорын ретінде қарастырылады. Мүліктік кешен ретінде мемлекеттік кәсіпорын жылжымайтын мүлік деп танылады.

*Өз қызметінің негізгі мақсаты кіріс түсіруді көздемейтін және алынған таза кірісті қатысушылар арасында бөлмейтін ұйым коммерциялық емес ұйым болып табылады.* Коммерциялық емес ұйымдардың қызметін ҚР Азаматтық кодексі, 16.01.2001 ж. қабылданған ҚР «Коммерциялық емес ұйымдар туралы» Заңы, коммерциялық емес ұйымдардың жекелеген түрлері туралы заңдар және заңға тәуелді нормативтік актілер реттеп отырады.

Коммерциялық емес ұйым болып табылатын заңды тұлға *мекеме, қоғамдық бірлестік, акционерлік қоғам, тұтыну кооперативі, қоғамдық қор, діни бірлестік нысанында құрылуы мүмкін* (АК-нің 34-б. 3-т.). Коммерциялық ұйымдардың тізбесіне қарағанда, бұл тізбені толық деуге болмайды. Заң актілерінде коммерциялық емес ұйымдардың өзгеше нысаны белгіленуі мүмкін. Коммерциялық емес ұйымдар туралы заңның 17-б. 2-т. сәйкес нотариалдық; палаталар, адвокаттар алқалары, сауда-өнеркәсіп палаталары, аудиторлар палаталары, меншік пәтер иелері кооперативтері және басқа да коммерциялық емес ұйымдар өзге де ұйымдық-құқықтық нысанда құрыла алады.

Коммерциялық емес ұйымдар әлеуметтік, мәдени, ғылыми, білім беру, қайырымдылық, басқару мақсаттарына қол жеткізу; азаматтардың және ұйымдардың құқықтарын, заңды мүдделерін қорғау; даулар мен жанжалдарды шешу; азаматтардың рухани және өзге қажеттіліктерін қанағаттандыру; азаматтардың денсаулығын сақтау, қоршаған ортаны қорғау, денешынықтыру мен спортты дамыту; заң көмегін көрсету үшін, сондай-ақ қоғамдық игіліктерді және өз мүшелерінің (қатысушылардың) игіліктерін қамтамасыз етуге бағытталған басқа да мақсаттарда құрылуы мүмкін.

### **Бақылау сұрақтары:**

1. Заңды тұлға дегеніміз не?
2. Заңды тұлғаның қайта құру нысандары қандай?
3. Заңды тұлғаның ұйымдық-құқықтық нысандарын атаңыз?

### **Тест тапсырмалары:**

1. Толық серіктестік мыналарға жатады:

- A) коммерциялық емес заңды тұлғаларға;
- B) коммерциялық заңды тұлғаларға;
- C) коммерциялық емес заңды тұлғаларға, егер құрылтай құжаттарында тікелей белгіленген болса;
- D) коммерциялық емес заңды тұлғаларға, егер құрылтай құжаттарында тікелей белгіленген болса;
- E) егер жарғыда өзгеше белгіленбеген болса, коммерциялық заңды тұлғаларға.

2. Мемлекеттік мекеме мыналарға жатады:

- A) коммерциялық емес заңды тұлғаларға;
- B) коммерциялық заңды тұлғаларға;
- C) коммерциялық емес заңды тұлғаларға, егер құрылтай құжаттарында тікелей белгіленген болса;
- D) коммерциялық емес заңды тұлғаларға, егер құрылтай құжаттарында тікелей белгіленген болса;
- E) егер жарғыда өзгеше белгіленбеген болса, коммерциялық заңды тұлғаларға.

3. Саяси партиялар мыналарға жатады:

- A) коммерциялық емес заңды тұлғаларға;
- B) коммерциялық заңды тұлғаларға;
- C) коммерциялық емес заңды тұлғаларға, егер құрылтай құжаттарында тікелей белгіленген болса;
- D) коммерциялық емес заңды тұлғаларға, егер құрылтай құжаттарында тікелей белгіленген болса;
- E) егер жарғыда өзгеше белгіленбеген болса, коммерциялық заңды тұлғаларға.

4. Ауылдық тұтыну кооперативі мыналарға жатады:

- A) коммерциялық емес заңды тұлғаларға;
- B) коммерциялық заңды тұлғаларға;
- C) коммерциялық емес заңды тұлғаларға, егер құрылтай құжаттарында тікелей белгіленген болса;
- D) коммерциялық емес заңды тұлғаларға, егер құрылтай құжаттарында тікелей белгіленген болса;
- E) егер жарғыда өзгеше белгіленбеген болса, коммерциялық заңды тұлғаларға.

5. Заңды тұлғалардың біріккен қауымдастықтары мыналарға жатады:

- A) коммерциялық емес заңды тұлғаларға;
- B) коммерциялық заңды тұлғаларға;
- C) коммерциялық емес заңды тұлғаларға, егер құрылтай құжаттарында тікелей белгіленген болса;
- D) коммерциялық емес заңды тұлғаларға, егер құрылтай құжаттарында тікелей белгіленген болса;
- E) егер жарғыда өзгеше белгіленбеген болса, коммерциялық заңды тұлғаларға.

6. Аталғандардың арасынан жалпы құқық қабілеттілігі жоқ заңды тұлғаны алып тастаңыз:

- A) өндірістік кооператив;
- B) заңды тұлғалардың біріккен одағы;
- C) акционерлік қоғам;
- D) толық серіктестік;
- E) жауапкершілігі шектеулі серіктестік.

7. Аталғандардың арасынан жалпы құқық қабілеттілігі жоқ заңды тұлғаны алып тастаңыз:

- A) өндірістік кооператив;
- B) заңды тұлғалардың біріккен қауымдастығы;
- C) акционерлік қоғам;
- D) толық серіктестік;
- E) жауапкершілігі шектеулі серіктестік.

8. Заңды тұлғалар мемлекеттік тіркеуден өтеді:

- A) нотариалдық палатада;
- B) прокуратурада;
- C) салық органда;
- D) әділет органдарында;
- E) аудиторлық палатада.

9. Қайта құру болып табылмайды:

- A) бөлу;
- B) қосу;
- C) біріктіру;
- D) өзгерту;
- E) қайта профильдеу.

10. Өндірістік кооперативтің қаржы-шаруашылық қызметіне бақылау жасаушы орган болып табылады:

- A) кооператив мүшелерінің жалпы жиналысы;
- B) бақылау кеңесі;
- C) басқарма;
- D) тексеру комиссиясы;
- E) директорлар кеңесі.

### **Тақырып 1.5. Мемлекеттік кәсіпкерліктің нысандары**

Сабақтың мақсаты: мемлекеттік кәсіпкерліктің нысандары туралы білімдерді қалыптастыру.

Жоспар:

1. Мемлекеттік кәсіпорынның ұғымы.
2. Мемлекеттік кәсіпорынның түрлері.

### **1. Мемлекеттік кәсіпорынның ұғымы**

Мемлекеттік кәсіпорын мемлекеттік кәсіпкерлікті жүзеге асырудың нысаны болып табылады.

Мемлекеттік кәсіпорын – бұл мүлкі мемлекеттік меншік құқығындыға коммерциялық заңды тұлға (ҚР АҚ 102-104 бб.).

Басқа мемлекеттік кәсіпорын құрған мемлекеттік кәсіпорын еншілес мемлекеттік кәсіпорын болып табылады.

Мемлекеттік кәсіпорындар қызметінің негізгі міндет-мақсаты қоғам мен мемлекеттің қажетіне қарай айқындалатын мынадай әлеуметтік-экономикалық міндеттерді шешу болып табылады:

- 1) мемлекеттің қорғаныс қабілетін материалдық жағынан қамтамасыз ету және қоғам мүддесін қорғау;
- 2) экономиканың жеке меншік секторы қамтымаған немесе жеткіліксіз қамтыған қоғамдық өндірістің буындары мен салаларында бірінші қажеттіліктегі тауарларды өндіру (жұмыстар атқару, қызметтер көрсету);
- 3) мемлекеттік монополияға жатқызылған немесе бақылау және қадағалау функцияларын қоспағанда, мемлекеттің функциясы болып табылатын салалардағы қызметті жүзеге асыру.

### **2. Мемлекеттік кәсіпорынның түрлері**

Мемлекеттік меншіктің түрлеріне қарай кәсіпорындар: 1) *республика меншігіндегі кәсіпорындар* – республикалық мемлекеттік кәсіпорындар; 2) *коммуналдық меншіктегі кәсіпорындар* – коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындар болып бөлінеді.

Республикалық мемлекеттік кәсіпорындарға қатысты республикалық меншік құқығы субъектісінің функцияларын республикалық мемлекеттік меншікке билік етуге ҚР Үкіметі уәкілеттік берген мемлекеттік орган, сондай-ақ ҚР Ұлттық Банкі орындайды.

Коммуналдық меншік құқығы субъектісінің коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындарға қатысты функцияларын тиісті әкімшілік-аумақтық бөліністің әкімшіяты жүзеге асырады. Тиісті әкімшілік-аумақтық бөліністің әкімшіяты немесе жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын әкім уәкілеттік берген атқарушы орган коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындарды мемлекеттік басқару органы болып табылады.

Республикалық мемлекеттік кәсіпорын ҚР Үкіметінің немесе Ұлттық Банктің шешімі бойынша, коммуналдық мемлекеттік кәсіпорын – ҚР Үкімет белгілеген тәртіппен жергілікті атқарушы органның шешімі бойынша құрылады. Мемлекеттік кәсіпорынның құрылтайшысы уәкілді орган болады.

Мемлекеттік кәсіпорын өзі мемлекеттік тіркеуден өткен кезден бастап құрылған деп саналады және заңды тұлғаның құқығына ие болады. Мемлекеттік кәсіпорындарды тіркеу заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу үшін белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады. Бұл заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және қайта тіркеу туралы заң актілерінде көзделген жағдайда мемлекеттік кәсіпорын қайта тіркеуге жатқызылады.

Мемлекеттік кәсіпорынның фирмалық атауында мүлік иесі мемлекеттік меншіктің қай түріне (республикалық немесе коммуналдық) жататыны және ведомстволық бағыныстылығы көрсетілуі керек. Жедел басқару құқығындағы кәсіпорынның фирмалық атауында оның қазыналық болып табылатындығы көрсетілуі тиіс. Мемлекеттік кәсіпорынның Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген және фирмалық атауы бар мөрі болады.

Кәсіпорынның мүлкін құны кәсіпорынның дербес балансында көрсетілетін кәсіпорынның барлық активтері құрайды. Мемлекеттік кәсіпорынның мүлкі бөлінбейді және оны салымдар (үлестер, пайлар) бойынша, соның ішінде кәсіпорын қызметкерлерінің арасында бөлуге болмайды. Мемлекеттік кәсіпорынның мүлкі: 1) оған меншік иесі берген мүліктің; 2) өз қызметінің нәтижесінде сатып алынған мүліктің (ақшалай табыстарды қосқанда); 3) заңдармен тыйым салынбаған өзге де қаражат негіздерінің есебінен қалыптастырылады.

*Мемлекеттік кәсіпорын тұтас алғанда мүлік кешені* ретінде жылжымайтын мүлік болып танылады және мемлекеттік меншік құқығының объектісі болып табылады. Мүліктік меншік ретінде кәсіпорынның құрамына оның қызмет етуіне арналған мүліктің барлық түрлері, оның ішінде үйлер, ғимараттар, жабдықтар, құрал-саймандар, шикізат, өнімдер, жер учаскесіне құқығы, талап ету құқықтары, борыштар, сондай-ақ оның қызметін дараландыратын белгілерге құқықтар (фирмалық атауы, тауар белгілері) және басқа да айрықша құқықтар енеді.

Мемлекеттік кәсіпорындардың заттық құқығының мазмұнына байланысты *екі түрі* болады: 1) шаруашылық жүргізу құқығына негізделген; 2) оралымды басқару құқығына негізделген (қазыналық кәсіпорын) кәсіпорындар.

Шаруашылық жүргізу құқығы мүлікті мемлекеттен меншік иесі ретінде алған және осы мүлікті иелену, пайдалану және оған билік ету құқықтарын Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде, осы Заңда және өзге де заң құжаттарында белгіленген шекте жүзеге асыратын мемлекеттік кәсіпорынның заттық құқығы болып табылады. Егер заңдарда өзгеше көзделмесе, кез келген мүлік шаруашылық жүргізу құқығының объектісі бола алады. Кәсіпорынның қарамағында тек өзінің жарғылық мақсаттарында көзделген қызметті қамтамасыз ету үшін қажетті, не осы қызметтің өнімі ретінде алынған мүлік қана бола алады.

Жедел басқару құқығындағы мемлекеттік мүлікке ие кәсіпорын *қазыналық* болып табылады. Жедел басқару құқығы қазыналық кәсіпорынның меншік иесінен алған және өз қызметінің мақсатына, меншік иесінің

тапсырмалары мен мүліктің мақсатына сәйкес заң актілерінде белгіленген шекте сол мүлікті иелену, пайдалану және оған билік ету құқығын жүзеге асыратын заттық құқық болып табылады. Қазыналық кәсіпорын өзінің жарғылық қызметін қамтамасыз ету үшін қажетті мүлікті ғана жедел басқару құқығы негізінде иемдене алады.

Мемлекеттік кәсіпорындардың негізгі құралдарға жататын, шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығында бекітілген мүлікке, сондай-ақ оларға тиесілі акцияларға қатысты сатуға және сыйға беру мәмілелерін жасасуға құқығы жоқ.

Мемлекеттік кәсіпорын үшін мемлекеттің тапсырысын орындау *міндет* болып табылады. Егер бұл шарттар мемлекеттің тапсырысында көзделген болса, кәсіпорынның тауарларды (жұмыстар атқаруды, қызметтер көрсетуді) сатып алушы немесе сатушы ретінде шарттар жасаудан бас тартуға құқығы жоқ. Мемлекеттің тапсырысы кәсіпорынға мемлекеттік басқару органы арқылы жеткізіледі. Мемлекеттің тапсырысында қамтылмаған өнімдерді (жұмыстар атқаруды, қызметтер көрсетуді) кәсіпорын өз бетімен сатады.

### **Бақылау сұрақтары:**

1. Мемлекеттік кәсіпорын дегеніміз не?
2. Мемлекеттік кәсіпорынның түрлерін анықтаңыз?
3. Мемлекеттік кәсіпорынның шаруашылық қызметіндегі ерекшеліктерді анықтаңыз?

### **Тест тапсырмалары:**

1. Мемлекеттік органдардың шешімі негізінде құрылған, әлеуметтік, қайырымдылық, мәдени, білім беру және өзге де қоғамдық пайдалы мақсаттарды көздейтін мүшелігі жоқ коммерциялық емес қор:

- A) қоғамдық;
- B) мемлекеттік;
- C) жеке;
- D) корпоративтік;
- E) коммуналдық.

2. Меншік, шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығындағы оқшау мүлкі бар және сол мүлікпен өз міндеттемелері бойынша жауап беретін, өз атынан мүліктік және мүліктік емес жеке құқықтар мен міндеттерге ие болып, оларды жүзеге асыра алатын, сотта талапкер және жауапкер бола алатын ұйым – бұл:

- A) заңды тұлға;
- B) жеке тұлға;
- C) азаматтық құқығы субъектісі ретінде мемлекет;
- D) дара кәсіпкер;
- E) шаруа қожалығы.



3. Мемлекеттік кәсіпорынның түрлерін анықтаңыз:

- A) шаруашылық жүргізу құқығына негізделген кәсіпорындар және жедел басқару құқығына негізделген кәсіпорындар;
- B) қазыналық және коммуналдық;
- C) мемлекеттік және мемлекеттік емес;
- D) қаржылық және басқарулық;
- E) шаруашылық есепке негізделген.

4. Мемлекеттік кәсіпорынды кім құра алады?

- A) ҚР Үкіметі;
- B) жеке тұлға;
- C) коммерциялық емес ұйым;
- D) саяси партия;
- E) үкіметтік емес ұйым.

5. Мемлекеттік кәсіпорындардың атауында мынаны көрсету қажет:

- A) құрылтайшының атауы;
- B) заңды тұлғаның тұрған жері;
- C) құрылтайшының тұрған жері;
- D) мемлекеттік тіркеу туралы куәлігінің нөмірі;
- E) салық төлеушінің нөмірі.

6. Қазыналық кәсіпорын деп қайсысын атайды?

- A) шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік мүлікке ие кәсіпорын;
- B) меншік құқығындағы мемлекеттік мүлікке ие кәсіпорын;
- C) аренда құқығындағы мемлекеттік мүлікке ие кәсіпорын;
- D) үлестік меншік құқығындағы мемлекеттік мүлікке ие кәсіпорын;
- E) жедел басқару құқығындағы мемлекеттік мүлікке ие кәсіпорын.

7. Мемлекеттік меншіктің түрлеріне қарай кәсіпорындар мыналарға бөлінеді:

- A) республикалық және коммуналдық;
- B) шаруашылық және қоғамдық;
- C) коммерциялық және коммерциялық емес;
- D) облыстық және қалалық;
- E) үкіметтік және жергілікті.

8. Мемлекеттік кәсіпорындар қызметінің негізгі міндет-мақсаты болып табылмайды:

- A) қоғам мен мемлекеттің қажетіне қарай айқындалатын мынадай әлеуметтік-экономикалық міндеттерді шешу;
- B) мемлекеттің қорғаныс қабілетін материалдық жағынан қамтамасыз ету және қоғам мүддесін қорғау;

- С) экономиканың жеке меншік секторы қамтымаған немесе жеткіліксіз қамтыған қоғамдық өндірістің буындары мен салаларында бірінші қажеттіліктегі тауарларды өндіру (жұмыстар атқару, қызметтер көрсету);
- Д) мемлекеттік монополияға жатқызылған немесе бақылау және қадағалау функцияларын қоспағанда, мемлекеттің функциясы болып табылатын салалардағы қызметті жүзеге асыру;
- Е) бюджеттік қаражатты пайдалану.

9. Республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың атаулы тізбесін кім бекітеді?

- А) ҚР Үкіметі;
- В) акимат;
- С) маслихат;
- Д) ҚР Парламенті;
- Е) ҚР Президенті.

10. Мемлекеттік кәсіпорын қызметінің мәні мен мақсатын кім анықтайды?

- А) құрылтайшысы;
- В) бірінші басшысы;
- С) бас бухгалтері;
- Д) лицензиар;
- Е) тіркеуші орган.

## **2-Модуль. Кәсіпкерлік келісімдер жүйесі**

### **Тақырып 2.1. Кәсіпкерлік қызмет саласында шаруашылық байланыстарды ұйымдастыру ерекшеліктері**

Сабактың мақсаты: кәсіпкерлік қызмет саласында шаруашылық байланыстарды ұйымдастыру ерекшеліктері туралы білімдерді қалыптастыру  
Жоспар:

1. Шарт шаруашылық байланыстардың пайда болу негізі ретінде.
2. Шарттардың түрлері. Шаруашылық шарттардың ерекшеліктері.
3. Шарт жасасу, оны өзгерту және бұзу.

#### **1. Шарт шаруашылық байланыстардың пайда болу негізі ретінде**

Екі немесе одан көп адамның азаматтық құқықтар мен міндеттемелерді белгілеу, өзгерту немесе тоқтату туралы келісімі шарт деп танылады (АК-ның 378-б. 1-т.).

«Шарт» термині азаматтық заңнамада әртүрлі мәнде қолданылады: өзінен міндеттеме туындайтын заңдық факты; сол шарттық міндеттеменің өзі; шарттық міндеттемені ресімдеген құжат. Шарт – құқықтық қатынастың туындауына, өзгеруіне немесе тоқтауына негіз болатын заңдық факт.

Сондықтан да, шарт азаматтық, соның ішінде шаруашылық, құқықтар мен міндеттемелерді туындататын негіздердің бірі болып саналады (ҚР АҚ 7-б.).

148-б. 1-т. сәйкес мәмілелер бір жақты және екі немесе көп жақты (шарттар) болуы мүмкін. Сол себепті, шарт мәміле болып табылады және шартқа екі және көп жақты мәмілелер туралы (373-б. 2-т.), атап айтқанда, мәміленің формасы және оны тіркеу туралы, мәмілені заңсыз деп тану туралы және т.б. ережелер қолданылады. «Бір жақты және көп жақты мәмілелер» ұғымын «бір жақты және өзара шарттар» ұғымынан ажырату керек. Бір жақты мәміле шартқа жатпайды, себебі мәмілені жасау үшін тараптардың келісімі керек емес, бір жақтың ерік білдіруі жеткілікті. *Шарттың басқа мәмілелерден және басқа заңдық фактылардан айырмашылығы сол, шарт дегеніміз тараптардың келісімі.* Сондықтан, 148-б. 3-т. сәйкес, шарт жасасу үшін екі тараптын (екі жақты мәміле) не үш немесе одан да көп тараптың (көп жақты мәміле) келісілген ерік білдіруі қажет.

Шарттардың басым көпшілігі *екі жақты мәміле* болып табылады, себебі шарттан, әдетте, міндеттемелік құқық қатынастары туындайды, ал міндеттеме үшін мүдделері қарама қарсы екі тарап болуы керек: біреуінде талап ету құқығы (несие беруші), екіншісінде - сол құқыққа икемделген міндет (борышкер) болады. Бірлескен қызмет туралы шарт көп жақты мәмілеге мысал бола алады (АҚ-нің 228-б.).

Бұл шарттың ерекшелігі сонда, оның тараптары ортақ шаруашылық мақсатқа қол жеткізу үшін бірлесіп әрекет жасауға келіседі және осы қызметтің нәтижесінде ортақ меншік пайда болады. Бірлескен қызмет (жай серіктестік) туралы шарттың «Міндеттемелік құқық» туралы бөлімде емес, меншік құқығына арналған бөлімде, ортақ меншік туралы тараудан кейін орналасуы бекерден бекер емес (АҚ-нің 228-б.).

Көп жақты шарттарға, әдетте, шарт туралы жалпы ережені қолдануға болады. Дегенмен, көп жақты шарттардың жоғарыда айтылған ерекшеліктеріне байланысты кейбір нормаларды қолдануға болмайды. Атап айтқанда, жария шарт туралы (387-б.), үшінші жақтың пайдасына шарт туралы (391-б.) ережелерді көп жақты шартқа қолдануға болады ма екен, шарт жасасу туралы нормаларды қолдануда да қандай да бір ерекшелік болуға тиіс. *Шарттан авторлық қатынастар (бірлескен авторлар арасында), өнертапқыштық қатынастар (бірлескен өнертапқыштар арасында) және т.б. туындаған жағдайда осылай бағалауға болады.*

Азаматтар мен заңды тұлғаларға шарт жасасуда еркіндік берілген. АҚ-де, заң құжаттарында немесе өз еркімен қабылдаған міндеттемеде, шарт жасасу міндеті көзделген жағдайларды қоспағанда, шарт жасасуға мәжбүрлеуге жол берілмейді (АҚ-нің 380-б. 1-т.).

Шарт еркіндігі туралы норма 8-б. азаматтар мен заңды тұлғалар өздеріне берілген азаматтық құқықтарды өз қалауынша пайдаланады деген ережесіне негізделген. Шарт еркіндігі АҚ-де бекімін тапқан кәсіпкерлік қызмет еркіндігімен және тұтынушылардың тауарлар иеленуге, жұмыстар мен

қызметтер пайдалануға шарт жасасу еркіндігіне құқығымен үйлестікте болады (10-б.).

Қазір шарт жасауға мәжбүрлеу айрықша жағдайларда ғана болады. Міндетті түрде шарт жасасу туралы ережелер АҚ-ның арнайы бабында жинақталған (АҚ-нің 399-б.). *Шарт жасасу міндеті АҚ-да, егер мұндай шарт жария шарт болса, коммерциялық ұйым үшін көзделген (387-б.).*

Шарт еркіндігі принципі тараптардың заңдарда көзделген шартты да, көзделмеген шартты да жасаса алатындығынан көрініс табады (380-б. 2-т.). АҚ-нің Ерекше бөлімі баптарының басым көшпілігі, заңнамада көзделген шарттарға арналған. Айта кететін бір жағдай – 380-б. 2-т. әңгіме заң актілері жайында емес, заңнама жайында, сондықтан шарттардың жаңа түрлерін ҚР Үкіметінің қаулылары және ондай құқық берілген мемлекеттік органдар белгілей алады. Ондай шарттардың мысалы ретінде толлинг операцияларын жүргізу туралы шартты алуға болады.

*Тараптар заңда көзделмеген шарттарды да жасаса алады.* Бұл ереже туындайтын жалпы ережеде «азаматтық құқықтар мен міндеттер заңнамада көзделген негіздерден, сондай-ақ, азаматтар мен заңды тұлғалардың әрекеттерінен пайда болады, өйткені ол әрекеттер азаматтық заңнамада көрсетілмегенімен, олардың жалпы негіздері мен мәні азаматтық құқықтар мен міндеттерді тудырады» делінген (7-б.).

Бұл ереже азаматтық құқықтың жалпы бастауына негізделген, ол жаратылысынан диспозитивті және бар қатынастарды да, болашақта болуы мүмкін қатынастарды да реттеуді көздейді.

Заңдық факт деп саналатын шарттың мазмұнын оны жасасқан кезде тараптар құрастырған ережелер жиынтығы құрайды. Шарт ережелерін, егер тиісті ереженің мазмұны заңнамамен міндеттелген болмаса, тараптар өз қалауларымен анықтайды. Шарт ережелерін анықтаудың жалпы принципі шарт еркіндігінен туындайды. Тараптар шарттың заңнамада тікелей тыйым салынғанынан басқа кез келген ережені анықтауға құқылы.

АҚ-ның 382-б. 1-т. *императивтік және диспозитивтік* нормалар арасындағы айырмашылық көрсетілген. Тиісті ереженің мазмұны заңда тікелей міндеттелген болса (*императивтік норма*), тараптар оны өзгертуге құқылы емес. Олар ол нормаларды шартта қарастыруы да, қарастырмауы да мүмкін, бірақ оған қарамастан олар оны заңда көрсетілген қалпында орындауға міндетті (383-б.). Мысалы, 282-б. ақша міндеттемесі Қазақстан аумағында теңгемен көрсетілуге тиіс делінген. Немесе, 304-б. ортақ меншік болып табылатын мүлік кепілге тек барлық меншік иелерінің келісімімен ғана берілуі мүмкін деп көрсетілген. Сондықтан да, шарттың тараптары (заңда көзделмегеннен басқа реттерде) есеп-қисапты доллармен жасау туралы немесе мүлікті кепілге басқа меншік иелерінің келісімінсіз беру туралы ережені шартта көрсете алмайды.

Егер шарт ережелерінде *диспозитивтік норма* көзделген болса тараптар оны қолданбауға немесе одан өзгеше ереже белгілеуге құқылы. Мысалы, АҚ-нің 285-б. сәйкес екі немесе бірнеше әрекеттің бірін жасауға міндетті

борышкерге, егер заңнамадан немесе міндеттеменің шарттарынан өзгеше туындамаса, тандау құқығы беріледі. Сондықтан тараптар балама міндеттемені орындаудың өзге тәртібін қарастыра алады. Егер тараптар шартта осы ережеге қатысты ешнәрсе қарастырмаған болса, онда заңмен белгіленген норма қолданылады.

Азаматтық заңнамада императивтік нормалар көп емес. Олардың басым көпшілігі диспозитивтік нормалар. Ол шарт еркіндігіне сүйене отырып тараптардың оның барлық ережелерін өздері анықтай алатындығымен байланысты. Тараптар шартта кез келген жағдайды қарастыруға құқылы, егер олар оны істемесе (білместіктен немесе көңіл аудармай), онда диспозитивтік нормалар қолданылады. Қандай да бір ережені тараптардың өздері де, диспозитивтік нормалар да қарастырмаған жағдайлар кездесуі мүмкін. Ондай, іскерлік айналым дағдысы бар болып, оны дәлелдеу мүмкін болса, сол жағдайда дағды басшылыққа алынады. Дегенмен, мұндай жағдайлар өте сирек кездеседі және әрқашанда дау туғызады. Бұған байланысты дауларды сот шешеді.

Шарт дегеніміз екі немесе бірнеше адамның келісілмі, екі немесе бірнеше адамның келісіп ерік білдіруі. Қандай да шарттың екі түрлі ережелері болады: *елеулі және кездейсоқ*.

Әр шартта көптеген ережелер болуы мүмкін, олардың ішінен, егер келісілмесе шарт жасалды деп саналмайтындарын бөліп алу қажет. Бұл – шарттың елеулі ережесі. АҚ-нің 393-б. сәйкес, тараптар арасында шарттың барлық елеулі ережелері бойынша тиісті жағдайларда талап етілетін формада келісімге қол жеткен кезде шарт жасалынды деп есептелінеді.

393-бап елеулі ережелердің тізбесін бермейді, тек жалпы тәртіпте олардың нышандарын атап өтеді. *Ережелердің елеулі* болып табылатын төрт тобын бөліп алуға болады, олар:

- 1) шарт нысаны туралы ережелер; шарт нысаны анықталмайынша бірде бір шарт жасалған болып саналмайды;
- 2) заңнамада елеулі деп танылған ережелер; мысалы, брокер-диллермен оның клиенті арасында жасалған брокерлік шартта мыналар болуға тиіс: а) шарт нысаны: номиналдық ұстаушы ретіндегі клиенттің тапсырмасы бойынша брокер-диллердің өз қызметін жүзеге асыруы; б) тараптардың, оның ішінде брокер-диллердің, клиенттің есепшоты туралы коммерциялық құпияны сақтау міндеттемесін қоса алғандағы, құқықтары мен міндеттері; в) брокер-диллердің қызметін төлеудің мөлшері мен тәртібі; г) брокер-диллердің клиент алдында есеп беруінің формасы мен кезеңділігі; д) тараптардың шарт ережелерін бұзғандық үшін жауаптылығы; е) бағалы қағаздар бойынша табыс алудың, және оны клиенттің есепшотына аударудың, сондай-ақ ақша қаражатын клиенттің бұйрығы бойынша төлеудің шарттары мен тәртібі;
- 3) шарттардың осы түрі үшін қажетті ережелер, мысалы, мүлікті жалдау шартындағы жалдау ақысының мөлшері;
- 4) тараптардың біреуінің арызы бойынша оған қатысты келісім болуға тиіс

ереже. Мысалы, жүк алушы шартта жүкті темір жолмен емес су көлігімен жеткізу туралы ереже болуын талап етеді.

Ондай елеулі ережелер болмағандықтан немесе ондағы ережелер бойынша келісімге келмегендіктен шарттың заңсыз деп танылуы мәмілені заңсыз деп танығандағыдай салдарларға әкеледі (АК-нің 157-б.).

Елеуліден басқа шарттың дағдылы және кездейсоқ ережелерін бөліп алуға болады. Олардың ерекшелігі сонда, бұл ережелердің болған-болмағандығы шарттың заңдық күшіне әсер етпейді. Дағдылы ережелер Заңнамада шарттардың осы түрі үшін дағдылы деп көзделгендіктен қолданылады, және олар шартта бар-жоғына қарамастан қолданылады.

Кездейсоқ ережелер шарттың бұл түріне тән емес және шартқа тараптардың өзара келісімі бойынша кіреді (мысалы, сатып алу-сату шартының нысаның сатып алушыға беру тәртібі туралы ереже, мердігерге жұмысты мерзімінен бұрын орындағаны және оның айрықша сапасы үшін қосымша сыйақы беру туралы ереже және т.б.). Бұл ережелердің бар-жоғы шартты жасалған деп тануға еш ықпал етпейді.

Аталған шарттың ережелерімен қатар *үлгі* ережелерді ажырату қажет. Дағдылы ережелерге шарттың үлгі ережелерін жатқызуға болады. Үлгі ережелер шарттардың тиісті түрі үшін жасалынады және баспасөзде жариялануы тиіс (АК-нің 388-б.). Үлгі ережелерді тараптардың біреуі дайындаған шарттардың үлгілерінен бөліп қарау керек. Өнім өндіретіндер, жұмыс, қызмет орындайтындар, әдетте, өз клиенттеріне шарт жобасын ұсынады. Үлгі ережелер, әдетте Үкімет бекітетін және өзінде міндеттеу күші болатын типтік шарттардың ережелерінен де басқа.

Үлгі ережелерінің мысалы ретінде «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» ҚР Кодексінде көзделген. Моделдік контракт ҚР Үкіметі бекітетін үлгі контракт ретінде анықталған, онда контракттардың кейбір түрлерінің ерекшеліктері немесе жер қойнауын пайдаланудың кейбір операцияларын жүргізудің ерекшеліктері көрініс табады және ол контракттар жасаудың үлгісі ретінде пайдаланылады. Үлгі ережелері қолданылуы үшін олар шартта көрсетілуі тиіс. Егер ондай сілтеме болмаса, үлгі ережелері іскерлік айналым дағдысы ретінде ғана қолданылады. Бұл ретте, АК-нің 3-б. сәйкес, мұндай дағдылар заңнамаға қайшы келе алмайды, ал АК-нің 382-б. сәйкес олар тараптар арасындағы қатынастарға да қолданатындай болуға тиіс.

Шарт күшінде болған кезде оның ережелерін түсіндіру, яғни *шартқа түсініктеме беру* қажеттігі жиі туындайды. 392-б. 1-т. сәйкес, сот шарт ережелерін түсіндірген кезде ондағы сөздер мен сөйлемдердің сөзбе-сөз мәні қабылданады. Шарт ережесінің сөзбе-сөз мәні түсініксіз болған жағдайда, ол бүкіл шарттың басқа ережелерімен және мағынасымен салыстыру арқылы анықталады.

Егер осы көрсетілген ережелермен шарт мазмұнын анықтау мүмкін болмаса, АК-нің 392-б. 2-т. сәйкес, шарт мақсаты ескеріле отырып, тараптардың шын мәніндегі ортақ еркі анықталуға тиіс. Бұл орайда шарт

жасасу алдындағы келіссөздер мен хат алмасу, тараптардың өзара қатынастарында орныққан тәжірибе, іскерлік қызмет дағдысы, тіптен олардың мінез-құлықтары да назарға алынады.

Шарттың қандай да бір ережесін түсінуде тараптар арасында қайшылық туындаса, онда шартқа сай түсініктеме беріледі. Ал сотқа кең өкілеттік берілген: ол шарттың мәтіні мен оның мазмұнына ғана сүйеніп қоймайды, тараптардың пиғылын білу үшін шарт шегінен шығып та кете алады. Ондай жағдайға сот шарт мәтіні төңірегіндегі талқылау нәтиже бермегенде барады.

Шарт ережелерін әрқилы ұғынбау үшін көптеген ірі контракттыларда олардың кейбір ережелерін қалай түсіну керектігі арнайы көрсетіледі.

Шарттың нысаны мәмілелер нысаны туралы ережеге сәйкес анықталады (АК-нің 151-155-баптары). Заңнама бойынша шарттың бұл түрін нотариалдық куәландыру қажет болмаса да шарттың нотариалдық куәландырылуын тараптар өздері қарастыруы мүмкін. Бұл ретте мәміленің нотариалдық нысан туралы ереже елеуліге айналады. Егер тараптар белгілі бір нысанда шарт жасасуға келіссе, заң бойынша шарттардың осы түрі үшін бұл нысан талап етілмесе де, шарт оған келіскен нысан берілген кезден бастап жасалды деп есептеледі (394-б. 1-т.). Шарттың жазбаша нысанының сақталғаны бір құжат жасау немесе хат, телеграмма, телефонограмма, факс сияқты құжаттар алмасу арқылы расталынады (АК-нің 152-б.).

АК-нің 394-б. 2-т. сәйкес, оферта алған адамның шарттың офертада көрсетілген талаптарды (тауарлар жіберу, қызмет көрсету, жұмыс орындау және т.б.) орындау жөнінде конклюденттік әрекеттерді жазбаша нысанда жасауы шарттың жазбаша нысанына теңестіріледі. Мұндай әрекеттерді жазбаша нысанды сақтау деп тануға тыйым салу заңнамада немесе офертада белгіленуі мүмкін.

## **2. Шарттардың түрлері. Шаруашылық шарттардың ерекшеліктері**

Шарттарды топтастыру әртүрлі негіздерде жүргізіледі. Міндеттемелер туралы мәселені қарастырғанда жүргізілген топтастыру да, атап айтқанда, тауарды беру, жұмыс жасау, қызмет көрсету сияқтылар шарттарға да қолданылуы мүмкін. Шарттарға мәмілелер топтастырулары да қолданылады.

Нақты және консенсуальдық шарттар. Егер, заң актілеріне сәйкес шарт жасалу үшін мүліктің берілуі қажет болса, шарт тиісті мүлік берілген кезден бастап жасалынған болып саналады (АК-нің 393-б. 2-т.).

393-б. 2-т. нақты шарттың жасалу кезі туралы айтылған. Шарттардың көпшілігі консенсуальдық болып табылады, (лат. consensus – келісім), яғни оларды жасау үшін ол жайында келісім болса жеткілікті. Мысалы, сатып алушы мен сатушы арасындағы келісімге қол жеткен кезден бастап сатып алу-сату шарты жасалды деп саналады. Затты беру, ақша төлеу және басқа әрекеттер жасалынып қойған шартты орындау мақсатында атқарылады. Бірақ, кейбір шарттар (мысалы, сыйға тарту, сақтау, заем, жүк тасымалдау) шарт нысаны

берілген кезден бастап ғана жасалынады деп саналады. Мұндай шарт нақты (лат. res – зат) деп аталады, ол заң актілерінде бекімін табуға тиіс.

Шарттың консенсуальдық немесе нақты сипаты, әдетте, шарттың анықтамасының өзінде көрсетіледі. Мысалы, сатып алу-сату шартында сатушының міндеті былайша қалыптасады: сатушы затты беруге міндеттенеді, ал сатып алушы ақша төлеуге міндеттенеді. Болашақта міндеттеме осындай орындалуы тиіс. Нақты шарттарда тараптардың міндеттері басқаша анықталады. Мысалы, сақтау шарты бойынша сақтаушы зат иесінің *өзіне тапсырған затын* сақтауға міндетті, тасымалдау шарты бойынша тасымалдаушы *өзіне сеніп тапсырылған* жүкті апаратын жерге жеткізуге міндетті. Яғни, шарт бойынша міндеттеме екінші тарап затты бергеннен кейін ғана туындайды. Бұл жерде орындау кезі мен шарт жасасу кезін шатастырмау керек. Консенсуальдық шарттарда олар, әдетте, сәйкес келмейді, бірақ тараптар сатып алу-сату шарты бойынша зат беру кезін шарт жасасу кезімен сәйкестендіруге келісе алады. Бірақ бұдан сатып алу-сату шарты нақты шарт бола алмайды.

Ақылы және ақысыз шарттар. Шарт бойынша тараптар өз міндеттемелерін орындағаны үшін ақы алуы немесе біріне бірі нәрсе беруі керек болса, бұл ақылы шарт болып табылады. Бір тарап екінші тарапқа одан ақы алмай немесе еш нәрсе бермей бір нәрсені ұсынуды міндетіне алған шарт ақысыз шарт болып табылады (АК-нің 384-б.).

Ақылы және ақысыз шарттар арасындағы айырмашылық - шарт бойынша өз міндеттерін орындағаны үшін біріне бірінің бір нәрсені ұсыну-ұсынбауында. Бір нәрсені ұсынуға (төлеуден басқа) материалдық құндылықтар беру (бартерлік операция), біріне бірі қандай да бір міндеттерді атқаруы (өзара міндеттемелер), ақшалай баға беруге болатын кез келген әрекетті жасау жатады. Бір нәрсені ұсыну ұғымы ағылшын-американ құқығында «*consideration*» деген атпен кең қолданылады. Оларда «*consideration*» кез келген шарттың елеулі ережесі болып табылады; онсыз шарт заң күші бар шарт деп танылмайды. Шарттардың көпшілігі ақылы. АК-де бекімін тапқан ақысыз шарттардың ішінен сыйға тарту шартын, мүлікті ақысыз пайдалану және пайызсыз заем шартын атауға болады. Кейбір шарттар заң бойынша ақылы да, ақысыз да болуы мүмкін (тапсыру, сақтау, заем). Сондықтан да, АК-нің 284-б. қандай да бір күдік туса, шарт ақылы деп танылады деген презумпция бекітілген. Шарт ақысыз деп танылады, егер ол заңнамадан, шарттың мазмұнынан немесе мәнінен туындайтын болса.

Бір жақты және өзара шарттар тараптардың құқықтары мен міндеттерінің бөліну сипатына қарай ажыратылады. Бір жақты шартта бір тарапта тек құқық, екіншісінде тек міндет туындайды (мысалы, заем шарты). Өзара шартта тараптардың әрқайсысында құқық болады, олар міндеттемелер де көтереді (сатып алу-сату шарты бойынша сатушы берген заты үшін сатып алушының ақша төлеуін талап етуге құқылы және өзі сол затты сатып алушыға беруге



міндетті, ал сатып алушы заттың өзіне берілуін талап етуге құқылы және сол зат үшін ақша төлеуге міндетті).

Бір типті және аралас шарттар. Бір типті шарттар сан алуан қыры бар (жеткізу, тұрмыстық мердігерлік, жалдау, рента және т.б.) белгілі бір түрдегі (тауарды беру, жұмыс орындау, қызмет көрсету) міндеттемелерді тудырады. Аралас шарттарда заңнамада көзделген әртүрлі шарттардың элементтері болады (АК-нің 381-б.). Нарықтық экономикаға көшу жағдайында әртүрлі жаңа қатынастар туындауда, оларды шарттың бір түрімен қамту мүмкін емес, шарттардың екі немесе бірнеше түрлерінің нормаларымен ғана оларды реттеуге болады. Тараптардың аралас шарт бойынша қатынастарына, егер тараптардың келісімінен немесе аралас шарттың мәнінен өзгеше туындамаса, аралас шартта элементтері бар шарттар туралы заңдардың тиісті бөліктері қолданылады. Тиісінше оған сатып алу-сату шартының элементтері бар бөлігінде сатып алу сату шартының нормалары, ал, егер мердігер шет елде болса – сыртқы экономикалық сатып алу-сату шартының элементтері қолданылады. Мердігерлік шарттың элементтері бар бөлігінде мердігерлік шарттың нормалары қолданылады. Тараптар аралас шарттан туындайтын қатынастарды реттеудің басқа тәртібін келісуі мүмкін, мысалы, шарттың айрықша ережелерін алып оның басқа ережелері қолданылмайды деп көрсетуі мүмкін.

Негізгі және алдын ала шарттар. Мүлікті беруге, жұмыс орындауға және қызмет көрсетуге байланысты құқықтар мен міндеттер тікелей негізгі шарттан туындайды. Алдын ала шарт дегеніміз - сол шартта көзделген ережелерді сақтап тараптардың келешекте негізгі шарт жасасуға міндет алған шарты (АК-нің 390-б. 1-т.). Алдын ала шарттардың мысалы ретінде жүк тасымалын ұйымдастыру туралы шартты, банктің тараптар келіскен мөлшерде және жағдайларда ақша қаражатын беруге міндеті көзделген шартты келешекте пәтер алу шартын (тұрғын үй контрактын) алуға болады. Егер заңнамада негізгі шарт формасы анықталмаған болса (мысалы, әдеттегі сатып алу-сату шарты), алдын ала шарт, заңсыз болып қалады деген қауіппен, жазбаша формада жасалады (390-б. 2-т.). Алдын ала шартта, тым болмаса, негізгі шарттың нысанын, сондай-ақ басқа елеулі ережелерін анықтауға мүмкіндік беретіндей ережелер болуға тиіс (390-б. 3-т.). Негізгі шарттың жасалу мерзімі алдын ала шарт үшін міндетті жағдай болып табылады, сондықтан АК-нің 390-б. 4-т., егер алдын ала шартта мерзім белгіленбеген болса, негізгі шартты жасасудың бір жылдық мерзімі анықталған. Мұндай мерзімнің маңыздылығы сонда, егер негізгі шарт мерзім өткенше жасалмаған болса, онда бұл мерзім өткеннен кейін алдын ала шарт күшін жояды.

Еркін және міндетті шарттар. Жасалуы түгелдей тараптардың қалауына байланысты шарт еркін шарт деп аталады. Міндетті шартты жасау тараптардың біреуі үшін міндетті болып табылады. Нарықтық экономика жағдайында шарттардың басым көпшілігі еркін жасалады. Дегенмен, шарттардың кейбір түрлері міндетті шарттар (мысалы, мемлекеттік кәсіпорынмен мемлекеттік

тапсырыс негізінде жасалатын шарт). Міндетті шарттар арасында жария шарттардың орны бөлекше.

Коммерциялық ұйыммен жасалған және қызметінің сипатына қарай оған өтінішпен келетін әркімге тауарларды сату, жұмыстарды атқару немесе қызмет көрсету жөнінде оның міндеттемелерін белгілейтін шарт жария шарт деп аталады (бөлшек сауда, көпшілік пайдаланатын көлікпен тасымалдау, байланыс қызметін көрсету, энергиямен қамтамасыз ету, медицина, мейманхана қызметін көрсету және т.б.) (АК-нің 387-б.).

387-б. мазмұнынан жария шарттың белгілері туындайды: 1) оны коммерциялық ұйым жасайды (АК-нің 34-б.); 2) коммерциялық ұйымның тауарлар сату, жұмыс орындау немесе қызмет көрсету жөніндегі міндеттері белгіленеді; 3) ұйым, өз қызметінің сипатына қарай, бұл міндеттерді өзіне жүгінген әр адамға қатысты жүзеге асыруға тиіс; 4) коммерциялық ұйым, заңнамада көзделген жағдайлардан басқа реттерде, шарт жасасуда бір адамның алдында екінші адамға артықшылық беруге құқылы емес.

Коммерциялық ұйым тұтынушыға тиісті тауар (жұмыс, қызмет) ұсынудан өзінде ондай мүмкіндік болмаған (дүкенде тауар жоқ, көлікте бензин жоқ және т.б.) жағдайларда ғана бас тартуға құқылы. Мысалы, бөлшек сауда дүкенінде сатып алушы, егер сауда залында тауар бітіпі қалса, сатушының витринадағы тауарды алуын немесе қоймадан алып келуін талап ете алады. Егер дәлелсіз бас тартса, шарт жасасу міндетті болған жағдайда, шарт жасасудан бас тартқандағыдай салдар болады (АК-нің 399-б.)». Тұтынушы тауар, жұмыс, қызмет көрсетуді ұсынуға мәжбүрлеу туралы және содан келген зиянды өтеу туралы талаппен сотқа жүгінуге құқылы (мысалы, сатып алатын тауарын алып кетуге дайындаған көлікке кеткен шығынды өтеу; немесе сондай тауарды басқа дүкеннен табу үшін шығарған шығынды өтеу, т.б.).

Өзара келісілген шарттар және қосылу шарттары. Өзара келісілген шарт жасасқанда оның ережелерін тараптардың екеуі анықтайды. Қосылу шартын жасасқанда оның ережелерін тараптардың біреуі дайындайды, екінші тарап ол ережелерді құптайды.

Қосылу шарты өзінің жасалу процедурасы жағынан басқа шарттардан өзгеше. Егер әдеттегі шарт хат алмасу, шарт ережелерін келісу жолымен жасалса, қосылу шартының ережелерін бір тарап дайындайды, ол стандартты формаларда (бланк, формуляр, т.б.) анықталады. Екінші тарап шартқа ешқандай өзгерту енгізе алмайды. Егер енгізетін болса шарт қосылу шартынан жай шартқа айналады. Қосылу шарты экономиканың әртүрлі салаларына таралды. Оның мысалы ретінде электр және жылу қуатын, газды және коммуналдық кәсіпорындардың басқадай қызметін пайдалану туралы шарттарды, көлік ұйымдарымен шарттарды атауға болады. Көптеген жария шарттар, бір жағынан қосылу шарттары да болып табылады. Мысалы, затты пайдалануға беру ательесі ол жайында шарт жасасқанда жария шарттың бір тарабы болып саналады. Сонымен қатар, шарт жасасқанда ол ателье клиентке шарт ережелері келтірілген бланк ұсынады. Клиент оған ешнәрсе қоспастан шартқа қол қоя

салады. Егер қосатын болса онда ол жай шартқа айналады. АҚ-нің 389-б. 2-т. шартқа қосылушы тарапты қорғауға бағытталған. Бұл тармаққа сәйкес тарап, егер шарт ережесі өзі үшін ауырлау келсе, шартты бұзуға құқылы. Шарттың ауырлығы сол тараптың ақылға қонымды мүдделерін ескеру арқылы анықталады. Мысалы, қосылу шартында қосылған тарап шартты бұзуға немесе сотқа жүгінуге құқылы емес, немесе шартты дайындаған тарап шарт бойынша міндеттемелердің қандай да бір бұзылғаны үшін жауаптылықтан босатылады деп белгіленген. Бірақ, бұл ереже қолданылмайтын жағдайлар да бар, ол - қосылған жақтың кәсіпкерлік қызметпен айналысып, соны жүзеге асыру үшін шартқа қосылуы (АҚ-нің 389-б.). Егер кәсіпкер шарт тараптарының қандай екендігін білмеген болса және білуге тиіс болмаса ғана ол өзінің шартты бұзу туралы талабын қанағаттандыра алады. Бірақ оны дәлелдеу өте қиын, тіптен мүмкін емес.

Өзінің қатысушыларының пайдасына жасалған шарттар мен үшінші жақтың пайдасына жасалған шарттар. Әдетте шарттар шарттан туындайтын міндеттемелердің орындалуын талап етуге құқылы адамдардың – өзінің қатысушыларының пайдасына жасалады. Сонымен қатар, шарттың жасалуына қатыспаған, бірақ орындалуын талап етуге құқығы бар адамдардың – үшінші жақтың пайдасын көздейтін шарттар да бар.

Тараптар несие берушіге емес, шартта көрсетілген немесе көрсетілмеген және борышкерден міндеттемені өзінің пайдасына орындауды талап етуге құқылы үшінші жаққа борышкер орындап беруге міндетті деп көрсеткен шарт үшінші жақтың пайдасына жасалған шарт деп танылады (АҚ-нің 391-б.).

Үшінші адамның пайдасына жасалған шарт, бұл - азаматтық құқықтың дәстүрлі институты, үшінші жақ қатынасқан талаптар көрініс табатын жағдайлардың бірі (270-б.). Үшінші жақтың пайдасына жасалатын шарттардың ең көп таралған түрлері мыналар: жүкті (багажды) тасымалдау шарты, оған сәйкес тасымалдаушы өзіне жүк жөнелтушінің сеніп тапсырған жүгін белгіленген мекенге жеткізуге және жүкті алуға уәкілетті адамға (алушыға) оны беруге міндеттенеді (АҚ-нің 689-б.); үшінші жақтың пайдасына сақтандыру шарты (815-б.); үшінші жақтың пайдасына банктік салым шарты (764-б.).

Үшінші жақ өз құқығын пайдаланғысы келетін ниетін білдіргенге дейін тараптар өздері жасасқан шартты бұза да, өзгерте де алады. Ал үшінші жақ ондай ниетін қандай да бір тәсілмен жеткізгеннен кейін борышкер мен несие беруші оның ырқына тәуелді болып қалады, бұдан былай оның келісімінсіз шартты бұза немесе өзгерте алмайды. Бірақ олар үшінші жақтың ырқына байланысты болмайтындығын шартта алдын ала қарастыра алады. Ондай жағдай заңнамада да бекімін табуы мүмкін (АҚ-нің 391-б. 2-т.). Үшінші жақтың пайдасына жасалған шарттың заңдылығы ол үшінші жақтың шартта арнайы көрсетілген – көрсетілмегендігіне байланысты емес. Дегенмен, үшінші жақтың міндеттеменің өз пайдасына орындалуын талап ету құқығы мұндай шарттың міндетті белгісі болып табылады. Мысалы, тасымалдау шарты бойынша жүк алушы тасымалдаушыдан тасымалдау шартының орындалуын талап етуге

құқылы. Үшінші жақтың пайдасына жасалған шартты үшінші жақ үшін орындау туралы шарттан ажырату керек, соңғы жағдайда үшінші жақ үшін орындалу болғанмен, оны борышкердің орындауын ол талап ете алмайды (бұл жағдайлар сатып алу-сатуда жиі кездеседі, мысалы тауар жеткізуде сатып алушы тауарды өз мекен-жайына емес, үшінші ұйымның мекен-жайына жеткізуді жеткізушіге тапсырады). Үшінші жақтың пайдасына жасалатын шарттың ерекшелігі сонда – үшінші жақ шарт бойынша өз құқығын пайдалану ниетін білдірген кезден бастап ол несие берушіні алмастырады. Сондықтан да АҚ-нің 391-б. 3-т. борышкер шартта өзінің несие берушіге қарсы қоя алатындай қарсылықтарын үшінші жақтың талаптарына қарсы қоюға құқылы деген ереже көзделген. Мысалы, жүк алушы өзіне жеткізілген жүктің сапасына қатысты тасымалдаушыға талап қойса, онда ол жүк сапасының жүкті тиіп жіберген адамдардың кінәсінен нашарланғанына сілтеме жасай алады. Бірақ, үшінші жақ, өзіне шарт бойынша берілген құқықтан бас тартса, несие беруші өз орнын қайта алады және, егер бұл заңнамаға және шартқа қайшы келмесе, сол құқықтарды пайдаланады. Мысалы, АҚ-нің 815-б. 7-т. сәйкес, сақтандырылған адам шарт бойынша өзіне тиесілі сақтандыру өтемін алудан бас тартса, сақтандыру өтемін алу құқығы сақтандырушыға көшеді. Сонымен қатар шартта, үшінші жақтың өзіне тиесілі талап ету құқығынан бас тартуының өзге де салдарлары көзделуі мүмкін. Мысалы, сақтандыру шартында пайданы иемденуші сақтандыру өтемін алудан бас тартқан жағдайда ол өтемінің сақтандырушыға төленбейтіндігі көзделуі мүмкін.

Шаруашылық шарттардың барлық өзге азаматтық-құқықтық шарттармен салыстырғанда ерекшеліктері бар: оларды ешкім бекітпейді, нотариалдық нысанды талап етпейді, мемлекеттік тіркеуден өтпейді. Мысалы, тауарлар партиясын сатып алу, ақылы қызмет көрсету, автомобильмен жүк тасымалдау және т.б. Мұндай шарттар үшін тараптардың келісімі негізінде жазбаша нысанда жасасып, қол қойылғаны жеткілікті. *Бірақ кейбір ерекше жағдайларды ескеру қажет:* бұл жылжымайтын мүлікпен жасалатын мәмілелерге жатпайды.

### **3. Шарт жасасу, оны өзгерту және бұзу**

*Шарт жасасу екі кезеңнен тұрады:* шарт жасасуға ұсыныс (оферта) және ол ұсынысты басқа тараптың қабыл алуы (акцепт). Ұсыныс жасаған тұлға оферент деп, ал ұсынысты қабыл алған тарап акцептант деп аталады.

АҚ-нің 395-б. сәйкес *офертада* біршама нышандар болуға тиіс. Біріншіден, ол анық және тұлғаның шарт жасасуға аса ниеттілігін білдіруге, екіншіден, мүмкіндігінше толық, яғни шарттың елеулі ережелерінің барлығын қамтуға, үшіншіден, белгілі бір тұлғаның атына бағытталған болуы тиіс. Егер ұсыныс жалпыламай жасалса (мысалы, азамат «Караванда» пианиносын сатамын деп хабарландыру береді), ол оферта емес, тек оферта жасауға шақыру. Сондықтан, мұндай хабарландыру, оны жасаған адамға шарт жасасу міндетін жүктемейді. Бұл ретте сол хабарландыруға үн қатқан адамдардың

ұсынысы оферта болады. Ал, түскен ұсынысты қабылдау-қабылдамау сатушының өзіне байланысты.

Шарт жасасу қандай да бір тараптың міндеті емес, офертаны олардың кез келгені жібере алады. АҚ-нің 395-б. «оференттің байланыстылығы» ұғымын енгізді. Бұл шарт әлі болмаса да, белгілі бір міндеттемелердің туындағанын білдіреді. Ол адресат офертаны алған кезден акцеп немесе акцеп үшін белгіленген мерзім өткен кезге дейін туындайды. «Оферент байланыстылығы» ұғымынан *«офертаның қайтарып алынбайтындығы»* ұғымы туындайды. Оферент офертамен байланыста болатын мерзім өткенше ол офертаны қайтарып ала алмайды және оның ережелерін өзгерте алмайды. Бұл ережені бұзу екінші тараптың офертаны қайтарып алудан көрген шығынын өтеу міндетінің туындауына әкеп соғады.

Сонымен қатар, офертаның қайтарып алынбайтындығы туралы ереже диспозитивтік болып табылады. Егер ондай мүмкіндік офертаның өзінде айтылса не ұсыныстың мәнінен немесе ол жасалған жағдайдан ондай мүмкіндік туындаса офертаны қайтарып алуға болады (395-б. 3-т.). АҚ-нің 395-б. 4-т. оферта емес, тек офертаға шақыру болып табылатын жарнама мен жария оферта арасындағы айырмашылық көрсетілген. Жалпыламай жасалған ұсыныс пен барлығына және әркімге арнап жасалған ұсынысты айыра білу керек.

*Жария* офертаны өзінің қызметінің сипаты жағынан мүмкіндігінше көп адамға ұсыныс жасауға міндетті адамдар мен ұйымдар жасайды. Мысалы, витринаға немесе сатып алушылар өзіне өзі қызмет көрсететін залға бағасы көрсетілген тауарлар қойып қойған дүкен оферент болып саналады. Сол тауарды сатып алуға ұсыныс жасаған кез келген адам акцептант болып табылады. Сондықтан, тауар тұрған кезде дүкен өз офертасымен байланысты болады және тауарды сатудан бас тарта алмайды. Тауар жаймада жоқ болса, сатушы оны витринадан алып сатуға міндетті. Ұсынысты жария оферта деп тану үшін мынадай белгілер болуға тиіс: 1) одан тұлғаның шарттық қатынастарға баруға ерікті екендігі сезілуі тиіс; 2) ол шарттың барлық елеулі ережелерін қамтуы тиіс; 3) тұлғаның шарттық қатынастарға еркімен баруы бұл ұсынысқа үн қатқандардың барлығына қатысты болады. Сонымен, егер дүкен қандай да бір тауардың бар екендігі жайында жарнама берсе – ол офертаға шақыру; егер дүкен тауарын витринаға қойса - ол жария оферта.

Оферта жолданған жақтың оны қабылдағаны туралы жауабы акцепт деп танылады (АҚ-нің 396-б. 1-т.). Акцептанттың өзінің офертамен толық және сөзсіз келісетіндігін білдірген жауабы ғана акцепт деп саналады. Мысалы, акцептант өзіне жолданған жобаға сөзсіз және өзгертусіз қол қояды. Шарт ережелерінен бас тарту немесе өз ережелерін ұсыну, ережелерді өзгерту немесе оларға толықтыру енгізу, келісімнің анықталмағандығы акцепт болып табылмайды, одан шарт тумайды және ол не шарт жасасудан бас тарту немесе жаңа оферта ұсынғандық болады.

Бұрынғы заңнамада үндемейтін акцепт арқылы шарт жасасуға жол берілген еді, яғни, егер белгілі бір мерзім өткенше басқа тарап шарт жасасудан

бас тартатынын хабарламаса, шарт жасалды деп саналатын. 396-б. 2-т. кері жүреді: үндемей қою акцепт емес. Бірақ бұл норма диспозитивтік болып табылады. Мысалы, банктердің корреспонденттік есепшоттары бойынша есеп-қисап операцияларын электрондық хабарламалар түрінде жүргізуді белгілейтін банкаралық келісімдерде егер ондай хабарлама келіп түскеннен кейін белгілі бір мерзім өткенше корреспондент ол хабарламаға келіспейтінін білдірмесе, ұсыныс қабылданған болып саналады делінген.

АК-нің 396-б. 3-т. сәйкес акцепт ауызша немесе жазбаша формадағы мәлімдеу немесе үндемедей қою түрінде ғана емес, *конклюденттік әрекеттер жасау*, яғни тауарлар жіберу, қызмет көрсету, тиісті сомада ақша төлеу және т.б. түрде де болады. Бірақ бұл әрекеттерден офертаны сөзсіз қолдау сезіліп тұруы тиіс және бұл әрекеттер өзінің акцепті үшін оферта белгілеген мерзімде жасалуы керек.

Оферта сияқты (395-б. 2-т.) акцепт те, ол оферентке барып жеткенше қайтарып алынуы мүмкін, оның акцептантқа еш салдары болмайды. Мысалы, акцептант оференттен алған шарт жобасына қол қойып, оны почтамен жібереді, бірақ кейін өзінің акцепттен бас тартатындығын оферентке телеграммамен немесе факспен хабарлай алады. Оферент акцептті алғаннан кейін шарт жасалған болып саналады оны шартты бұзудың жалпы ереже бойынша ғана тоқтатуға болады.

*Шарт жасасу тәртібі* (АК-нің 397-б.). Шарт жасау ұсынысы сол жерде бар контрагентке тез жауап беруге болатын жағдайларда; ол жерде жоқ контрагентке жауап алу үшін қалайда уақыт қажет болатын жағдайда жасалады. Мерзімі көрсетілген ұсыныс ауызша да, жазбаша да жасалуы мүмкін. Жауап күтетін мерзімін ұсынушының өзі анықтағандықтан (пианино сатып алыңыз, жауабын 2 апта күтемін), ол сол мерзіммен байланып қалады, және өз ұсынысынан бас тарта немесе оның мазмұнын өзгерте алмайды. Мерзім өткенге дейін ұсынысынан бас тартса оферентке екінші тарапқа келген шығынды өтеу түрінде теріс салдар келеді.

Жазбаша офертада акцепт үшін мерзім көрсетілмесе шарт жасалған болып саналады, егер акцепті оферта жолдаған адам заңнамада белгіленген мерзім аяқталғанша, егер ондай мерзім белгіленбеген болса – ол үшін жеткілікті уақыт ішінде алған болса. Ал оферта акцепт үшін мерзім көрсетілмей ауызша жасалса, басқа тарап өзінің акцепті жайында тез мәлімдеген жағдайда шарт жасалған болып саналады (397-б. 2-т.). Оферта үшін тағайындалған мерзім (немесе ұсынысқа жауап алу үшін қажетті уақыт) өткен жағдайда офертаның күші жойылады оферент өз ұсынысы бойынша міндеттемеден босанады. Сондықтан ұсыныс алған адам тағайындалған мерзім өткеннен кейін ұсынысты қабылдауға шешім етсе, ол енді акцептант емес, жаңа оферент болады. Жаңа құқықтық қатынастар туындайды, оған шарт жасасудың жоғарыда қарастырылған барлық ережелері таралады. АК-нің 397-б. 3-т. жауаптың кешігуі акцептанттың кінәсінен емес, уақтылы жіберілген жауапты дер кезінде жеткізбеген байланыс бөлімінің кінәсінен болған жағдай

баяндалады. Бұл ретте оференттің де, акцептанттың да кінәсі жоқ, сондықтан заң екі тараптың да мүдделерін қорғайтын шаралар қарастырған.

Оферент, жауап ала алмағандықтан, басқа адаммен шарт жасасуы мүмкін. Ол оның құқығы, себебі оферент өз ұсынысымен байланып тұрған жоқ. Ал, жауапты дер кезінде жіберген акцептант та, мерзімнің өтіп кеткенін білмей, шартты орындау үшін өз тарапынан әрекет жасауы мүмкін (көлік дайындауы, басқа зат іздеуді тоқтатуы және т.б.) Сондықтан оферент жауаптың кешігіп келгендігі туралы оған тез хабар беруге тиіс. Егер оферент мұны істемесе жауап кешіккен деп саналмайды, яғни шарт жасалған болып табылады, және шартты орындаудан бас тартса оферент акцептантқа келген шығынды өтеуге міндетті. Мысалы, И. 1 сәуірде М-ге пианино сатамын деп ұсыныс жібереді, жауап беруіне 30 күн мерзім тағайындайды. 10 сәуірде М. өзінің келісетіндігін жазып хат жібереді, бірақ ол хат байланыс бөлімінің кінәсінен едәуір кешігіп келеді (10 мамырда). Жауап келмеген соң И. 5 мамырда пианиноны Н.-ге сатады, ал М.-нің хатын алғаннан кейін оған пианиноны сатып жібергендігін хабарламайды. 15 мамырда М. көлік жалдап пианиноны алуға келеді. Ол көтерген шығынның бәрін М. өтеуге міндетті.

Шарт жасасу процедурасы екінші тараптың (акцептанттың) ұсынысты оферент белгілеген ережелер бойынша ғана қабылдауын көздейді. Егер ол ережелерді акцептант қабылдамайтын болса шарт жасалмаған болып табылады, барлық процедура қайта басталады. Сондықтанда ережеге қандай да бір өзгеріс енгізу жаңа ұсыныс жасау болып табылады. Алғашқы оферент акцептантқа айналады, жаңа ұсынысты қабылдауға да, шарт жасасудан бас тартуға да оның құқығы бар, немесе ол жаңа ұсыныс жасап қайтадан жаңа оферентке айнала алады. Ол шарт жасалғанша немесе тараптар өздерінің бос әурешілігін түсінгенше жалғаса береді.

*Шарт жасасатын жер.* Егер шартта оны жасасатын жер көрсетілмесе, шарт азаматтың тұрғылықты жерінде немесе оферта жіберген заңды тұлғаның орналасқан жерінде жасалған болып танылы (АК-нің 398-б.). Шарт жасасқан жерді анықтаудың сыртқы экономикалық шарттр жасасқанда маңызы зор. Мұндай жағдайларда заң, әдетте, егер келісімде басқадай көрсетілмесе, мәміле формасының ол жасалған жердің құқығына бағынатындығын, ал тараптардың құқықтары мен міндеттерінің мәміле жасалған жердің құқығы бойынша анықталатындығын белгілейді.

*Азамат тұрақты немесе көбінесе тұратын елді мекен оның тұрғылықты жері* деп танылады (АК-нің 16-б.). *Заңды тұлғаның тұрақты жұмыс істейтін органы тұрған жер оның тұрған жері* болып табылады (АК-нің 39-б.).

Азаматтық заңнаманың негізгі принципі шарт бостандығы болғанмен, АК-де және басқа заң актілерінде тікелей көзделсе ғана *шартты міндетті түрде жасасу* мүмкіндігі АК-де қарастырылған. АК-нің 399-б. сәйкес, міндетті түрде шарт жасасудың екі нұсқасы бар: шарт жасасу акцептант үшін міндетті болғанда (1-және 2-тармақтар); шарт жасасу оферент үшін міндетті болғанда (3-тармақ).

*Бірінші нұсқада* шарт жасасу міндетті болып табылатын тарап екінші тараптан оферта алғаннан кейін, сол алған күннен бастап отыз күн ішінде екінші тарапқа акцеп туралы, не одан бас тарту туралы, немесе офертаның өзге жағдайлардағы (шарт жобасына пікір қайшылығы хаттамасы) акцепті жайында (шарт жобасы) хабар жіберуге тиіс. Оферта жіберген тарап, бұл жағдайда, шарт жасасқанда туындаған пікір қайшылығын ондай хабар алғаннан кейін отыз күн ішінде немесе акцент мерзімі өткеннен кейін сот қарауына беруге құқылы.

*Екінші нұсқада*, егер шарт жасасу міндетті болып табылатын тарап жолдаған шарт жобасына отыз күндік мерзім ішінде оған деген қайшы пікірлер хаттамасы алынса, онда бұл тарап пікір қайшылығы хаттамасын алғаннан бастап отыз күн ішінде басқа тарапқа шартты оның редакциясында қабылдағаны туралы не пікір қайшылығы хаттамасын қабылдамағаны жайында хабар береді. Пікір қайшылығы хаттамасы қабылданбаса не оны қараудың нәтижесі жайында хабар алынбаса, пікір қайшылығы хаттамасын жолдаған тарап шарт жасасу кезінде туындаған пікір қайшылығын соттың қарауына жіберуге құқылы. Акцепттің пікір қайшылығы хаттамасын жасауы немесе пікір қайшылығын сот қарауына беруі үшін АҚ-нің 399-б. белгіленген мерзімдер бірдей (отыз күн). Бұл мерзімнен шатасуға жол бермейді. Сонымен қатар бұл жоғарыда аталған барлық әрекеттерді жасау үшін ақылға қонымды мерзім.

Бұл мерзімдер императивтік емес. Шарттардың кейбір түрлері үшін заңнамада, ал кейбір жағдайларда – тараптардың келісімімен өзге мерзімдер белгіленуі мүмкін. Шарт жасасуға міндетті тарап оны жасасудан жалтарса, екінші тарап оны мәжбүр ету туралы және оған шығындарды төлеттіру туралы талап қойып сотқа жүгінуге құқылы (АҚ-нің 399-б. 4-т.). Бірақ, кейбір жағдайларда бұл ережеден ауытқу бар. Ресейдікіне қарағанда Қазақстанның Азаматтық кодексінде алдын ала шарт жасасқан тарапты негізгі шартты жасасуға мәжбүрлеу көзделмеген. Екінші тарап тек шығынның өтелуін ғана талап ете алады (390-б.). Шығындарды өтеу, АҚ-нің 9-б. 4-т. және 350-б. ережелері бойынша жүргізіледі.

Жалпы ереже бойынша шарт жасасу кезінде туындаған пікір қайшылықтарын тараптардың өздері шешеді, оларды соттың қарауына бермейді. Егер ол қайшылықтарды тараптардың өздері шеше алмаса шарт жасалмаған болып саналады, тараптар арасындағы қатынас тоқтайды. АҚ-нің 400-б. сәйкес шартқа дейінгі дауларды сотта қарауға болатын тек екі жағдай бар: шарт жасасудан бас тартушы тарап үшін шарт жасасу міндетті болғанда (АҚ-нің 399-б. 2-3-тт.); пікір қайшылығын сот (мемлекеттік немесе төрелік) қарауына беру жөнінде тараптардың келісімі болса. Мұндай келісім пророгациялық немесе төрелік деп аталады.

Пікір қайшылығы сотта қаралғанда, шарттың тараптар келісе алмаған ережелерін сот анықтайды. Ол шешімге тараптар бағынуға тиіс. Шарт алдындағы даулар бойынша сот шешімдері мәжбүрлеп орындату жөнінде ешқандай әрекеттерді керек етпейді, онда тек құқық құрушы маңыз бар.



Шартты өзгерту дегеніміз - оның мазмұнын құрайтын бір немесе бірнеше ережелердің өзгеруі. Шартты бұзу дегеніміз толықтай немесе ішінара орындалмаған шартты АҚ-нің 367-377 бб. көзделмеген (міндеттемелердің тоқтауы) негіздер бойынша мерзімінен бұрын тоқтату. АҚ-нің 401-б. шартты өзгертудің және бұзудың үш нұсқасы көзделген: тараптардың келісуі бойынша; соттың шешімі бойынша; шартты толықтай немесе ішінара орындаудан біржақты бас тартудың нәтижесінде.

Тараптардың келісуі шартты өзгертудің және бұзудың шарт бостандығы принципінен туындайтын қалыпты және ең қолайлы тәсілі болып табылады. Шартты өзгертудің және бұзудың барлық қалған тәсілдері (сот тәртібінде, орындаудан біржақты бас тарту) АҚ-де, басқа заң актілерінде және шартта көзделген жағдайларда ғана қолданылуы мүмкін.

Сот шешімі бойынша шартты бұзу тараптардың біреуінің талабы бойынша жүргізіледі. АҚ-нің 401-б. 2-т. шартты бұзудың екі негізі келтірілген. Оның біреуі – шарттың едәуір дәрежеде бұзылуы, яғни шарттың бұзылуынан екінші тараптың шарт жасасу кезінде үміт артуға құқылы болғанынан едәуір дәрежеде айырылып қалатындай шығынға ұшырауы. Мысалы тапсырыс беруші шарт жасасқан кезде құрылыс объектісінің уақтылы және сапалы тұрғызылатындығына үміт артқан, бірақ мердігер құрылыс жұмыстарын жүргізгенде жобаның өрескел бұзылуына жол берген.

Шарттардың кейбір түрлері үшін заңнамада елеулі деп танылатын нақты бұзушылықтар белгіленген. Мысалы, АҚ-нің 476-б. сәйкес тауар жеткізіп беру шарты үшін кемшілігі бар сапасыз тауарлар жеткізіліп, ол кемшіліктерді сатып алушы үшін қолайлы мерзімде жою мүмкін болмаса; тауар жеткізу мерзімдері неше қайтара бұзылса; тауарларды төлеу мерзімдері неше қайтара бұзылса шарт елеулі бұзылған боп саналады. Екінші жағдай – АҚ-де, басқа заң актілерінде немесе шартта мұндай жағдайларды белгілеуге мүмкіндік беру. Мысал ретінде АҚ-нің 389-б. 2-т. келтіруге болады, онда шарт ережесінде өзіне залал келетін баптар болса қосылған тараптың шартты бұзуды талап ету құқығы көзделген.

Басқа заң актілерінің ішінен, мысалы, ҚР «Тұрғын үй қатынастары туралы» Заңын атауға болады, оның 103-б. мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үй жалдау шарты жалға берушінің талабы бойынша, Тұрғын үй қатынастары туралы Заң негізінде ғана бұзылады делінген (егер үй бұзылуға жатса, егер жалдаушы оны ұдайы бүлдіріп немесе қирата берсе және т.б.)

*Шартты орындаудан бір жақты бас тартуға*, егер ол АҚ-де, заң актілерінде немесе шартта тікелей көзделгенде ғана, жол беріледі (АҚ-нің 404-б. 1-т.). Бұл ереже 273-б. заңнамада немесе шартта көзделгеннен басқа реттерде міндеттемені орындаудан біржақты бас тартуға жол бермейтіндігі туралы нормаларына негізделген. 273- және 404-бб. редакцияларындағы алшақтықтарды атай кеткен жөн: 273-б. заңнама жайында, ал 404-б. заң актілері жайында айтылған. Бұл ретте «заңнама» терминін қолданған дұрыс болар, себебі мұндай жағдайлар тек заңдармен ғана емес, ҚР Президентінің

жарлықтарымен де, Үкіметтің қаулыларымен де белгіленуі мүмкін. 404-б. 2-т. шартты орындаудан біржақты бас тартуға жол берілетін мынадай жағдайлар белгіленген: шартқа негізделген міндеттемені орындау мүмкін болмаса (374-б.); белгіленген тәртіпте екінші тарап банкрот деп танылса; шарт жасалғанда негізге алынған мемлекеттік орган актісі өзгерсе немесе күшін жойса.

Шарттан тараптың бір жақты бас тартуға құқығы АҚ-нің шарттардың кейбір түрлеріне арналған бірқатар баптарында көзделген. Бұл, көбіне, орындалуы борышкердің немесе несие берушінің жеке басымен тығыз байланысты шарттар (тапсырма шарты, ақылы қызмет көрсету, банк есепшоты және банк салымы, жолаушылар тасымалдау шарттары).

Шарттан біржақты бас тартуға жол берілетін жағдайлар басқа заң актілерінде де көзделген. Мысалы, Тұрғын үй қатынастары туралы Заңның 102-б. сәйкес мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үй жалдаушы жалдау шартын кез келген уақытта бұзуға құқылы (отбасының кәмелетке жеткен мүшелерінің келісімімен). Тұрғын үй жалдау шартын тұрғын үйді жалдаушы, тіптен жалға берушіні хабардар етпей-ақ, өзінің шартты бұзғандығын растайтын конклюденттік әрекеттер жасау жолымен бұза алады. Тұрғын үй қатынастары туралы Заңның 102-б. 2-т. сәйкес жалдаушы және оның отбасы мүшелері басқа жаққа тұрғылықты тұруға кетсе тұрғын үйді жалдау шарты олар кеткен күннен бастап бұзылған болып саналады. Мүмкін тұрғын үй жалдау шартын жалдаушының бір жақты бас тарту жолымен бұзуына АҚ-нің 404-б. 4-т. «шартты орындаудан бір жақты бас тартылған жағдайда бір тарап бұл туралы екінші тарапты бір айдан кешіктірмей ескертуге тиіс» деген ережесі қолданылмайды.

Шарт мерзімі көрсетілмей жасалса да шартты орындаудан біржақты бас тартуға жол беріледі. (404-б. 3-т.). Бұл ретте біржақты бас тартудың барлық жағдайларына қатысты жалпы ереже: ол жайында екінші тарапты бір айдан кешіктірмей ескерту туралы талап сақталуы тиіс (404-б. 4-т.).

Шартты орындаудан біржақты бас тарту шарттың бұзылуына немесе өзгеруіне әкеп соғатын заңдық факты болып табылады. Бұл ретте шартты бұзу немесе өзгерту үшін сотқа жүгінудің қажеті жоқ. Бірақ екінші тарап, егер мұндай біржақты бас тарту негізсіз деп тапса, сот арқылы дауласуға құқылы.

*Шартты өзгерту және бұзу тәртібі туралы келісім*, егер заңдардан, шарттан немесе іскерлік айналым дағдыларынан өзгеше туындамаса, шарт жасалған формада жасалады (АҚ-нің 402-б. 1-т.). Шартты өзгерту немесе бұзу жөніндегі ұсыныстан екінші тараптың бас тартуы алынғаннан кейін, не ұсыныста көрсетілген немесе заңдарда не шартта белгіленген мерзімде, ал ондай мерзім болмаған кезде отыз күн мерзімде жауап алынбағаннан кейін ғана тарап шартты өзгерту немесе бұзу туралы талапты сотқа мәлімдей алады (АҚ-нің 402-б. 2-т.).

*Шартты бұзудың және өзгертудің салдарлары* әртүрлі: егер шарт бұзылғанда тараптардың міндеттемелері тоқтаса, ал шарт өзгергенде олар өзгерген түрде сақталады (403-б. 1- және 2-тт.).

АК-нің 403-б. *шарттың бұзылуын шартты заңсыз деп танудан айыруға* мүмкіндік беретін ережелер келтірілген: 1) шарт өзгерген немесе бұзылған жағдайда міндеттемелер алдағы уақытта, тараптар келісім жасаған немесе сот шешімі заңды күшіне кірген кезден бастап тоқтайды; шарт заңсыз деп танылғанда заңдық салдар туындамайды, шарт ол жасалған кезден бастап заңсыз деп танылады (154-б. 8-т.); 2) шарт өзгергенде немесе бұзылғанда тараптар шарт өзгерген немесе бұзылған кезге дейін өздерінің орындағандарын қайтару жөнінде талап қоя алмайды, шарт заңсыз деп танылса әр тараптың шарт бойынша алғанды басқа тарапқа қайтарып беруі жалпы ереже ретінде белгіленген (АК-нің 157-б. 3-т.).

Шарт өзгергенде немесе бұзылғанда пайда болған шығындар барлық жағдайларда бірдей өтелмейді, ол үшін шарттың бұзылуына немесе өзгеруіне тараптардың біреуінің шартты едәуір бұзуы себеп болуы тиіс (АК-нің 403-б. 5-т.).

Тараптар шарттың күшін жаңа мерзімге ұзартуға құқылы. *Шарттың күшінде болу мерзімін ұзарту* іс жүзінде жаңа шарт жасалғанын білдіреді. Сондықтан ол АК-нің 397-б. шарт жасасу тәртібіне арналған ережелері бойынша жүргізіледі. Шарт мерзімін ұзарту үшін бір тарап екінші тарапқа оферта жіберуге, ал ол тарап сол офертаны акцептеуге тиіс. Шарттың күшінде болу мерзімін ұзартуды шартты *жаңа мерзімге пролонгация жасаудан* ажырату керек, соңғы жағдайда шарттың күшінде болу мерзімі өткеннен кейін шарттың күшінде болуы өзінде көзделген мерзімге өзінен өзі ұзарады. Егер шарттың өзінде тікелей көзделсе ғана шартты пролонгация жасауға жол беріледі.

### **Бақылау сұрақтары:**

1. Шарт және мәміле дегеніміз не?
2. Шарттың түрлерін анықтаңыз?
3. Шарт жасасу, оны өзгерту және бұзу тәртібін анықтаңыз?

### **Тест тапсырмалары:**

1. Шарт – бұл:
  - А) екі немесе бірнеше жақтың азаматтық құқық пен міндеттерді өзгертуі, тоқтатуы немесе тағайындауы туралы келісімі;
  - В) екі немесе бірнеше адамның келісімі;
  - С) азаматтардың азаматтық құқығы мен міндеттерін өзгертуге немесе тоқтатуға бағытталған іс-әрекеттері;
  - Д) азаматтардың азаматтық құқығы мен міндеттерін өзгертуге немесе тоқтатуға бағытталған іс-әрекеттері мен іс-қимылсыздығы;
  - Е) екі немесе бірнеше адамның азаматтық құқық пен міндеттердің пайда болуы туралы келісімі.
2. Алдын-ала жасалатын шарт:

- A) тараптар алдын ала жасалатын шартта көзделген жағдайларда мүлік беру, жұмыс орындау немесе қызмет көрсету туралы болашақта шарт жасауға міндетті;
- B) ынтасы туралы хаттама;
- C) үшінші жақтың пайдасына жасалатын шарт;
- D) формулярлар мен немесе басқада стандартты (қалыпты) үлгіде істелген, бір жақтық шартымен мәміле (шарт);
- E) коммерциялық ұйыммен жасалған шарт.

3. Түрлі шарттардың элементтері бар шарт – бұл:

- A) аралас шарт;
- B) алдын ала жасалатын шарт;
- C) үшінші жақтың пайдасына жасалатын шарт;
- D) жария шарт;
- E) қосылу шарты.

4. Ережелерін тараптардың біреуі формулярларды немесе өзге стандартты нысандарда белгілеген және басқа тарап оны ұсынылған шартқа тұтастай қосылу жолымен қабылдай алатын шарт - бұл:

- A) аралас шарт;
- B) алдын ала жасалатын шарт;
- C) үшінші жақтың пайдасына жасалатын шарт;
- D) жария шарт;
- E) қосылу шарты.

5. Әдеттегідей, шарт мына сәттен бастап жасалды деп саналады:

- A) тараптар шартқа қол қойған сәттен бастап;
- B) шарттың тіркелген сәтінен бастап;
- C) қалыпты, нақты және үлгілі тармақтары келісілген сәттен бастап;
- D) нақты тармақтары келісілген сәттен бастап;
- E) нақты және қалыпты тармақтары келісілген сәттен бастап.

6. «Үшінші жақтың пайдасына жасалатын шарт» деген түсінікке анықтама беріңіз:

- A) тараптар несие берушіге емес, шартта көрсетілген немесе көрсетілмеген және борышқордан міндеттемені өзінің пайдасына орындауды талап етуге құқығы бар үшінші жаққа борышқор орындап беруге міндетті көздейтін шарт;
- B) коммерциялық ұйыммен жасалған және өз қызметінің сипатына қарай оған өтінішпен келетін әркімге қатысты жүзеге асырылатын тауарларды сату, жұмыстарды атқару немесе қызмет көрсету жөніндегі оның міндеттемелерін белгілейтін шарт;
- C) ережелерін тараптардың беруі формулярларда белгілеген және басқа тарап ұсынған шартқа тұтастай қосылу жолымен қабылдай алатын шарт;

- D) шарт бойынша тарап өз міндеттемелерін орындағаны үшін ақы алуы немесе бір-біріне бір нәрсе беруін белгілейтін шарт;
- E) мүлік беру, жұмыс орындау немесе қызмет көрсету туралы болашақта шарт жасауға міндет тағайындайтын шарт.

7. Ережелерін тараптардың беруі формулярларда белгілеген және басқа тарап ұсынған шартқа тұтастай қосылу жолымен қабылдай алатын шартқа анықтама беріңіз:

- A) жария;
- B) үшінші жақтың пайдасына жасалатын шарт;
- C) ақылы;
- D) қосылу;
- E) алдын-ала жасалатын.

8. Ұсыныс жасаушы жақтың кез келген хабарлаушысымен ұсыныста көрсетілген жағдайларда шарт жасасу еркі көрінетін, шарттың барлық елеулі ережелері бар ұсыныс – бұл:

- A) акцепт;
- B) жаңарту;
- C) оферта;
- D) жария оферта;
- E) цессия.

9. Шарт жасасу үшін тұлғаның офертаға жауабы:

- A) оферта;
- B) акцепт;
- C) цессия;
- D) жаңарту;
- E) кешіру.

10. Шаруашылық қатынастарды қалыптастыру негізі болып табылады:

- A) шарт жасасу;
- B) акт жасау;
- C) жарнама;
- D) мемлекеттік органдардың ұсыныстары;
- E) газеттегі хабарландырулар.

## **Тақырып 2.2. Кәсіпкерлік қызметті мемлекеттік реттеу**

Мақсаты: кәсіпкерлік қызметті мемлекеттік реттеу принциптері мен негізгі бағыттары туралы білімдерді қалыптастыру.

Жоспар:

1. Жеке кәсіпкерлік қызметті мемлекеттік реттеудің мақсаты мен принциптері.

2. Лицензиялау және техникалық реттеу кәсіпкерлік қызметті мемлекеттік реттеудің тәсілдері ретінде.

### **1. Жеке кәсіпкерлік қызметті мемлекеттік реттеудің мақсаттары мен міндеттері**

Кәсіпкерлікті мемлекеттік реттеудің мақсаттары кәсіпкерлік субъектісі өндіретін және өткізетін тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіпсіздігін, олардың заңды мүдделерін қорғауды, қоршаған ортаға қауіпсіздігін, Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін, мемлекеттің мүліктік мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету және ел экономикасының өсуін ынталандыратын кәсіпкерлікті дамытуға қолайлы жағдайлар жасау болып табылады.

Кәсіпкерлікті мемлекеттік реттеудің міндеттері:

- 1) адамдардың өмірі мен денсаулығын сақтауды, қоршаған ортаны қорғауды;
- 2) ұлттық экономикаға инвестициялар тартуды ынталандыратын реттеуші ортаны және инновациялық қызметке қолайлы экожүйе қалыптастыруды;
- 3) адал бәсекелестікті дамытуға жағдайлар жасауды;
- 4) кәсіпкерлердің іскерлік беделіне негізделген бизнестің адал, әдепті жүргізілуін ынталандыруды;
- 5) өзін-өзі реттеуді дамытуға жәрдемдесуді;
- 6) тұтынушылардың құқықтарын қорғауды қамтиды.

Кәсіпкерлікті мемлекеттік реттеу реттегіш құралдар арқылы жүзеге асырылады және:

- 1) Қазақстан Республикасының заңдары;
- 2) Қазақстан Республикасы Президентінің нормативтік құқықтық жарлықтары;
- 3) Қазақстан Республикасы Үкіметінің нормативтік құқықтық қаулылары;
- 4) Қазақстан Республикасы министрлерінің және орталық мемлекеттік органдар мен олардың ведомстволарының өзге де басшыларының нормативтік құқықтық бұйрықтары;
- 5) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің және қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілері;
- 6) мәслихаттардың нормативтік құқықтық шешімдері, әкімдердің нормативтік құқықтық шешімдері, әкімдіктердің нормативтік құқықтық қаулылары;
- 7) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес міндетті талаптарды қамтитын өзге де құжаттар деңгейінде мемлекеттің кәсіпкерлік субъектілерінің орындауы үшін міндетті талаптарды белгілеуіне негізделген.

Кәсіпкерлікті мемлекеттік реттеу:

- кәсіпкерлік субъектілерін мемлекеттік тіркеу;
- техникалық реттеу;
- бағалар мен тарифтерді мемлекеттік реттеу;
- Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес кәсіпкерлік субъектілерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру;

- бәсекелестікті қорғау және монополистік қызметті шектеу нысанында;
- Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген кәсіпкерлікті мемлекеттік реттеудің өзге де нысандарында жүзеге асырылады.

Мынадай реттегіш құралдар:

- 1) кәсіпкерлік субъектілерінің жекелеген қызмет түрлерін немесе әрекеттерді (операцияларды) жүзеге асыруының рұқсат беру немесе хабарлама жасау тәртібі;
- 2) мемлекеттік бақылау мен қадағалау;
- 3) Қазақстан Республикасының заңдарында кәсіпкерлік субъектілерінің жауапкершілігін белгілеу;
- 4) ақпараттық құралдар;
- 5) өзін-өзі реттейтін ұйымға міндетті мүшелікке (қатысуға) негізделген өзін-өзі реттеу кәсіпкерлік субъектілерінің орындауы үшін міндетті талаптардың орындалуын қамтамасыз ету құралдары болып табылады.

## **2. Лицензиялау және техникалық реттеу кәсіпкерлік қызметті мемлекеттік реттеудің тәсілдері ретінде**

Лицензиялаудан немесе рұқсат беру рәсімінен өту үшін тиісті рұқсат беру органына жүгінген немесе хабарлама жіберген мынадай кәсіпкерлік субъектілері өтініш берушілер бола алады:

- дара кәсіпкер;
- заңды тұлға;
- заңды тұлғаның филиалы немесе өкілдігі;
- лицензиат;
- екінші санаттағы рұқсатты иеленуші.

Өтініш берушілердің:

- 1) рұқсаттар және хабарламалар туралы толық және анық ақпарат алуға;
- 2) рұқсат беру органдарының және хабарламалар қабылдауды жүзеге асыратын мемлекеттік органдардың және (немесе) олардың лауазымды адамдарының, «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясының және (немесе) олардың жұмыскерлерінің лицензиялауды және рұқсат беру рәсімдерін немесе хабарламалар қабылдауды жүзеге асыру мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен шағым жасауға;

3) «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» ҚР Заңының 48-б. ережелерін ескере отырып, рұқсатты және (немесе) оған қосымшаны алу немесе хабарлама жіберу үшін өтініштің электрондық немесе қағаз нысанын таңдауға, сондай-ақ берілетін рұқсаттың және (немесе) оған қосымшаның электрондық немесе қағаз нысанын таңдауға құқығы бар.

Рұқсат беру органдарының құқықтары мен міндеттері

Екінші санаттағы рұқсаттарды беруге уәкілеттік берілген лицензиарлар мен органдар рұқсат беру органдары болып табылады.

Рұқсат беру органдарының өз құзыреті шегінде мемлекеттік органдарға лицензиялауды немесе рұқсат беру рәсімін жүзеге асыру үшін қажетті ақпаратқа, оның ішінде ақпараттық жүйелер арқылы сұрау салумен жүгінуге құқығы бар.

Рұқсат беру органдары:

1) Кәсіпкерлік Кодекске және «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» ҚР Заңына сәйкес лицензиялауды және рұқсат беру рәсімдерін жүзеге асыруға;

2) мүмкіндігі шектеулі адамдардың рұқсаттар алуы кезінде олар үшін қажетті жағдайлар жасауға;

3) лицензиялау, рұқсат беру рәсімдері, бұл үшін талап етілетін құжаттар тізбесі және осындай құжаттарды алу және ресімдеу тәртібі туралы толық және анық ақпаратты қолжетімді нысанда беруге;

4) мемлекеттік органдарға және «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясына лицензиялауды және рұқсат беру рәсімдерін, оның ішінде ақпараттық жүйелер арқылы жүзеге асыру үшін қажетті құжаттарды және (немесе) ақпаратты беруге;

5) өтініш берушілердің, лицензиаттардың және екінші санаттағы рұқсаттарды иеленушілердің бұзылған құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін қалпына келтіруге бағытталған шаралар қолдануға;

6) рұқсаттар беру үшін қажетті мәліметтерді қамтитын ақпараттық жүйелердің іркіліссіз жұмыс істеуін және толықтырылып отыруын өз құзыреті шегінде қамтамасыз етуге;

7) егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, өтініш берушілердің, лицензиаттардың және екінші санаттағы рұқсаттарды иеленушілердің рұқсаттар беру кезінде ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын, қолжетімділігі шектеулі дербес деректерді пайдалануға жазбаша келісімін алуға, оның ішінде электрондық құжат нысанында алуға міндетті.

Лицензиялау және хабарламалар жіберу рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік ақпараттық жүйесі және рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік электрондық тізілімі пайдаланыла отырып, электрондық нысанда жүзеге асырылады.

Рұқсат беру рәсімдері рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік ақпараттық жүйесі және рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік электрондық тізілімі пайдаланыла отырып, «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» ҚР Заңының 52-б. 3-т. ережелері ескеріле отырып, электрондық нысанда жүзеге асырылады.

Өтініш беру, рұқсаттар және (немесе) рұқсатқа қосымшалар беру тәртібі «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» ҚР Заңымен реттеледі.

Рұқсат беру органдары рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік электрондық тізілімін тұрақты негізде жүргізеді.



Хабарламалар бойынша рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік электрондық тізілімін ҚР заңнамасында көзделген жағдайларда, хабарламалар қабылдауды жүзеге асыратын мемлекеттік органдар жүргізеді.

**Бақылау сұрақтары:**

1. Жеке кәсіпкерлік қызметті мемлекеттік реттеудің мақсаты неде?
2. Жеке кәсіпкерлік қызметті мемлекеттік реттеудің негізгі бағыттары қандай?

**Тест тапсырмалары:**

1. Өтініш беру тәртібі қандай заңмен реттеледі?  
А) «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы»;  
В) «Рұқсаттар және хабарламалар туралы»;  
С) «Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы»;  
D) «Мемлекеттік мүлік туралы»;  
E) «Оналту және банкроттық туралы».
2. Лицензиар жеке немесе заңды тұлғаға лицензияланатын қызмет түрін не лицензияланатын қызметтің кіші түрін жүзеге асыруға беретін бірінші санаттағы рұқсат – бұл:  
А) сертификат;  
В) лицензия;  
С) патент;  
D) куәлік;  
E) төл құжат.
3. Рұқсаттық бақылауды жүзеге асыруға, лицензияның және (немесе) лицензияға қосымшалардың қолданысын тоқтата тұруға, қайта бастауға және тоқтатуға байланысты іс-шаралар кешені – бұл:  
А) бірыңғай технологиялық процесс;  
В) автоматты түрде лицензиялау;  
С) біліктілік талаптары;  
D) лицензиялау;  
E) лицензиялық бақылау.
4. Жарамды рұқсат – бұл:  
А) берілген, ұзартылған немесе қайта ресімделген, қолданысы осы Заңға сәйкес тоқтатыла тұрмаған немесе тоқтатылмаған рұқсат;  
В) автоматты түрде лицензиялау;  
С) рұқсат беру талаптарына сәйкестігін тексеруге бағытталған қызметі;  
D) кәсіптік немесе кәсіпкерлік қызмет субъектілерінің өзін-өзі реттеуі;  
E) лицензиялық бақылау.

5. Лицензиарлар және екінші санаттағы рұқсаттарды беруге уәкілетті орган:

- A) лицензиат;
- B) лицензиар;
- C) өтініш беруші;
- D) рұқсат беру орган;
- E) аудиторлық палата.

6. Заңды тұлғаның филиалы немесе өкілдігі, лицензиат, екінші санаттағы рұқсатты иеленуші – бұл:

- A) лицензиат;
- B) лицензиар;
- C) өтініш беруші;
- D) екінші санаттағы рұқсатты иеленуші;
- E) реттеуші мемлекеттік орган.

7. Лицензияланатын қызметтің кіші түрін жүзеге асыруға беретін бірінші санаттағы рұқсат:

- A) хабарлама;
- B) ілеспе рұқсат;
- C) тарихи деректер;
- D) лицензия;
- E) жарамды рұқсат.

8. Берілген, қайта ресімделген, тоқтата тұрған, жаңғыртылған және қолданылуы тоқтатылған лицензиялар туралы мәліметтерді қамтитын дерекқор – бұл:

- A) лицензияланатын қызмет түрінің кіші түрі;
- B) мемлекеттік лицензиялар тізілімі;
- C) лицензиялау;
- D) лицензиялық бақылау;
- E) лицензияланатын қызмет түрі.

9. Басқа жеке немесе заңды тұлғаның біліктілік талаптарына сәйкестігін тексеру рәсімдерін жүргізбей, оған лицензияны қайта ресімдеу мүмкіндігі – бұл:

- A) лицензияланатын қызмет түрінің кіші түрі;
- B) мемлекеттік лицензиялар тізілімі;
- C) лицензиялау;
- D) лицензиялық бақылау;
- E) лицензияның иеліктен шығарылатындығы.

10. Бір лицензия аясында тиісті лицензияланатын қызмет түрін нақтылау – бұл:

- A) лицензияланатын қызмет түрінің кіші түрі;
- B) мемлекеттік лицензиялар тізілімі;
- C) лицензияланатын қызмет түрі;

- D) лицензиялық бақылау;
- E) рұқсаттың электрондық нысаны.

### **Тақырып 2.3. Кәсіпкерлік қызметті мемлекеттік қолдау**

Сабақтың мақсаты: кәсіпкерлік қызметті мемлекеттік қолдаудың негізгі бағыттары туралы білімдерді қалыптастыру.

Жоспар:

1. Жеке кәсіпкерлік субъектілерінің түсінігі.
2. Жеке кәсіпкерлік қызметті мемлекеттік қолдаудың түсінігі мен негізгі бағыттары.
3. Шағын және орта кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау түрлері.

#### **1. Жеке кәсіпкерлік субъектілерінің түсінігі**

Кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын азаматтар, қандастар және мемлекеттік емес коммерциялық заңды тұлғалар (жеке кәсіпкерлік субъектілері), мемлекеттік кәсіпорындар (мемлекеттік кәсіпкерлік субъектілері) кәсіпкерлік субъектілері болып табылады.

Кәсіпкерлік субъектісі болып табылатын жеке тұлға КК-те көзделген тәртіппен дара кәсіпкер ретінде тіркеледі.

Кәсіпкерлік субъектісі болып табылатын заңды тұлға ҚР АҚ-де көзделген ұйымдық-құқықтық нысанда құрылуы мүмкін.

Жұмыскерлердің жылдық орташа санына және жылдық орташа кіріске қарай кәсіпкерлік субъектілері мынадай санаттарға жатқызылады:

- *шағын кәсіпкерлік субъектілері*, оның ішінде микрокәсіпкерлік субъектілері;
- *орта кәсіпкерлік субъектілері*;
- *ірі кәсіпкерлік субъектілері*.

Заңды тұлға құрмаған дара кәсіпкерлер және жұмыскерлерінің жылдық орташа саны бір жүз адамнан аспайтын және жылдық орташа кірісі республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарында қолданыста болатын айлық есептік көрсеткіштің үш жүз мың еселенген мөлшерінен аспайтын, кәсіпкерлікті жүзеге асыратын заңды тұлғалар *шағын кәсіпкерлік субъектілері* болып табылады.

Жұмыскерлерінің жылдық орташа саны он бес адамнан аспайтын немесе жылдық орташа кірісі республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарында қолданыста болатын айлық есептік көрсеткіштің отыз мың еселенген мөлшерінен аспайтын, жеке кәсіпкерлікті жүзеге асыратын шағын кәсіпкерлік субъектілері *микрокәсіпкерлік субъектілері* болып табылады.

Кәсіпкерлікті жүзеге асыратын, шағын және ірі кәсіпкерлік субъектілеріне жатпайтын дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғалар *орта кәсіпкерлік субъектілері* болып табылады.

Кәсіпкерлікті жүзеге асыратын және мынадай өлшемшарттардың біреуіне немесе екеуіне сай келетін: жұмыскерлерінің жылдық орташа саны екі жүз елу адамнан асатын және (немесе) жылдық орташа кірісі республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарында қолданыста болатын айлық есептік көрсеткіштің үш миллион еселенген мөлшерінен асатын дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғалар *ірі кәсіпкерлік субъектілері* болып табылады.

## **2. Жеке кәсіпкерлік қызметті мемлекеттік қолдаудың түсінігі мен негізгі бағыттары**

Кәсіпкерлік субъектілерін көрсетілген санаттарға жатқызу мынадай мақсаттар үшін пайдаланылады:

- мемлекеттік статистика;
- мемлекеттік қолдау көрсету;
- Қазақстан Республикасы заңнамасының өзге де нормаларын қолдану.

Мемлекеттік статистика мақсаттары үшін жұмыскерлердің жылдық орташа санының өлшемшарты ғана пайдаланылады.

Мемлекеттік қолдау көрсету және Қазақстан Республикасы заңнамасының өзге де нормаларын қолдану мақсаттары үшін екі өлшемшарт: жұмыскерлердің жылдық орташа саны және жылдық орташа кіріс пайдаланылады.

Мемлекеттік қолдау көрсету және Қазақстан Республикасы заңнамасының өзге де нормаларын қолдану мақсаттары үшін персонал беру жөніндегі қызметтерді көрсетуге арналған шартқа сәйкес жіберуші тарап жұмыскерлерінің еңбегін пайдаланатын кәсіпкерлік субъектілері жұмыскерлерінің жылдық орташа саны жіберуші тараптың жұмыскерлері ескеріле отырып айқындалады.

Кәсіпкерлік субъектілері жұмыскерлерінің жылдық орташа саны осы субъект филиалдарының, өкілдіктерінің және басқа да оқшауланған бөлімшелерінің жұмыскерлерін, сондай-ақ дара кәсіпкердің өзін қоса алғанда, барлық жұмыскерлер ескеріле отырып айқындалады.

Соңғы үш жылдағы жылдық жиынтық кірістердің немесе Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес патент, оңайлатылған декларация негізінде немесе арнаулы мобильді қосымша пайдаланылатын арнаулы салық режимін қолданатын кәсіпкерлік субъектілері кірістерінің үшке бөлінген сомасы жылдық орташа кіріс деп есептеледі.

Жеке кәсіпкерлік субъектілерін мемлекеттік қолдау бағдарламаларында өзге де өлшемшарттар көзделуі мүмкін.

Мемлекеттік қолдау және ҚР заңнамасының өзге де нормаларын қолдану мақсаттары үшін:

- 1) есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлардың айналымына байланысты әрекетті;
- 2) акцизделетін өнімді өндіруді және (немесе) көтерме саудада өткізуді;

- 3) астық қабылдау пункттерінде астық сақтау жөніндегі қызметті;
- 4) лотереялар өткізуді;
- 5) ойын бизнесі саласындағы қызметті;
- 6) радиоактивті материалдардың айналымына байланысты қызметті;
- 7) банк қызметін (не банк операцияларының жекелеген түрлерін) және сақтандыру нарығындағы қызметті (сақтандыру агенті қызметінен басқа);
- 8) аудиторлық қызметті;
- 9) бағалы қағаздар нарығындағы кәсіби қызметті;
- 10) кредиттік бюролар қызметін;
- 11) күзет қызметін;
- 12) азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарының айналымына байланысты қызметті;
- 13) I кіші түрдегі цифрлық майнинг жөніндегі қызметті жүзеге асыратын дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғалар шағын кәсіпкерлік, оның ішінде микрокәсіпкерлік субъектілері деп танылмайды.

### **3. Шағын және орта кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау түрлері**

Шағын және орта кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау КК-тің 93-б. көзделген шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау түрлері бойынша мыналарды:

- шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің мемлекеттік қаржылық, материалдық-техникалық және ақпараттық ресурстарды, сондай-ақ ғылыми-техникалық әзірлемелер мен технологияларды пайдалануы үшін жағдайлар жасауды;

- мемлекеттік тіркеудің және таратудың оңайлатылған тәртібін белгілеуді;

- салық салудың оңтайлы режимін белгілеуді;

- шағын және орта кәсіпкерлікке кредит беру бағдарламаларын қабылдауды;

- шағын және орта кәсіпкерлікті қолдау және дамыту үшін инвестицияларды, оның ішінде шетелдік инвестицияларды тарту және пайдалану жүйесін жасауды;

- шағын және орта кәсіпкерлік субъектілеріне ағымдағы жылы осы тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу үшін бөлінген жиынтық мәндегі жалпы көлемнің кемінде елу пайызы мөлшерінде белгіленетін шағын және орта кәсіпкерлік субъектілеріне сатып алуды жүргізу туралы ақпарат беруді;

- шағын және орта кәсіпкерлік субъектілеріне тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алуға қатысу мәселелері бойынша консультация беруді;

- жұмыс істеп тұрған шағын және орта кәсіпкерлікті қолдау мен дамытудың оқу және зерттеу орталықтарын, консалтингтік ұйымдар мен ақпараттық жүйелерін дамыту және жаңаларын құру жолымен кадрлар даярлауды, қайта даярлауды және олардың біліктілігін арттыруды

ұйымдастыруды, сондай-ақ шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту саласында тәжірибе алмасу бойынша халықаралық бағдарламалар мен жобаларды іске асыруды қоса алғанда, жүзеге асырылады.

Әлеуметтік кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау жеке кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау шараларынан және шағын және орта кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау шараларынан басқа, мынадай түрде жүзеге асырылады:

- әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілерін қолдау инфрақұрылымының болуын қамтамасыз ету;

- Салық кодексіне сәйкес салықтық жеңілдіктер беру;

- әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілеріне қаржылай қолдау көрсету (оның ішінде екінші деңгейдегі банктер беретін кредиттер бойынша сыйақы мөлшерлемесіне және мүлікті мүліктік жалдауға (жалға) ақы төлеуге субсидиялау беру шеңберінде);

- мемлекеттік мүлікті «Мемлекеттік мүлік туралы» ҚР Заңына сәйкес сатып алу құқығынсыз жеңілдікті шарттармен мүліктік жалдауға (жалға) беру;

- әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілеріне ақпараттық қолдау көрсету;

- әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілеріне консультациялық және әдістемелік қолдау көрсету, акселерациялық бағдарламалар арқылы дамыту (оның ішінде қаражат тарту, тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуға қатысу мәселелері бойынша).

Шағын кәсіпкерлік субъектілерінің қалыптасуы кезеңінде өндірістік ұй-жайлар, жабдықтар беру, ұйымдастырушылық, құқықтық, қаржылық, консалтингтік және ақпараттық қызметтер көрсету арқылы оларға қолдау көрсету үшін құрылатын заңды тұлға бизнес-инкубатор болып табылады.

Бизнес-инкубаторлар шағын кәсіпкерлік субъектілерінің қалыптасуына және дамуына жәрдем көрсету үшін құрылады.

Бизнес-инкубатордың міндеттері:

- бизнес-инкубаторға орналастыру үшін шағын кәсіпкерлік субъектілерін іріктеу;

- шағын кәсіпкерлік субъектілеріне білім беру, маркетингтік, консалтингтік және басқа да ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметтер көрсету;

- шағын кәсіпкерлік субъектілерінің инновациялық қызметін мемлекеттік қолдау болып табылады.

### **Бақылау сұрақтары:**

1. Жеке кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдаудың бағыттарын анықтаңыз?
2. Индустриялық аймақ дегеніміз не?
3. Бизнес-инкубатор дегеніміз не?
4. ШКС мемлекеттік қолдаудың бағыттарын анықтаңыз?

### **Тест тапсырмалары:**

1. Жеке кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдаудың негізгі түрлерін көрсетіңіз:

- A) тікелей, жанама;
- B) әкімшілік, топтық;
- C) қаржылық, мүліктік қолдау;
- D) материалдық, техникалық;
- E) мүліктік, ұйымдастырушылық-басқарушылық.

2. Қаржы лизингін дамыту міндітін кім жүзеге асырады?

- A) арнайы қор;
- B) шағын кәсіпкерлікті қолдау орталығы;
- C) бизнес-инкубатор;
- D) аудиторлық палата;
- E) маслихат.

3. Арнайы қордың негізгі міндеттерін анықтаңыз:

- A) жеке кәсіпкерлік шығаратын өнімдеріне талаптар белгілеу;
- B) жеке кәсіпкерлікті қаржылық қолдау мәселелері бойынша оқыту;
- C) жеке кәсіпкерлікті мемлекеттік бақылау;
- D) жеке кәсіпкерліктің жекелеген түрлерін лицензиялау;
- E) жеке кәсіпкерлік субъектілерінің азаматтық-құқықтық жауаптылығын міндетті сақтандыру.

4. Өнеркәсіпті мемлекеттік ынталандыру саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыруға және іске асыруға қатысады қандай орган жүзеге асырады?

- A) шағын кәсіпкерлікті қолдау үшін арнайы қор;
- B) мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган;
- C) бизнес-инкубатор;
- D) монополияға қарсы орган;
- E) маслихат.

5. Бизнес-инкубатор – бұл...

- A) шағын кәсіпкерлік субъектілерінің қалыптасуы кезеңінде өндірістік үй-жайлар, жабдықтар беру, ұйымдастырушылық, құқықтық, қаржылық, консалтингтік және ақпараттық қызметтер көрсету арқылы оларға қолдау көрсету үшін құрылатын заңды тұлға;
- B) орта кәсіпкерлік субъектілерінің қалыптасуы кезеңінде өндірістік үй-жайлар, жабдық беру, ұйымдық, құқықтық, қаржылық, консалтингтік және ақпараттық қызметтер көрсету жолымен оларды қолдау үшін құрылатын заңды тұлға;
- C) шағын кәсіпкерлік субъектілерінің қалыптасуы кезеңінде тек қана ұйымдық, құқықтық, қаржылық, консалтингтік және ақпараттық қызметтер көрсету жолымен оларды қолдау үшін құрылатын заңды тұлға;
- D) кәсіпкерлік субъектілерінің қалыптасуы кезеңінде өндірістік үй-жайлар, жабдық беру, ұйымдық, құқықтық, қаржылық, консалтингтік және ақпараттық қызметтер көрсету жолымен оларды қолдау үшін құрылатын заңды тұлға;

Е) ірі кәсіпкерлік субъектілерінің қалыптасуы кезеңінде өндірістік үй-жайлар, жабдық беру, ұйымдық, құқықтық, қаржылық, консалтингтік және ақпараттық қызметтер көрсету жолымен оларды қолдау үшін құрылатын заңды тұлға.

6. Жеке кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау негізгі бағытын анықтаңыз:

А) инновациялық қызмет;

В) мемлекеттік кәсіпорынның қаржы-шаруашылық қызметінің жоспары мен тәртібін бекіту;

С) мемлекеттік кәсіпорынның қаржы-шаруашылық қызметінің жоспарлы көрсеткіштерінің орындалуын талдау;

Д) жеке кәсіпкер мүлкінің мақсатқа сай пайдаланылуын және сақталуын бақылауды жүзеге асыру;

Е) жеке кәсіпкердің қызметіне байланысты емес мақсаттарға бюджеттік қаражаттарды жұмсау.

7. Бизнес-инкубаторлар қандай кәсіпкерлік субъектілерінің дамуына жәрдем көрсету үшін құрылады?

А) шағын;

В) орта;

С) ірі;

Д) әлеуметтік;

Е) микрокредиттік.

8. Инфрақұрылымдық қолдау – бұл жеке кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдаудың негізгі ...:

А) қаржылық саясаты;

В) нысаны;

С) түрі;

Д) әдісі;

Е) қағидаты.

9. Аталғандардың арасынан қандай орган ұлттық және аумақтық кластерлерді дамытуды жүзеге асырады?

А) жергілікті атқарушы орган;

В) қоғамдық қор;

С) акционерлік қоғам;

Д) өкілді орган;

Е) ұлттық холдинг.

10. Жеке кәсіпкерлік субъектілерінің бастамаларын мемлекет тарапынан қаржылық қолдауды, оның ішінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша құрылған қор:

А) қоғамдық;



- В) мемлекеттік;
- С) арнайы;
- Д) корпоративтік;
- Е) коммуналдық.

## **Тақырып 2.4. Бәсекелік құқығының негіздері**

Сабақтың мақсаты: бәсекелік құқығының негіздері туралы білімдерді қалыптастыру

Жоспар:

1. Бәсекелестік ұғымы.
2. Монополияға қарсы органның құқықтық мәртебесі.
3. Монополистік қызметтің түсінігі. Экономикалық шоғырлану.
4. Жосықсыз бәсекелестік ұғымы.

### **1. Бәсеке ұғымы**

Бәсекелестікті қорғау, Қазақстан Республикасының тауар нарықтарындағы адал бәсекелестікті және тауар нарықтарының тиімді жұмыс істеуін қолдау және қолайлы жағдайлар жасау, экономикалық кеңістіктің біртұтастығын, тауарлардың еркін қозғалысын және Қазақстан Республикасындағы экономикалық қызметтің еркіндігін қамтамасыз ету, Кәсіпкерлік кодекске сәйкес монополистік қызметті реттеу және шектеу, адал бәсекелестікке жәрдемдесу және Қазақстан Республикасының бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнамасын бұзушылықтардың алдын алу, мемлекеттік, жергілікті атқарушы органдардың, мемлекет нарық субъектілерінің қызметін реттеу функцияларын берген ұйымдардың бәсекелестікке қарсы әрекеттерінің және жосықсыз бәсекелестіктің жолын кесу бәсекелестікті мемлекеттік реттеудің мақсаттары болып табылады.

Бәсекелестік – дербес жасаған әрекеттері тиісті тауар нарығындағы тауарлар айналысының жалпы жағдайына олардың әрқайсысының біржақты ықпал ету мүмкіндігін тиімді шектейтін нарық субъектілерінің жарыспалылығы (162-бап).

Бәсекелестік: жарыспалылық, адалдық, заңдылық, тұтынушылар құқықтарының сақталу бастауларына негізделеді, олар нарық субъектілерінің ұйымдық-құқықтық нысаны мен тіркелген жеріне қарамастан, нарық субъектілерінің барлығына біркелкі түрде, бірдей шамада және тең жағдайда қолданылады.

Бәсекелестікті қорғау және монополистік қызметті шектеу саласындағы басшылықты, мемлекеттік монополия саласына жатқызылған қызметті бақылау мен реттеуді жүзеге асыратын мемлекеттік орган *монополияға қарсы орган* болып табылады.

Монополияға қарсы орган бәсекелестікті қорғау және монополистік қызметті шектеу саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру жөніндегі ұсыныстарды тұжырымдайды

Нарық субъектісі:

- кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлға;
- кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының заңды тұлғасы немесе дербес салық төлеуші болып табылатын (қаржы ұйымдарын қоспағанда) оның филиалы;
- кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын шетелдік заңды тұлға (оның филиалы мен өкілдігі);
- кәсіпкерлік қызметті өзінің жарғылық мақсаттарына сәйкес жүзеге асыратын коммерциялық емес ұйым болып табылады.

**2. Монополияға қарсы органның құқықтық мәртебесі**

Монополияға қарсы органның біртұтас жүйесін орталық мемлекеттік орган және оған бағынысты аумақтық бөлімшелер құрайды.

Аумақтық бөлімшелер өзінің қызметін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өкілеттіктері және орталық мемлекеттік орган бекіткен ереже шегінде жүзеге асырады.

Монополияға қарсы органның міндеттері:

- адал бәсекелестікті дамытуға жәрдемдесу;
- Қазақстан Республикасының бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнамасын бұзушылықтардың алдын алу, анықтау және тергеп-тексеру, жолын кесу;
- экономикалық шоғырлануды реттеу;
- бәсекелестікті шектейтін нарық субъектілерін монополиясыздандыру болып табылады.

Монополияға қарсы орган өз өкілеттіктері шегінде Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдарымен өзара іс-қимылды мынадай нысандарда жүзеге асырады:

- құқық қорғау органдарына бәсекелестікті қорғау саласындағы құқық бұзушылықтардың анықталған фактілері туралы хабарлайды;
- құқық қорғау органдарының сұрау салуы бойынша тауар нарықтарындағы бәсекелестіктің жай-күйі туралы талдамалық ақпаратты береді;
- құқық қорғау органдарының сұрау салулары бойынша өз құзыреті шегінде сараптамалар жүргізеді және Қазақстан Республикасының бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнамасының мәселелері бойынша қорытындылар береді;
- құқық қорғау органдарының, олардың аумақтық бөлімшелерінің қаулылары мен сұрау салулары бойынша өз қызметкерлерін Қазақстан Республикасының бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнамасын бұзушылықтарды тергеп-тексеру жөніндегі процестік әрекеттер мен іс-шараларға қатысу үшін сарапшылар ретінде жібереді.

Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдары өз өкілеттіктері шегінде монополияға қарсы органмен өзара іс-қимылды мынадай нысандарда жүзеге асырады:

1) монополияға қарсы органға Қазақстан Республикасының бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнамасын анықталған құқық бұзушылықтар туралы хабарлайды;

2) монополияға қарсы органның сұрау салулары мен өтініштері бойынша:

- Қазақстан Республикасының бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнамасын бұзушылықтарды тергеп-тексеру жөніндегі бірлескен іс-шараларды өткізу, сондай-ақ монополияға қарсы орган қызметкерлерінің қызметтік міндеттерін орындауына кедергі келтіретін құқыққа қайшы әрекеттердің жолын кесу үшін қызметкерлерін жібереді;

- Қазақстан Республикасының бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнамасын бұзушылардың тұрған жерін анықтау және Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінде белгіленген тәртіппен монополияға қарсы органның жазбаша сұрау салуларына сәйкес әкімшілік жауаптылыққа тарту үшін оларды монополияға қарсы органға жеткізу жөнінде шаралар қолданады;

- Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексінде белгіленген тәртіппен монополияға қарсы орган ұсынатын, қылмыстық жазаланатын бәсекелестікке қарсы әрекеттердің белгілері бар материалдар бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеру жүргізу туралы шешім қабылдайды, бұл жөнінде монополияға қарсы органға хабардар етеді;

- монополияға қарсы органға Қазақстан Республикасының бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнамасын бұзушылықтардың дәлелдемелерін табуға және бекітуге практикалық көмек көрсетеді.

Монополияға қарсы орган:

1) бәсекелестікті қорғау және монополистік қызметті шектеу саласындағы мемлекеттік саясаттың іске асырылуын жүзеге асырады;

2) бәсекелестікті қорғау және монополистік қызметті шектеу саласында мемлекеттік органдар мен өзге де ұйымдарды салааралық үйлестіруді жүзеге асырады;

3) бәсекелестікті қорғау және монополистік қызметті шектеу мәселелері бойынша халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асырады;

4) Қазақстан Республикасының бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнамасының сақталуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

5) мемлекеттік, жергілікті атқарушы органдардың, мемлекет нарық субъектілерінің қызметін реттеу функцияларын берген ұйымдардың бәсекелестікті шектеуге және (немесе) жоюға бағытталған актілерінің, әрекеттерінің (әрекетсіздігінің) жолын кеседі;

6-1) экономикалық шоғырлануға келісім алу туралы өтінішхатты қарайды;

7) Қазақстан Республикасының табиғи монополиялар туралы заңнамасында көзделген бұзушылықтарды қоспағанда, тиісті тауар нарығында үстем немесе монополиялық жағдайды теріс пайдаланудың алдын алады және оны жояды;

7-1) бәсекелестікті қорғау және монополистік қызметті шектеу шеңберінде табиғи монополиялар және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің міндетті қызметтерді көрсету қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

8) нарық субъектілерінің бәсекелестікке қарсы келісімдерін және келісілген әрекеттерін, жосықсыз бәсекелестікті болғызбайды және олардың жолын кеседі;

9) бәсекелестікті қорғау, монополистік қызметті шектеу және тауар нарықтарының жұмыс істеуі саласындағы нормативтік-құқықтық актілерді келіседі;

10) Қазақстан Республикасының бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнамасының нормаларын қолдану туралы ақпаратты таратуды және адал бәсекелестікті насихаттауды жүзеге асырады;

11) тауар нарықтарындағы бәсекелестіктің жай-күйін талдауды жүзеге асырады;

12) тиісті тауар нарығында үстем немесе монополиялық жағдайға ие нарық субъектілерінің қызметін талдауды және оның мониторингін жүзеге асырады;

14) қоғамдық маңызы бар нарықтарды талдау әдістемесін әзірлейді және бекітеді;

15) мемлекеттік кәсіпорындар және акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу пайыздан астамы мемлекетке тиесілі заңды тұлғалар және олармен үлестес заңды тұлғалар құрылатын және (немесе) олар қосымша қызмет түрлерін жүзеге асыратын тауар нарықтарына зерттеп-қарау жүргізу жөніндегі әдістемелерді, мемлекеттік кәсіпорындарға және акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу пайыздан астамы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі заңды тұлғаларға және олармен үлестес заңды тұлғаларға қатысты – Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен келісу бойынша әзірлейді және бекітеді;

16) тауар нарықтарындағы экономикалық шоғырлануды бағалау әдістемесін әзірлейді және бекітеді;

17) қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органмен келісу бойынша қаржы нарықтарындағы экономикалық шоғырлануды бағалау әдістемесін әзірлейді және бекітеді;

18) үстем немесе монополиялық жағдайға ие нарық субъектісі белгілеген монополиялық жоғары (төмен), монополициялық төмен бағаны анықтайды;

19) монополиялық жоғары (төмен) және монополициялық төмен бағаны анықтау жөніндегі әдістемелерді бекітеді;

20) нарық субъектілерінің, мемлекеттік, жергілікті атқарушы органдардың, мемлекет нарық субъектілерінің қызметін реттеу функцияларын берген ұйымдардың Қазақстан Республикасының бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнамасын бұзушылық фактілері бойынша КК-те белгіленген тәртіппен тергеп-тексеру жүргізеді және т.б.

### **3. Монополистік қызметтің түсінігі. Экономикалық шоғырлану**

Жағдайы тиісті тауар нарығын бақылауға, оның ішінде тиісті тауар нарығындағы тауар айналысының жалпы жағдайына елеулі ықпал етуге мүмкіндік беретін нарық субъектілерінің қызметі *монополистік қызмет* болып табылады.

Шектелген монополистік қызметке:

- 1) нарық субъектілерінің бәсекелестікке қарсы келісімдері;
- 2) нарық субъектілерінің бәсекелестікке қарсы келісілген әрекеттері;
- 3) үстем немесе монополиялық жағдайды теріс пайдалану жатады.

Бәсекелестер (бір тауар нарығында тауарлар сатуды не сатып алуды жүзеге асыратын нарық субъектілері) немесе әлеуетті бәсекелестер болып табылатын нарық субъектілері арасындағы бәсекелестікке қарсы келісімдер немесе келісілген әрекеттер деңгейлес болып табылады.

Тиісті тауар нарығында нарық субъектілерінің тауарына ұқсас не оның тауарымен өзара алмастырылатын тауарды өндіруіне және (немесе) өткізуіне байланысты тиісті нарықтың басқа субъектілерімен жарыспалылық жағдайында болатын нарық субъектісі бәсекелес болып табылады.

Бәсекелестің тауарына ұқсас не оның тауарымен өзара алмастырылатын тауарды өндіру және (немесе) өткізу мүмкіндігі бар (жабдыққа, технологияларға ие), бірақ тиісті тауар нарығында оны өндірмейтін және өткізбейтін нарық субъектісі әлеуетті бәсекелес болып табылады.

Бірі тауарды сатып алатын, ал екіншісі тауарды ұсынатын немесе оның әлеуетті сатушысы (өнім берушісі) болып табылатын бәсекелес емес нарық субъектілері арасындағы бәсекелестікке қарсы келісімдер сатылас болып табылады.

Тиісті тауар нарығындағы нарық субъектісінің немесе бірнеше нарық субъектілерінің нарық субъектісіне немесе бірнеше нарық субъектілеріне тиісті тауар нарығын бақылауға, оның ішінде тауар айналысының жалпы жағдайына елеулі ықпал етуге мүмкіндік беретін жағдайы үстем немесе монополиялық жағдай деп танылады.

Нарық субъектісінің үстем жағдайы монополияға қарсы орган бекітетін Тауар нарығындағы бәсекелестіктің жай-күйіне талдау жүргізу жөніндегі әдістемеге сәйкес белгіленеді.

Тиісті тауар нарығындағы үлесі отыз бес және одан көп пайызды құрайтын нарық субъектісінің жағдайы, егер осындай нарық субъектісіне қатысты жиынтығында мынадай мән-жайлар:

1) нарық субъектісінің біржақты тәртіппен тауар бағасының деңгейін айқындау және тиісті тауар нарығында тауар айналысының жалпы шарттарына шешуші ықпал ету мүмкіндігі;

2) тауар нарығына кіру үшін экономикалық, технологиялық, әкімшілік немесе өзге де шектеулердің болуы;

3) нарық субъектісінің тауар нарығында тауар айналысының жалпы шарттарына шешуші ықпал ету мүмкіндігінің әрекет ету ұзақтығы белгіленсе, үстем жағдай деп танылады.

Егер нарық субъектісінің үлесі елу және одан көп пайыз болса, осы тармақтың бірінші бөлігінің 1), 2) және 3) тармақшаларында тізбеленген мән-жайлар ескерілмей нарық субъектілерінің жағдайы үстем жағдай деп танылады.

Тиісті тауар нарығында неғұрлым көп үлес тиесілі, үшеуден аспайтын нарық субъектісінің жиынтық үлесі елу және одан көп пайызды құрайтын болса немесе тиісті тауар нарығында неғұрлым көп үлес тиесілі, төртеуден аспайтын нарық субъектісінің жиынтық үлесі жетпіс және одан көп пайызды құрайтын болса, егер нарық субъектісіне қатысты жиынтығында мынадай мән-жайлар:

1) ұзақ кезең ішінде (кемінде бір жыл ішінде немесе егер мұндай мерзім бір жылдан аз болса, тиісті тауар нарығының әрекет ету мерзімі ішінде) нарық субъектілері үлестерінің салыстырмалы мөлшері өзгермеген немесе аз өзгерістерге ұшырағаны;

2) нарық субъектілері өткізетін немесе сатып алатын тауар тұтыну кезінде (оның ішінде өндірістік мақсаттарда тұтыну кезінде) басқа тауармен алмастырыла алмайтыны;

3) тиісті тауар нарығында осы тауардың бағасы және (немесе) оны өткізу шарттары туралы ақпаратқа белгілі емес тұлғалардың тобына қолжетімді болғаны белгіленсе, бірнеше нарық субъектісінің әрқайсысының жағдайы үстем жағдай деп танылады.

Мыналар экономикалық шоғырлану деп танылады:

1) нарық субъектісін біріктіру немесе қосылу жолымен қайта ұйымдастыру;

2) тұлғаның (тұлғалар тобының) нарық субъектісінің дауыс беретін акцияларын (жарғылық капиталға қатысу үлестерін, пайларын) сатып алуы, бұл ретте, егер мұндай тұлға (тұлғалар тобы) сатып алуға дейін осы нарық субъектісінің акцияларына (жарғылық капиталға қатысу үлестеріне, пайларына) иелік етпесе немесе аталған нарық субъектісінің дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің, пайларының) елу немесе одан аз пайызына иелік етсе, мұндай тұлға (тұлғалар тобы) көрсетілген акциялардың (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің, пайлардың) елу пайызынан астамына иелік ету құқығына ие болады.

Осы талап заңды тұлға құрылтайшыларына оның құрылуы кезінде қолданылмайды;

3) егер мәміленің (өзара байланысты мәмілелердің) нысанасын құрайтын мүліктің баланстық құны мүлікті иеліктен шығаратын немесе басқаға беретін

нарық субъектісінің негізгі өндірістік құралдары мен материалдық емес активтерінің баланстық құнының он пайызынан асып кетсе, нарық субъектісінің (тұлғалар тобының) нарықтың басқа субъектісінің негізгі өндірістік құралдарын және (немесе) материалдық емес активтерін меншікке алуы, иеленуі және пайдалануы, оның ішінде жарғылық капиталды төлеу (беру) есебіне меншікке алуы, иеленуі және пайдалануы;

4) нарық субъектісінің өзі кәсіпкерлік қызметті жүргізген кезде нарықтың басқа субъектісіне орындауға міндетті нұсқаулар беруге не оның атқарушы органының функцияларын жүзеге асыруға мүмкіндік беретін (оның ішінде сенімгерлік басқару туралы шарт, бірлескен қызмет туралы шарт, тапсырма шарты негізінде) құқықтарды иемденуі;

5) сол бір жеке тұлғалардың екі және одан да көп нарық субъектілерінің атқарушы органдарына, директорлар кеңестеріне, байқаушы кеңестеріне немесе басқарудың басқа да органдарына аталған жеке тұлғалардың осы субъектілерде кәсіпкерлік қызметін жүргізу шарттарын айқындау жағдайында қатысуы.

Мыналар экономикалық шоғырлану деп танылмайды:

1) егер бұл сатып алу оларды кейіннен қайта сату мақсатында көрсетілген ұйымның нарық субъектісінің басқару органдарында дауыс беруге қатыспауы шартымен жүзеге асырылатын болса, нарық субъектісінің акцияларын (жарғылық капиталға қатысу үлестерін, пайларын) қаржы ұйымдарының сатып алуы, сондай-ақ бұл сатып алу немесе алу оларды кейіннен қайта сату мақсатында көрсетілген қаржы ұйымдары мұндай мүлікті өз мақсаттары үшін кіріс табу мақсатында пайдаланбауы (қолданбауы) шартымен жүзеге асырылатын болса, борышкердің міндеттемесін толығымен немесе бір бөлігінде тоқтату мақсатында басқа нарық субъектісінің мүлкін, негізгі өндірістік құралдарын және (немесе) материалдық емес активтерін қаржы ұйымдарының сатып алуы немесе меншігіне алуы;

2) оңалтуды немесе банкроттықты басқарушыны, уақытша әкімшілікті (уақытша әкімшіні) тағайындау;

3) егер мұндай мәміле бір тұлғалар тобының ішінде жасалса, осы баптың 1-тармағында көрсетілген мәмілелерді жүзеге асыру.

#### **4. Жосықсыз бәсекелестік ұғымы**

Қазақстан Республикасының заңнамасына, іскерлік айналым ғұрыптарына, парасаттылық, зерделілік пен әділдік талаптарына қайшы келетін және басқа да нарық субъектілеріне – бәсекелестерге зиян келтірген немесе келтіруі мүмкін не олардың іскерлік беделіне нұқсан келтірген немесе келтіруі мүмкін нарық субъектісінің (тұлғалар тобының) немесе бірнеше нарық субъектісінің (тұлғалар тобының) кәсіпкерлік қызметте артықшылықтар алуға бағытталған кез келген әрекеттері *жосықсыз бәсекелестік* болып табылады.

Жосықсыз бәсекелестікке оның ішінде мынадай әрекеттер жатады:

1) тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді, сондай-ақ авторлық құқық объектілерін дараландыру құралдарын құқыққа сыйымсыз пайдалану;

2) басқа өндірушінің тауарын құқыққа сыйымсыз пайдалану;

3) бұйымның сыртқы түрін көшіріп алу;

4) нарық субъектісінің беделін түсіру;

5) көрінеу жалған, жосықсыз және анық емес жарнама;

6) мәжбүрлі ассортиментпен тауар өткізу (сатып алу);

7) бәсекелестің сатушысына (өнім берушісіне) бойкот жасауға шақыру;

8) сатып алушыны (өнім берушіні) кемсітуге шақыру;

9) нарық субъектісін бәсекелеспен шартты бұзуға шақыру;

10) сатушының (өнім берушінің) қызметкерін сатып алушылық;

11) сатып алушының қызметкерін сатып алушылық;

12) коммерциялық құпияны құрайтын ақпаратты құқыққа сыйымсыз пайдалану;

13) тұтынушыға тауардың сипатына, өндірілу тәсілі мен орнына, тұтынушылық қасиеттеріне, сапасы мен санына және (немесе) оны өндірушілерге қатысты анық емес ақпарат ұсына отырып, тауарды өткізу;

14) нарық субъектісінің өзі өндіретін және (немесе) өткізетін тауарларын нарықтың басқа субъектілері өндіретін және (немесе) өткізетін тауарлармен орынсыз салыстыруы;

15) тауар сатушыны (берушіні) ауыстыруға кедергі жасау.

### **Бақылау сұрақтары:**

1. Бәсекелестік дегеніміз не?

2. Монополияға қарсы органның құқықтары мен міндеттерін анықтаңыз?

3. Монополистік қызметті мемлекеттік реттеудің нысандары қандай?

### **Тест тапсырмалары:**

1. Бәсекелестіктің негізгі бастауларына жатпайтынын анықтаңыз:

A) жарыспалылық;

B) адалдық;

C) заңдылық;

D) тұтынушылардың құқықтарын сақтау;

E) меншікке қол сұқпаушылық.

2. Бәсекелестік саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын кім тұжырымдайды?

A) ҚР Үкіметі;

B) ҚР Парламенті;

C) ҚР Жоғарғы соты;

D) ҚР Әділет министрлігі;

E) ҚР президентінің әкімдігі.



3. Дербес жасаған әрекеттері тиісті тауар нарығындағы тауарлар айналысының жалпы жағдайына олардың әрқайсысының біржақты ықпал ету мүмкіндігін тиімді шектейтін нарық субъектілерінің жарыспалылығы – бұл:

- A) бәсекелестік;
- B) монополистік қызмет;
- C) санация;
- D) тіркеу;
- E) девальвация.

4. Бәсекелестік нарықта қандай да бір тауарды өндіруге, өткізуге және (немесе) сатып алуға мемлекеттің айрықша құқығы – бұл:

- A) жосықсыз бәсекелестік;
- B) мемлекеттік монополия;
- C) адал бәсекелестік;
- D) бәсекелестікке қарсы келісім;
- E) монополиялық төмен баға.

5. Нарық субъектілерінің бірі:

- A) кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлға;
- B) мемлекеттік орган;
- C) жергілікті атқарушы орган;
- D) монополияға қарсы орган;
- E) табиғи монополия.

6. Жосықсыз бәсекелестікке мынадай әрекеттер жатпайды:

- A) анық емес жарнама;
- B) өнім берушісіне бойкот жасау;
- C) коммерциялық құпияны сыйымсыз пайдалану;
- D) шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту;
- E) нарық субъектісінің беделін түсіру.

7. Нарық субъектісінің қызметіне байланысты көрінеу жалған, анық емес мәліметтерді кез келген нысанда тарату – бұл:

- A) өнім берушінің қызметін іріктеу;
- B) нарық субъектісінің беделін түсіру;
- C) басым болу;
- D) мүліктік емес игіліктерді анықтау;
- E) мемлекеттік құпияны сыйымсыз пайдалану.

8. Табиғи монополия, мемлекеттік монополия, арнайы құқық субъектілерінің, сондай-ақ тиісті тауар нарығында жүз пайыз үстем үлеске ие нарық субъектілерінің (монополиялық жағдайға ие субъектілер) жағдайы – бұл:

- A) лоттар бұрмалау;

- В) кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау;
- С) монополиялық жағдай;
- Д) бәсекелестікті болғызбау;
- Е) негізсіз шектеу.

9. Тиісті қаржы қызметтерін көрсету нарығында неғұрлым көп үлес тиесілі болатын, үшеуден аспайтын қаржы ұйымының жиынтық үлесі жетпіс және одан көп пайызды құраса, қаржы ұйымдарының жағдайы – бұл:

- А) тауар таңбаларын сыйымсыз пайдалану;
- В) үстем жағдай;
- С) бұйымның сыртқы түрін көшіріп алу;
- Д) нарық субъектісінің беделін түсіру;
- Е) жосықсыз жарнама.

10. Мемлекеттік кәсіпорындар, акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу пайызынан астамы мемлекетке тиесілі заңды тұлғалар жүзеге асыратын қызмет түрлерінің тізбесін кім бекітеді?

- А) ҚР Үкіметі;
- В) ҚР Парламенті;
- С) ҚР Жоғарғы соты;
- Д) ҚР Әділет министрлігі;
- Е) ҚР президентінің әкімдігі.

## **Тақырып 2.5. Тұтынушылардың құқықтарын қорғау**

Сабактың мақсаты: тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы білімдер қалыптастыру.

Жоспар:

1. Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы жалпы ережелер.
2. Тұтынушылардың құқықтары.

### **1. Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы жалпы ережелер**

Тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласында қалыптасатын қатынастар 2010 жылдың 04 мамырында қабылданған «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» ҚР Заңымен реттеледі.

*Тұтынушылардың құқықтарын қорғаудың негізгі қағидаттары*

Тұтынушылардың құқықтарын қорғау:

- тұтынушылардың экономикалық мүдделеріне жәрдемдесу және осы мүдделерді қорғау;
- сатушы (дайындаушы, орындаушы) ұсынатын тауарлар (жұмыстар, көрсетілетін қызметтер) туралы ақпараттың қолжетімділігі және дұрыстығы;
- өз құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау мәселелерінде тұтынушыларды ағарту, тұтынушының құқықтық сауаттылығын арттыру;

- тұтынушылардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғаудың оларды қорғауды қамтамасыз ететін іс-шаралардың дәйектілігіне негізделген тиімді жүйесін қамтамасыз ету;

- электрондық коммерцияда тұтынушылардың заңды мүдделерінің басқа сауда нысандарында ұсынылатын қорғау деңгейінен кем емес қорғалуын қамтамасыз ету;

- тұтынушылардың қоғамдық бірлестіктерінің, қауымдастықтардың (одақтардың) тұтынушылардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды қамтамасыз етуге қатысуы;

- тұтынушыларды қауіпсіз және сапалы тауарлармен (жұмыстармен, көрсетілетін қызметтермен) қамтамасыз ету қағидаттары негізінде жүзеге асырылады.

Тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласындағы тұтынушылардың ағарту және өз құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау мәселелерінде тұтынушылардың құқықтық сауаттылығын арттыру құқығы тиісті талаптарды мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына және білім беру бағдарламаларына енгізу арқылы, сондай-ақ тұтынушыларды олардың құқықтары және сол құқықтарды қорғау жөніндегі қажетті іс-қимылдар туралы ақпарат беру жүйесін ұйымдастыру арқылы қамтамасыз етіледі.

*Тұтынушы* – жеке, отбасында, үй ішінде және кәсіпкерлік қызметпен байланысты емес өзге де пайдалануға ғана арналған тауарға (жұмысқа, көрсетілетін қызметке) тапсырыс беру немесе соларды сатып алу ниеті бар не тапсырыс беретін, сатып алатын және (немесе) пайдаланатын жеке тұлға

*Дайындаушы* – өткізу үшін тауар өндіретін жеке немесе заңды тұлға.

*Жарамдылық мерзімі* – бітуіне қарай тауар мақсаты бойынша пайдалануға жарамсыз деп саналатын уақыт кезеңі.

*Кемшілік* – тауардың (жұмыстың, көрсетілетін қызметтің) техникалық регламенттердің, стандарттау жөніндегі құжаттардың міндетті талаптарына, шарттың ережелеріне, сондай-ақ тауар (жұмыс, көрсетілетін қызмет) туралы сатушы (дайындаушы, орындаушы) ұсынған ақпаратқа сәйкес келмеуі.

*Орындаушы* – шарт бойынша жұмысты орындаушы немесе қызмет көрсетуші жеке немесе заңды тұлға.

*Сақтау мерзімі* – белгіленген сақтау шарттары сақталған кезде тауар (жұмыс нәтижесі) осы уақыт кезеңі ішінде тауардың (жұмыстың, көрсетілетін қызметтің) сапасына қойылатын талаптарды белгілейтін нормативтік құжаттарда және (немесе) шартта көрсетілген сапасын, қасиеттерін және сипаттамаларын сақтайтын уақыт кезеңі.

## **2. Тұтынушылардың құқықтары**

Тұтынушылардың:

1) тауарларды (орындалатын жұмысты және көрсетілетін қызметті) иеленуге еркін шарт жасасуға;

2) тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласындағы ағартуға және тұтынушының өз құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау мәселелерінде құқықтық сауаттылығын арттыруға;

3) тауар (жұмыс, көрсетілетін қызмет) туралы, сондай-ақ сатушы (дайындаушы, орындаушы) туралы ақпарат алуға;

4) қауіпсіз тауарды (жұмысты, көрсетілетін қызметті) сатып алуға;

5) тауарды (жұмысты, көрсетілетін қызметті) еркін таңдауға;

6) тауардың (жұмыстың, көрсетілетін қызметтің) тиісті сапасына;

7) тиісті де, тиісті емес те сападағы тауарды айырбастап алуға немесе қайтарып беруге;

8) тауардың (жұмыстың, көрсетілетін қызметтің) кемшіліктері салдарынан өздерінің өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне келтірілген залалды (зиянды) толық көлемде өтетуге;

9) сатушыдан (дайындаушыдан, орындаушыдан) тауарды сатып алу (жұмысты орындау, қызметті көрсету) фактісін растайтын құжатты немесе тауарды сатып алу (жұмысты орындау, қызметті көрсету) кезінде жасалған шартты алуға;

10) ұтыс түрінде берілген (орындалған, көрсетілген) тауардың (жұмыстың, көрсетілетін қызметтің) сапасы бойынша ойындардың бастамашысына (ұйымдастырушысына) кінә қоюға;

11) тұтынушылардың қоғамдық бірлестіктерін құруға;

12) моральдық зиянды өтетуге;

13) құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға құқығы бар.

Тұтынушының тауар (жұмыс, көрсетілетін қызмет) туралы, сондай-ақ сатушы (дайындаушы, орындаушы) туралы толық, дұрыс және уақтылы ақпарат алуға құқығы бар.

Егер тауар (жұмыс, көрсетілетін қызмет) туралы, сондай-ақ сатушы (дайындаушы, орындаушы) туралы толық емес, дұрыс емес және уақтылы емес ақпарат беру:

- тұтынушыға қажетті қасиеттері жоқ тауарды (жұмысты, көрсетілетін қызметті) сатып алуға әкеп соқса, ол шартты бұзуға және өзіне келтірілген залалды өтеуді талап етуге құқылы;

- сатып алынған тауарды (жұмысты, көрсетілетін қызметті) мақсатына сай пайдалану мүмкіндігінің болмауына әкеп соқса, тұтынушы тауарды сатып алған (жұмыс орындалған, қызмет көрсетілген) күннен бастап күнтізбелік үш күн ішінде тиісті ақпарат беруді талап етуге құқылы. Егер көрсетілген мерзімде ақпарат берілмесе, тұтынушы шартты бұзуға және өзіне келтірілген залалды өтеуді талап етуге құқылы;

- тұтынушының өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне зиян келтіруге әкеп соқса, ол сатушыға (дайындаушыға, орындаушыға) талаптарды қоюға құқылы.

### **Бақылау сұрақтары:**

1. Тұтынушы деп кімді атайды?
2. Тұтынушының негізгі құқықтарын анықтаңыз?

**Тест тапсырмалары:**

1. Тауарды өткізу үшін өндіретін ұйым немесе азамат – бұл:  
А) тұтынушы;  
В) сатушы;  
С) дайындаушы;  
D) орындаушы;  
E) жеке тұлға.
2. Кез-келген тұтынушының мынадай құқығы бар:  
А) тұтынудың кепілдік берілген деңгейіне;  
В) әлеуметтік қамсыздандыруға;  
С) жұмыс сұрауға;  
D) меншікке қол сұқпаушылыққа;  
E) еңбекті қорғауға.
3. Сапалы азық-түлік емес тауарды айырбастауға белгіленген мерзім:  
А) 14 күн;  
В) 7 күн;  
С) 3 күн;  
D) 10 күн;  
E) 12 күн.
4. Тауарды айырбастаудың міндетті шарты болып табылмайды:  
А) тауардың түр-түсінің сақталуы;  
В) тауардың тұтынушылық қасиеттерінің сақталуы;  
С) тауардың пломбаларының немесе жазбаларының сақталуы;  
D) тауардың тауарлық немесе кассалық чегінің сақталуы;  
E) тауардың орама материалының сақталуы.
5. Кез-келген тұтынушының мынадай құқығы бар:  
А) өз бастамасы бойынша сапасыз өнім (жұмыс, қызмет) өндірушіге кінә қойып арыз айтуға;  
В) әлеуметтік қамсыздандыруға;  
С) жұмыс сұрауға;  
D) меншікке қол сұқпаушылыққа;  
E) еңбекті қорғауға.
6. Тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатушының міндеті болып табылады:  
А) тауарлық немесе кассалық чек беру;  
В) қосымша қызмет ұсыну;

- C) тауарды пакетке салып беру;
- D) тұтынушыны мақтау;
- E) өзінің тауарына жарнаманы басым түрде ұсыну.

7. Тұтынушыларды қорғау мынадай әдіспен жүзеге асырылады:

- A) міндетін зағтай орындауға мәжбүрлеу;
- B) сатушымен қатынасты анықтау;
- C) өнім өндірушіні қорқыту;
- D) сауда орнының иесін қорқыту;
- E) сауда орнына бақылау орнату.

8. Тұтынушылардың құқықтарын қорғауды қамтамасыз ету мақсатында мемлекеттік басқару органдары мынадай функцияларды жүзеге асыруға міндетті:

- A) әрбір тұтынушыға кеңес беруге;
- B) тұтынушыларды тиісті баспа өнімдерімен қамтамасыз ету;
- C) әрбір тұтыну құқығы бұзылған жағдай бойынша тергеу жүргізу;
- D) тұтыну құқықтар бұзылуға байланысты жағдайларды есепке алу;
- E) тұтынушыларға өзінің экономикалық мүмкіндіктерін тиімді пайдалануға жағдай жасау.

9. Тұтынушылардың құқықтарын қорғауды қамтамасыз ету мақсатында мемлекеттік басқару органдары мынадай функцияларды жүзеге асыруға міндетті:

- A) әрбір тұтынушыға кеңес беруге;
- B) тұтынушыларды тиісті баспа өнімдерімен қамтамасыз ету;
- C) әрбір тұтыну құқығы бұзылған жағдай бойынша тергеу жүргізу;
- D) тұтыну құқықтар бұзылуға байланысты жағдайларды есепке алу;
- E) қоғамдық ұйымдардың тұтынушылардың құқықтарын қорғау жөніндегі қызметіне қолдау жасау.

10. Тұтынушылардың құқықтарын қорғау ұйымдары қандай құқықтық-ұйымдық нысанда құрылады?

- A) жауапкершілігі шектеулі серіктестік;
- B) толық серіктестік;
- C) сенім серіктестігі;
- D) қоғамдық бірлестік;
- E) діни бірлестік.

## Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

### Негізгі:

- 1 Мороз С.П. Защита прав потребителей: Курс лекций. – Алматы: НИЦ КОУ, 2017. – 243 с.
- 2 Киздарбекова А.С. Кәсіпкерлік құқық. – Алматы: Дәуір, 2015. – 362 б.
- 3 Гражданское право. Том II. Учебник для вузов (академический курс) / Отв. ред.: М.К. Сулейменов, Ю.Г. Басин. Алматы, 2013. – 783 с.

### Қосымша:

- 4 Мороз С.П. Кәсіпкерлік (шаруашылық) құқық. – Алматы: Бастау, 2009. – 315 б.
- 5 Мороз С.П. Кәсіпкерлік (шаруашылық) құқық бойынша практикалық тапсырмалар. – Алматы: Бастау, 2009. – 278 б.
- 6 Гражданское законодательство. Статьи. Комментарии. Практика / Под ред. К.А. Мами, А.Г. Диденко. – Алматы: Раритет, Институт правовых исследований и анализа, 2014. – Вып. 43. - С. 14-23.

### Нормативтік құқықтық актілер:

- 7 Қазақстан Республикасының азаматтық кодексі Қазақстан Республикасының Кодексі 1994 жылғы 27 желтоқсандағы № 268-ХІІІ (жалпы бөлім) (2023.01.07. берілген өзгерістер мен толықтырулармен) // <http://online.zakon.kz/>
- 8 «Қазақстан Республикасының азаматтық кодексі» (1999 ж. 1 шілдедегі № 409-1) (ерекше бөлім) (2023.01.07. берілген өзгерістер мен толықтырулармен) // <http://online.zakon.kz/>
- 9 «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы № 518-IV Кодексі (2023.01.05. берілген өзгерістер мен толықтырулармен) // <http://online.zakon.kz/>
- 10 «Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік Кодексі» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 29 қазандағы № 375-V Кодексі (2023.01.07. берілген өзгерістер мен толықтырулармен) // <http://online.zakon.kz/>
- 11 «Жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы» 2007 жылғы 26 шілдедегі № 310-ІІІ Қазақстан Республикасының Заңы (2023.01.07. берілген өзгерістер мен толықтырулармен) // <http://online.zakon.kz/>
- 12 «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 4 мамырдағы № 274-IV Заңы (2023.01.07. берілген өзгерістер мен толықтырулармен) // <http://adilet.zan.kz/>